ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени М. АУЭЗОВА

AUEZOV
UNIVERSITY
1943

«ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМ: ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ МЕН ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ, ТЕХНИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БОЙЫНША XXVIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

XXVIII-ОЙ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ НА ТЕМУ «СОВРЕМЕННАЯ НАУКА: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И АКТУАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ» ПО ЕСТЕСТВЕННЫМ, ТЕХНИЧЕСКИМ, СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫМ И ЭКОНОМИЧЕСКИМ НАУКАМ

Том 8

3-4 сәуір / апрель 2025

Шымкент

УДК 001
ББК 72
З-21
Бас редактор: Д.Ж.Ахмед-Заки – т.ғ.д., профессор, «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті» КеАҚ-ның Басқарма төрағасы – ректор;
Редакциялық алқа мүшелері: Қ.Р.Сарықұлов – з.ғ.к, доцент, бірінші проректор м.у.а.; Е.И.Иманғалиев - ф-м.ғ.к., Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор; Ұ.С.Сүлейменов – т.ғ.д, профессор, ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор; С.К.Бейсенбаев – п.ғ.д., Басқарма мүшесі, қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор; Ғ.Ә.Бесбаев – ф-м.ғ.к., Басқарма мүшесі, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор, Б.Р.Исмаилов - т.ғ.д., «Ақпараттық жүйелер және модельдеу» кафедрасының профессоры; Р.Т.Калдыбаев – т.ғ.к., «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялануы» кафедрасының доценті; А.Т.Туленов – т.ғ.к., «Көлік, тасмалдауды және қозғалысты ұйымдастыру» кафедрасының доценті; С.П.Назарбекова – х.ғ.д., «Химия және химиялық технологиялары негіздері» кафедрасынының профессоры; А.С.Колесников - т.ғ.к., «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасының профессоры; С.А.Жолдасбекова – п.ғ.д., «Кәсіптік оқыту» кафедрасының профессоры; С.У.Карибаев – т.ғ.к., «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті; Г.К.Карбозова – фил.ғ.к., «Ағылшын тіл білімі» кафедрасының доценті; Н.Ш.Алметов – п.ғ.д., «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының доценті; А.Б.Айдарова – э.ғ.к., «Экономика» кафедрасының профессоры; Ж.Серікұлы – Phd доктор, «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының доценті; Э.П.Ким – з.ғ.к., «Қылмыстық іс жүргізу және криминалистика» кафедрасының доценті; С.А.Калкабаева – м.ғ.д., «Биология» кафедрасының профессоры; С.Т.Ахметова – ф-м.ғ.к, доцент, «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасының меңгерушісі; Ш.М.Зулпанов – тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің директоры; Ұ.Б.Назарбек – Phd доктор, академиялық ғылым департаментінің директоры; М.К.Серкебаев – т.ғ.к., доцент, ғылыми қызметті үйлестіру бөлімінің басшысы; Г.Батырбекқызы - Phd доктор, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, жас ғалымдар кеңесі төрайымының орынбасары; Е.Б.Райымбеков - Phd доктор, «Су сапасын мониторингілеу және сулы технологиялар» ғылыми-зерттеу зерханасының меңгерушісі; А.Н.Рамашова – Phd доктор, «Халықаралық туризм және сервис» кафедрасының аға оқытушысы, жас ғалымдар кеңесінің мүшесі; С.Қ.Сагинтай – студенттік Парламент төрағасы; Ж.М.Сейсенбаева – «Студенттік ғылым» бөлімінің басшысы, техникалық редактор.

«Заманауи ғылым: жас ғалымдардың жаңа тәсілдері мен қазіргі зерттеулері» тақырыбындағы жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша 28-ші республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері

Труды 28-ой республиканской студенческой научной конференции на тему «Современная наука: новые подходы и актуальные исследования молодых ученых» по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам

Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, 2025ж. Т.8 – 204 бет
Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-378-097-9

Жинаққа студенттердің жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік – гуманитарлық және экономикалық ғылымдары бойынша мақалалары енгізілген.

УДК 001
ББК 72

ISBN 978-601-378-097-9
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, 2025ж.
Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, 2025г.

ӘОЖ 541.18

ОТБАСЫ - ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҰЯСЫ, СЕНІМ МЕКЕНІ

Абдрайм Д.Ө. – ТП-23-1к тобының студенті
Айтжанова А.Б. – п.ғ.к., доцент

Әр отбасының ішінде әр мүшенің белгілі бір рөлі бар. Ата-ана – тәрбиеші, қамқоршы және үлгі болушы. Балалар – тәрбиеленуші ғана емес, сонымен қатар отбасының ішкі атмосферасын толықтыратын, оған өз үлесін қосатын жеке тұлғалар.

Отбасында рөлдердің нақты бөлінуі маңызды. Егер бір адам үнемі барлық жауапкершілікті мойнына алса, бұл күйзеліске әкелуі мүмкін. Мысалы, ана тек үй шаруасымен айналысып, әке тек материалдық қамтамасыз етумен шектелсе, бұл отбасылық теңгерімсіздікке әкеп соғады. Ал міндеттерді әділ бөлісу – отбасындағы үйлесімділіктің кілті.

Отбасындағы ең маңызды факторлардың бірі – эмоциялық байланыс. Бұл байланыс адамның өзін қауіпсіз әрі қолдау тапқандай сезінуіне ықпал етеді. Отбасы мүшелері арасында ашық әңгіме мен шынайы тыңдау дағдылары эмоциялық жақындықты арттырады. Бақытты отбасы болуға жетелейді.

Өмірде қуанышты сәттермен қатар қиын сәттер көп болады – сәтсіздіктер, түсініспеушіліктер, жанжалдар. Мұндай жағдайларда отбасы мүшелерінің бір-біріне сенімі мен қолдауы бәрінен маңызды. Сенім болмаса, отбасы ішіндегі қарым-қатынас әлсірей бастайды.

Менің өз тәжірибемде қиын сәттерде ата-анамның бір ауыз жылы сөзі немесе бауырымның кішкентай қолдауы бәрінен артық күш берген кездер болды. Сол кезде мен отбасының маңызын шынайы түсіндім. Бұл тек бірге өмір сүру ғана емес, бұл – бір-біріңнің жан дүниесін түсініп, қолдау көрсету.

Отбасы психологиясында коммуникацияның рөлі ерекше. Қарапайым әңгімелесу, бір-біріңді тыңдай білу – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтады. Көптеген дағдарыстар дәл осы дұрыс сөйлесе алмаудан, эмоцияларды іште сақтаудан туындайды.Отбасы ішінде ашық сөйлесу мәдениетін қалыптастыру маңызды. Балалар ата-анасынан қорықпай, өз сезімдерін ашық айтуға дағдылануы керек. Сонда ғана олар өмірдің басқа салаларында да сенімді әрі ашық болады. Кез келген отбасыда қиындықтар кездеседі. Бұл табиғи процесс. Бірақ маңыздысы – сол қиындықтарды қалай жеңе білуде.

Отбасындағы қарым-қатынаста көбінесе сөзден гөрі сезім маңызды. Отбасы ішіндегі қарым-қатынас – оның ең басты іргетасы болып табылады. Қанша жерден бай немесе беделді болсаң да, отбасыңда жылулық болмаса, бақытты сезіну өте қиын. Ата-ана мен бала, ерлі-зайыптылар арасындағы сенім, құрмет пен махаббат отбасы психологиясының негізі.

Менің ойымша, кейде сөздерден гөрі қарапайым әрекеттер әлдеқайда маңызды. Анаңның сағаң жасаған шайы мен дәмді асы, әкеңнің үндемей жүріп, барлық бастамаларыңда қолдау көрсетуі, бауырыңның сағаң болмашы нәрсе алып келіп қуантқаны – осы кішкентай нәрселер отбасының шынайы маңызын білдіреді.

Бала күнімде ең жақсы көретін сәтім – кешкілік ас үстінде бүкіл отбасы жиналып, әңгімелесіп отырған кездер жадымда жаңғырып тұр. Ол кезде ешкім телефонға қарамайтын, әркім өз оқиғасын айтып, күліп, кейде тіпті дауласып та алатын. Бірақ ең бастысы – бір-бірімізді тыңдайтынбыз. Қазір ойланып қарасам, бұл сәттердің шынайылығы мен жылылығы өмірдегі ең маңызды байлықтардың бірі екен.

Бақытты отбасының құпиясы – бір-біріне деген сенім мен махаббатта. Кейде күнделікті өмірдің қарбаласымен жүріп, жақындарымыздың көңілін сұрауға, қарапайым “қалайсың?” деп сұрауға уақыт таба алмай жатамыз. Бірақ шын мәнінде отбасы – бұл ең үлкен байлық.Мен үшін отбасының нағыз құндылығы – оның бір-бірін қалай қолдайтынында. Біреуіміз құласақ, екіншіміз сүйеу боламыз, біреуіміз қуанса, екіншіміз шын жүректен қуанамыз. Бұл – сөзбен жеткізе алмайтын ерекше сезім.

Отбасы – жай ғана қан туыстығы емес, бұл – рухани байланыс. Шынайы түсіністік, махаббат пен сенім бар жерде ғана отбасы бақытты бола алады. Біздің өміріміз қанша өзгерсе де, қанша жерге барсақ та, қайтып оралатын жеріміз – отбасы. Сондықтан отбасыңды бағалау, оны қорғау – әр адамның ең басты міндеті.

Өмірде көп нәрсе өзгеруі мүмкін: достар алыстайды, жұмыс ауысады, армандар өзгереді. Бірақ отбасы – бұл өзгермейтін құндылық. Ата-анаңның жылы құшағы, бауырларыңның сенімге толы көзі, үйдегі таныс иіс – бәрі де жүректің ең түкпірінде сақталатын естеліктер. Қанша қиындық көрсең де, отбасыңның қолдауы мен махаббаты сені қайтадан күш-қуатпен толықтырады.Кейде отбасын күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде қабылдап, олардың қадірін түсінбей жатамыз. Бірақ өмірдің ең тәтті сәттері – дәл сол қарапайым, бірақ жүрекке жақын сәттерде. Таңертең анаңның дайындаған шәйі, әкеңнің үнсіз ғана жай-күйіңді сұрауы, бауырыңның саған сенім артып айтқан сыры – осының бәрі өмірдің ең құнды сыйлары.Сол себепті, жақындарыңызға жиі қамқорлық көрсетіп, жылы сөз айтуға ұмтылыңыз. Өйткені, отбасы – бұл мәңгілік тірек,

өмірдегі ең сенімді қорған. Сізді сіздей қабылдайтын, қателігіңізді кешіріп, табысыңызға шын қуана алатын жандар тек отбасыда ғана табылады. Бұл дүниедегі ең үлкен бақыт – солардың жанында болу.

Әдебиеттер

1. Бердібаева С. “Отбасы және ұрпақ тәрбиесі” – Алматы: Ана тілі, 2018 – 13б.
2. Жалпы және қолданбалы психология: оқулық / ред. басқарған Қ.Жарықбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015 – 34-35 б.
3. Назарбаев Н.Ә. “Отбасылық құндылықтар және ұлттық тәрбие” – Астана: Елорда, 2016 – 45 -46 б.
4. Айтпаева А. “Қазіргі қазақ отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері” // Қазақстан педагогика ғылымдарының журналы, №3 (2019) – 12 б.
5. Байжұмаева С. “Отбасылық психология және тұлғааралық қарым-қатынас” – Алматы: Ғылым, 2020 – 50б.
6. Қазақстан Республикасының “Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы” Кодексі – 2011 жылғы 26 желтоқсан №518-IV. – 37 – 38 б.

УДК 73.753

ВЛИЯНИЕ ЛИТЕРАТУРЫ, СОДЕРЖАЩЕЙ ЭЛЕМЕНТЫ МИСТИКИ, НА МИРОВОЗЗРЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО ЧИТАТЕЛЯ

Абдуали С.А. - студентка группы ТП23 - 19к
Калбаева А.Т. - магистр, преподователь

Литература, содержащая элементы мистики, оказывает значительное влияние на мировоззрение современного читателя, расширяя его представления о реальности, стимулируя критическое и философское мышление, а также формируя эмоциональный и духовный опыт. Такие произведения побуждают задуматься о границах возможного, о сверхъестественном, судьбе, природе сознания и потусторонних силах. Зачастую они становятся катализатором духовных поисков, побуждая читателя осмыслять вопросы морали, предназначения и устройства мироздания.

Помимо этого, мистическая литература развивает воображение и креативное мышление, предлагая сложные образы, неожиданные повороты сюжета и аллегорические смыслы, которые побуждают к интерпретации и рефлексии. Для многих читателей такие книги служат источником эмоциональных переживаний: кто-то находит в них вдохновение и утешение, а кто-то сталкивается с тревогой и страхом перед неизвестным.

Кроме того, через элементы мистики популяризируются эзотерические и философские учения, способные изменить отношение человека к жизни, смерти и свободе воли. Например, «Мастер и Маргарита» М. Булгакова заставляет переосмыслить вопросы добра и зла, а творчество Г. Лавкрафта порождает размышления о границах человеческого познания. В результате подобная литература не просто развлекает, но и формирует мировоззрение, помогая читателю взглянуть на окружающий мир под новым углом.

Литература, содержащая элементы мистики, оказывает глубокое влияние на мировоззрение современного читателя. Это влияние можно рассмотреть с нескольких точек зрения:

Расширение границ восприятия

Мистическая литература затрагивает темы, выходящие за рамки обыденного опыта: сверхъестественное, потусторонние силы, судьба, тайны мироздания. Читатели начинают задумываться о вещах, которые ранее казались невозможными или несущественными, что способствует расширению их представлений о мире.

Формирование критического мышления

Соприкасаясь с мистическими сюжетами, читатели учатся анализировать границу между реальностью и фантазией. Они начинают осознавать, как определенные идеи, мифы и символы могут влиять на человеческое сознание и поведение. Это развивает способность к осмысленному восприятию информации и критическому мышлению.

Поиск смысла и духовных ценностей

Многие книги с элементами мистики поднимают философские вопросы о предназначении человека, жизни после смерти, природе сознания. Читатель, вдохновленный подобными сюжетами, может начать собственные духовные поиски или изменить свой взгляд на вопросы религии, судьбы и морали.

Влияние на эмоциональное состояние

Атмосфера таинственности и загадочности, присущая таким произведениям, может вызывать разные эмоции: от страха до восхищения. Некоторые читатели находят в таких книгах утешение, другие – источник тревожности. В любом случае, мистическая литература влияет на внутренний мир человека, заставляя его проживать новые переживания.

Развитие воображения и креативного мышления

Сложные образы, необычные персонажи и неожиданные повороты в мистических произведениях помогают развивать воображение. Это особенно важно для людей, занятых в творческих профессиях, так как нестандартные идеи вдохновляют их на создание собственных произведений.

Популяризация эзотерических и альтернативных учений

Некоторые мистические произведения способствуют распространению оккультных, эзотерических или философских концепций. Читатели, заинтересовавшись такими темами, могут углубляться в изучение различных направлений, включая теософию, магические традиции, парапсихологию.

Примеры влияния

«Мастер и Маргарита» М. Булгакова – вызывает размышления о добре и зле, религии и власти.

«451° по Фаренгейту» Р. Брэдбери – через антиутопические мотивы и элементы мистики показывает ценность литературы и свободы мысли.

«Маленький принц» А. де Сент-Экзюпери – аллегорический роман, наполненный мистическими символами, влияющий на мировосприятие людей разных возрастов.

Творчество Г. Лавкрафта – формирует специфическое космологическое мировоззрение, заставляя читателей задумываться о границах человеческого познания.

Таким образом, мистическая литература не просто развлекает, а трансформирует восприятие реальности, влияя на убеждения, эмоциональное состояние и мировоззрение современного читателя.

Литература

1. Безрукова К. С., Мальцева С. М. — «Влияние мистической литературы на современного читателя»
2. Шудейко М. Н. — «Понятие мистического в литературе и его отражение в прозе»
3. «Влияние мистической литературы на мировоззрение современного человека»
4. «Исследование влияния литературы, содержащей элементы мистики, на мировоззрение человека»
5. «Мистика в казахской и зарубежной прозе»

ӘОЖ - 451.62

ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ТАРИХИ РӨЛІН СИПАТТАУ

Абдуали С.А. – ТП23-19к
Жанболатов С.Е. – педагогика ғылымдары кандидаты, аға оқытушы

Шыңғыс хан (Темүжин, 1162–1227) – әлем тарихындағы ең ықпалды тұлғалардың бірі, Моңғол империясының негізін қалаушы және Азия мен Еуразияның саяси картасын түбегейлі өзгерткен қолбасшы. Оның тарихи рөлін бірнеше маңызды аспектілер арқылы сипаттауға болады:

1.Моңғол империясын құру

Шыңғыс хан ұсақ көшпелі тайпаларды біріктіріп, күшті әрі біртұтас мемлекет құрды. 1206 жылы ол барлық моңғол тайпаларын бағындырып, өзін ұлы хан деп жариялады. Бұл біріктіру Моңғол империясының негізін қалауға мүмкіндік берді.

2. Әскери стратегия және жаулап алулар

Шыңғысханның басшылығымен моңғол әскері бұрын-соңды болмаған аумақтарды жаулап алды. Оның әскери жетістіктері:

Қытайдағы Цзинь және Ся әулеттерін бағындыру,

Орталық Азия мен Хорезмді жаулау,

Кавказ бен Қыпшақ даласына дейінгі жерлерге билік орнату.

Ол жаңа тактикаларды қолданып, жылдамдық пен әскери тәртіпке негізделген соғыс жүргізу стратегиясын енгізді.

3. Жаңа басқару жүйесі және заңдар

Шыңғыс хан «Ұлы Жасақ» (Яса) заңдар жинағын қабылдап, мемлекетті басқарудың тиімді жүйесін жасады. Ол:

Әділдік пен тәртіпті күшейтті,

Басшылардың жауапкершілігін арттырды,

Діндерге төзімділік танытты, әртүрлі халықтардың бейбіт қатар өмір сүруіне жағдай жасады.

4. Сауда мен мәдениа лмасуды дамыту

Шыңғысханның билігі кезінде Ұлы Жібек жолы гүлденді. Оның әскери жорықтары Азия мен Еуропа арасындағы сауда байланыстарын нығайтып, мәдениеттердің өзара ықпалдастығын арттырды.

5. Мұрасының тарихи маңызы

Шыңғысханның ұрпақтары оның жаулап алған жерлерін кеңейтіп, Алтын Орда, Моғолстан, Қытайдағы Юань әулеті сияқты қуатты мемлекеттер құрды. Оның басқару әдістері кейінгі ғасырларда көптеген халықтарға әсеретті.

Шыңғысханныңөмірі мен тарихы

Шыңғыс хан (шыне сімі – Темүжин, 1162–1227) – адамзат тарихындағы еңірі жаулап алушылардың бірі, Моңғол империясының негізін қалаушы. Оның өмірі – көшпенді тайпалардың бірігуі, әскери реформалар мен әлемдік деңгейдегі жаулап алу жорықтарымен ерекшеленеді.

1. Балалық шағы мен жастық кезеңі (1162–1206)

Шыңғыс хан 1162 жылы Онон өзені бойында, моңғол тайпаларының бірі – Кират тайпасынан шыққан Есугей баһадүрдің отбасында дүниеге келген. Оның әкесі моңғол тайпаларының беделді көсемдерінің бірі болды, бірақ Темүжин тоғыз жасында әкесінен айырылып, отбасы қиын жағдайға тап болды.

Жас кезіндеТемүжин көптеген қиындықтарды бастан кешірді:

Тайпалар арасындағы қақтығыстарға байланысты ол бірнеше рет тұтқынға түсті.

Алайда, ол ақылдылығы мен қайсарлығының арқасында өз жақтастарын жинап, билікк еұмтылды.

Ол айналасындағы көшпелі тайпаларды біртіндеп бағындырып, одақтастарын көбейтті.

1206 жылы барлық моңғол тайпалары оның билігін мойындап, оны «Шыңғыс хан» (Бүкілмоңғолдардыңәміршісі) деп жариялады. Бұл оқиға Моңғол империясының құрылуының бастамасы болды.

2. Жаулапалу жорықтары (1206–1227)

Шыңғыс хан тек күшті қолбасшы ғана емес, сонымен қатар айлакер саясаткер және стратег болды. Оның басшылығымен моңғол әскері әлем тарихындағы ең үлкен империялардың бірін құрды.

Қытай жорықтары (1209–1215)

1209 жылы Таңғұт патшалығы (Си Ся) бағындырылды.

1211–1215 жылдары Цзинь әулетінің (солтүстікҚытай) астанасы Бейжің (Чжунду) басыпалынды.

Орта Азия жорығы (1218–1221)

1218 жылы Қарақытай мемлекеті жойылды.

1219–1221 жылдары Хорезмшах Мұхаммедке қарсы жорық ұйымдастырылып, Хорезм мемлекеті толықтай талқандалды. Бұхара, Самарқанд, Үргеніш қалалары жаулап алынды.

Кавказ бен Қыпшақ даласы (1222–1223)

1222 жылы моңғолдар Кавказға жетіп, Грузия мен Әзірбайжанды басып алды.

1223 жылы Қалқа өзеніндегі шайқаста орыс-қыпшақ әскерін талқандады.

3. Шыңғысханның билік жүйесі мен реформалары

Шыңғыс хан тек жаулап алушы ғана емес, сонымен қатар мемлекет құрылымын жетілдірген реформатор болды.

Әскери реформа:

Әскерондық жүйе бойынша ұйымдастырылды: ондық (арбан), жүздік (зуут), мыңдық (мингган) және түмен (он мың).

Әскердегі тәртіп қатал болды: опасыздық пен бұйрықты орындамау ауыр жазаға тартылды.

Басқару жүйесі:

Барлық тайпалар «ҰлыЖасақ» (Яса) заңымен басқарылды.

Дінге төзімділік принципін ұстанды, әртүрлі дін өкілдеріне еркіндік берді.

Мемлекеттің әкімшілік басқаруын жақсарту үшін білікті адамдарды өзіне қызметке алды.

4. Өлімі және мұрагерлері (1227)

Шыңғыс хан 1227 жылы Си Ся мемлекетіне қарсы соңғы жорығы кезінде ауыр сырқаттанып, қайтыс болды. Оның жерленген жері құпия сақталған.

Өлімінен кейін оның ұрпақтары империяны төртке бөліп басқарды:

Ұлы Моңғолхандығы – Қытай мен Моңғолия (Үгедей хан)

Алтын Орда – Қыпшақ даласы мен Шығыс Еуропа (Жошы ұрпақтары)

Шағатай ұлысы – Орта Азия (Шағатай хан)

Ильхан мемлекеті – Иран мен ТаяуШығыс (Төлеханның ұрпақтары)

5. Тарихи маңызы

Шыңғысханның билігі жаһандық деңгейде үлкен өзгерістерге әкелді:

Моңғол империясы – адамзат тарихындағы ең үлкен империялардың бірі болды.

Ұлы Жібек жолы қайта жаңғыртылып, сауда мен мәдени алмасу дамыды.

Көшпенділердің әскери жүйесі жаңа мемлекеттерге әсер етті.

Оның ұрпақтары кейінгі ғасырларда Еуразия тарихын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Әдебиеттер

1. "Моңғолдыңқұпияшежіресі" (XIII ғасыр) – Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары туралы ең маңызды ортағасырлық дереккөзі.
2. Рашид ад-Дин – "Жамиғат-тауарих" (XIV ғасыр) – Моңғол империясының тарихын қамтитын парсы дереккөзі.
3. АтаМәлікЖүйіні – "Тарих-и Жаһангуша" – Хорезмшахтар мен моңғолдардың тарихын сипаттайды.
4. Марко Поло – "Әлемніңкереметтері" – Моңғол империясының саяхаты туралы жазған еуропалық дерек.
5. Плано Карпини – "Моңғолдартарихы" – XIII ғасырдағы Батыс елшісінің жазбалары.

ӘОЖ 371.64

КІТАПХАНАДАҒЫ НЕЙРОНДЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

Абдужаппар А.Е. - ТП-23-14к тобының студенті
Тоиева М.Е. - кітапхана ісі магистрі,аға оқытушы

Нейрондық желілер – бұл ақпаратты өңдеудің қуатты құралдары, олар машиналық оқыту мен жасанды интеллектің негізінде жатыр. Кітапхана контекстінде нейрондық желілерді қолдану, мысалы, кітаптарды автоматты түрде жіктеу, мәтінді талдау немесе пайдаланушының қызығушылықтары негізінде ұсыныстар жасау үшін мүмкін.

Нейрондық желілердің дамуы бірнеше негізгі бағытта жүріп жатыр:

1. “Терең оқыту (DeepLearning)”

Бұл бағытта нейрондық желілердің тереңдігі мен күрделілігі артып, олар үлкен деректер жиынтықтарын өңдеуге қабілетті болып келеді. Конволюциялық және рекурренттік нейрондық желілер ерекше танымал.

2. “Табиғитілдерді өңдеу (NLP)”

Нейрондық желілер мәтіндерді түсіну, аудару, сұрақтарға жауап беру сияқты міндеттерді шешуде қолданылуда. Трансформер архитектурасы, мысалы, GPT және BERT, осы бағытта үлкен жетістіктерге жетті.

3. “Генеративтімодельдер” Генеративтіқарсыжелілер (GAN) мен вариациялық автокодерлер (VAE) суреттер, музыка және мәтіндерді генерациялау үшін кеңінен қолданылады.

4. “Интерпретируемость және әділеттілік”

Нейрондық желілердің шешімдерін түсіну және оларды әділетті ету мәселелері қазіргі уақытта зерттелуде, себебі бұл технологиялардың қолданылуы этикалық және әлеуметтік мәселелерді тудырмауы тиіс.

5. “Мультимодальді модельдер”

Бірнешетиптегі деректерді (мысалы, мәтін, сурет, дыбыс) біріктіретін модельдер дамуда, бұл олардың қолдану аясын кеңейтеді.

6. “Кванттық есептеу”

Кванттық нейрондық желілер, кванттық есептеудің артықшылықтарын пайдаланып, жаңа мүмкіндіктерді ашуға бағытталған.

Бұл бағыттар нейрондық желілердің тиімділігін арттыруға, қолдану аясын кеңейтуге және олардың қоғамға әсерін жақсартуға көмектеседі.

Библиографиялық қызмет көрсетуде жаңашылдықтар бірнеше бағытта байқалады:

1. “Цифрландыру” Кітапханалардың және ақпараттық ресурстардың цифрландырылуы, электронды каталогтар мен базалардың пайда болуы, пайдаланушыларға ақпаратты онлайн режимінде қолжетімді ету.

2. “Автоматтандыру”Библиографиялық қызмет көрсету процесін автоматтандыру, соның ішінде автоматты түрде библиографиялық сипаттамаларды жасау және ресурстарды басқару жүйелерін енгізу.

3. “Машиналықоқыту”

Пайдаланушылардың сұраныстарын талдау үшін машиналық оқыту әдістерін қолдану, бұл ақпаратты ұсынуды жеке етуге мүмкіндік береді.

4. “Виртуалды және ұялы қызметтер”

Виртуалды библиографиялық қызметтер, чат-боттар мен мобильді қосымшалар арқылы пайдаланушыларға ақпараттық қолдау көрсету.

5. “Ашықғылым”

Ашық деректер мен ғылыми жарияланымдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, бұл зерттеушілер мен пайдаланушылар үшін библиографиялық ақпаратты оңай табуға мүмкіндік береді.

6. “Көптілділік”

Библиографиялық қызметтердің көптілділігі, халықаралық пайдаланушыларға қызмет көрсету үшін.

7. “Кросс-дисциплинарлық қызметтер”

Ресурстарды әртүрлі пәндер мен салалар бойынша интеграциялау.

Бұл жаңашылдықтар библиографиялық қызмет көрсетуді тиімдірек, қолжетімдірек және пайдаланушыға бағытталған етеді.

Соңғы уақытта цифрландырудың кітапханаларға әсері айтарлықтай өзгерістер мен жетілдірулер әкелді:

1. Ақпаратқа қолжетімділік: Цифрлық ресурстар мен электронды кітапханалар арқылы пайдаланушыларға кез келген уақытта және кез келген жерде ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі пайда болды.

2. Ресурстарды басқару: Цифрландыру кітапханалардың ресурстарын тиімді басқаруға, автоматты каталогтау және деректерді жаңарту процесін жеңілдетуге мүмкіндік берді.

3. Пайдаланушы тәжірибесі: Онлайн каталогтар мен цифрлық сұраныс жүйелері пайдаланушыларға кітаптарды, мақалаларды және басқа ресурстарды оңай іздеуге мүмкіндік береді, бұл қызмет көрсету сапасын арттырады.

4. Көптеген форматтар: Кітапханалар физикалық кітаптардан электронды форматтарға, аудиокітаптарға және видео материалдарға көшу барысында, контенттің әртүрлі түрлерін ұсына алады.

5. Интерактивтілік: Цифрлық платформалар арқылы кітапханалар вебинарлар, онлайн-курстар және виртуалды көрмелер ұйымдастыра алады, бұл пайдаланушылармен байланысты нығайтады.

6.Деректерді талдау: Цифрландыру кітапханаларға пайдаланушылардың қызығушылықтарын, оқылым әдеттерін және сұраныстарын талдауға мүмкіндік беріп, қызметтерді жеке1Ȼ етуге мүмкіндік береді.

7. Оқу мен зерттеуді қолдау: Цифрлық ресурстар зерттеушілер мен студенттер үшін білім алуға, ғылыми жұмыстарды жүргізуге және ақпаратпен алмасуға көмектеседі.

8. Кітапхана қызметкерлерінің рөлі: Цифрландыру кітапхана қызметкерлерінің рөлін өзгертті, олар тек ақпаратты ұсынушы ғана емес, сонымен қатар цифрлық сауаттылықты дамытуда және ақпараттық білім беруде маңызды рөл атқарады.

Бұл өзгерістер кітапханалардың қоғамдағы рөлін нығайтып, ақпараттық ресурстарға деген сұранысты тиімді әрі заманауи түрде қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Нейрондық желілердің негізінде бэкпропагация алгоритмі жатыр. Бұл алгоритм желінің қателіктерін анықтап, оларды түзетеді. Әрбір нейронға арналған салмақтар кезең-кезеңімен жаңартылып отырады, бұл желінің тиімділігін арттырады. Жасырын қабаттармен жұмыс істейтін көп қабатты нейрондық желілер әсіресе күрделі тапсырмаларды орындауда жоғары нәтижелер көрсетеді.

Нейрондық желілердің қолданылуы

Нейрондық желілер қазіргі уақытта көптеген салаларда қолданылады. Олардың ең көп қолданылатын салаларының бірі – компьютерліккөру. Мысалы, нейрондық желілер бейнелерді тану, объектілерді анықтау, адамның бет-әлпетін тану және басқа да көптеген тапсырмаларды орындауда тиімді пайдаланылады. Сонымен қатар, текстіөңдеу (Natural Language Processing, NLP) саласында да нейрондық желілердің рөлі ерекше. Олар мәтіндерді автоматты түрде аудару, сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау, чат-боттар мен виртуалды көмекшілердің жұмысын қамтамасыз етеді.

Нейрондық желілердің болашағы өте жарқын. Олардың дамуы мен қолдануаясы барған сайын кеңейіп келеді. Болашақта нейрондық желілердің медициналық диагностикада, қаржы секторында, білім беру саласындажәне күнделікті өмірде қолданылуы күтілуде. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің қауіпсіздігі мен этикалық аспектілері де маңызды мәселелер болып табылады, сондықтан бұл бағытта ғылыми зерттеулер жалғасуда.

Қорытынды

Нейрондық желілер – жасанды интеллекттің негізі болып табылатын қуатты құрал. Олар үлкен деректерді өңдеу және болжау, кескіндерді тану, табиғи тілдермен жұмыс істеу сияқты маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта нейрондық желілердің әсері мен мүмкіндіктері тек арта түспек.

Әдебиеттер

1. Ахметова, Г. Ж. "Қоғамдағы кітапхананың рөлі" – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. "Жасанды интеллект: теориясы мен тәжірибесі" (авторлар: Қ. Байшоланұлы, Ә. Ысқақов, Б. Әлімбеков)
3. "Жасанды интеллект және машиналық оқыту" (автор: Н. Сейтқазиев)
4. "Ғылыми жұмыстар мен мақалалар "

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Абдумаликова З. – оқушы
Дильдабекова С. – мұғалім
Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зертелеген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

1. Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

2. Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;

3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтар.

4. Тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер.

Алғашқы топтама еңбектің тарихнамалық тізгінін Ә.Диваевтың еңбегін талдаудан бастайық. Ол өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады.

Ә.Диваев алғашқы топтағы ойын түріне рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындарды, екінші топтамадағы дәстүрлі ойындарға қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Ізденуші этнографтың дәлелдеуінше, халық ойындары балалардың іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар денсаулығын шыңдауда тездетуші үрдіс әрекетін атқарады. Ә.Диваев: «Как киргизы развлекают детей» деген мақаласында: «бала бас бармағын көтеріп оған пайғамбарымыз не дейді деп көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған», - дей келіп, «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын алға тартады және аталған мақалада саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шығықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығы сөз етіледі.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады.

Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шығықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының түрлері:

Жұдырықтасу. Бұл уақыт сапарында жоғалған, бірақ қазір қайта жанданған қазақша күрестің түрі. Ол ушу-саньда, каратэ, бокс, дзюдо, самбо, тай боксы және казақша күрестің құрам бөліктерін қамтиды. Жұдырықтасудың қайнар бастауы Шыңғыс ханның баласы Жошы ханның билік еткен тұсына сай келеді (1182 жыл). Жошы ханның әскеріне түрік әскери өнеріне жаттыққан қыпшақтар таңдалып алынған. Олар жастайынан жаттықтырушы – аталықтармен тәрбиеленіп, өз елінің қайсар сарбаздарына айналған.

Шабандоздық. (түрікше «жігіт» — шебер, батыл, ұста салт атты) — ат үстіндегі әскери өнерге баламалы жарыс, бұл ретте жігіт түрлі акробатикалық және гимнастикалық амалдар жасайды. Спорттық және цирктік болып екіге бөлінеді. Бұл өнер вольтижировканың туындауына негіз болған. Спорттық шабандоздықта жаттығулар ұзындығы 360 м, ені шамамен 10 м құрайтын түзу жолмен шауып келе жатқан аттың үстінде жасалады.

Сұңқар салған аңшылық. Аң аулау барысында жыртқыш құстарды қолданатын кәсіптің түрі. Бұл аңшылықты аңға салатын құстың түріне байланысты атау қалыптасқан: бүркіт не сұңқар салған аңшылық. Құс салған аңшылықтың ерекшелігі сол (аңсұңқар, сапсан, лашын) – бұл құстар шапшаңдық және ірі, айласы бар құстардың өзін алудағы дәлдігімен дараланады. Сұңқар нысанды байқаған кезде сағатына екі жүз километрге дейін жететін лездікті дамытады. Аңға ол бар денесімен әрі мықты тырнақтарымен ұмтылады. Бұл талпыныстың күштілігі сондай, үйректің мойнын бірден жұлып түседі (интернет материалдарынан алынған).

Көкпар. Бұл қауіпті спорттың түрі. Мұндаептілік, қайсарлық, салт атты мен аттың шеберлігі сынға түседі. Бұл өнердің атауы «көк бөрі» - бөрібасар деген сөзге сәйкес келеді. Сондықтан болар, ойын барысында нағыз аңдық сезімдер оянады, себебі бүкіл жылдамдықпен шауып келе жатқанда, нысанды іліп әкетіп, сағатына шамамен 70-80 км жылдамдықпен ілестіру керек. Бұл ретте өзге тап беретіндерден қорғап қалу қаупі тағы баршылық. Көкпар – көпшілік қатысатын ойын. Бұл жерде барлығы да ешкініептілікпен қармау мен қарсыластың «қазанына» дәл түсіру мақсатында алаңға шығады.

Бәйге. Ең белгілі және кең таралған ат спортының түрі. Ол өңірлік деңгейде қысқа және орта қашықтыққа атпен шабу немесе жалпы мәреден басталатын ұзақ қашықты қамтитын жарыс түрі. Дәстүрлі қашықтық: 7,12 және 16 км. 7 км қашықтықты қамтитын бәйге жылқы өсіретін зауыттардың ат спорты ойыны жарыстарының міндетті қашықтығы болып саналады.

Қыз қуу. Ұлттық ат спорты ойыны, 300-400 м қашықтықта орналасқан ипподром жолдарында өткізіледі. Мәреге бір-бірінен 10 м аралықта алыстатып қойылған екі жылжымалы жалау тігіледі. Ойынның мазмұны бойынша бірінші жағдайда, жігіт қызды қуып жетуге тырысады. Егер ол қуып жетсе, жеңімпаз болып танылады және оған тұлпар үстінде отырып қызды сүю құқығы беріледі. Егер қыз кейінгі жолда жігітті қуып жетсе, ол жеңімпаз болып танылады да, оған епсіз жігітті қамшымен ұру құқығы беріледі.

Аударыспақ. Ат үстіндегі күрес, оның мақсаты – қарсыласты аттан құлату. Оған тек дене күші көп, епті, шыдамды және аттың үстінде сенімді отыратын ересек ер адамдар қатысады. Әдетте, мұндай шеберлер жарысқа ауыл және әулет атынан тағайындалып отырған.

Қазақша күрес. Халық арасында кең таралған және әйгілі болған ойындардың бірі – қазақша күрес. Оның өзге түрлері Орта Азияның түрлі халықтарының арасында да кездеседі. Алғашқыда күрестің барлық түрлері қоян-қолтық шайқасу қажеттілігінен туындаса керек. Қазақша күрес белгілі балуандар арасында барлық думандарда өткізіліп тұрған. Балуандардың барлығына шалу, тұрып лақтыру және құлату, айналдырып және іліп құлату сияқты әр түрлі әдіс-тәсілдер белгілі болған. Қазақша күрестің партерде өткізілмей, тек тұрысатын күйде және белбеуде жүзеге асатыны – осы сияқты басқа ойындардан айрықшаланатын ең басты ерекшелігі.

Осылайша, бағзы заманда қазіргі ұлттық ойындардың көпшілігі жауынгерлік рух пен шеберлікті тәрбиелеудің аралық жаттығуы ретінде есептелген. Пысықтық пен асқан қайсарлықты көпшілікке паш ету арқылы бозбалалар әскери өнер машықтарын игерген, жангешті жігіттер мен қарасақалдар өз өнерін шыңдаған, ал ақсақалдар бұл өнерге баға беріп, өздерінің ақ тілектері – бата арқылы ұлы дала батырларын ержүрек жеңістерге бастаған.

Әдебиеттер

1. Құрманбаева С.К. Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі / Қазақстан мектебі. - Алматы, 2004.
2. Несіпбаев Б.К. Ұлт мәдениеті мен өнері / Білім. - Алматы, 2003.
3. Атабаев А.С. Ұлттық ойындар - халық мұрасы /Ұлт тағылымы. – Алматы, 2006.
4. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты / Ана тілі. - Алматы 1995.
5. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары / Оқулық. - Алматы, 1991.
6. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары / Оқулық. - Алматы, 1994.

УДК:37.013:373.2.

ОСОБЕННОСТИ УСТНОЙ И ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ

Азимова Д.А. - студентка группы ТП 23-10р
Тогатай М.М. - магистр, старший преподаватель

Устная и письменная формы речи представляют собой вид временных связей второй сигнальной системы, но, в отличие от устной, письменная речь формируется только в условиях целенаправленного обучения, т.е. ее механизмы складываются в период обучения грамоте и совершенствуются в ходе дальнейшего обучения.

Овладение письменной речью представляет собой установление новых связей между словом слышимым и произносимым, словом, видимым и записываемым, т.к. процесс письма обеспечивается согласованной работой четырех анализаторов: речедвигательного, речеслухового, зрительного и двигательного.

Письменная речь - одна из форм существования языка, более поздняя по времени ее возникновения, чем устная речь. Однако для различных форм языковой деятельности первичной может быть как устная, так и письменная речь. Письменная речь не только совершила переворот в методах накопления, передачи и обработки информации, но изменила и самого человека, в особенности его способность к абстрактному мышлению.

В понятие письменная речь в качестве равноправных составляющих входят чтение и письмо.

Письмо есть знаковая система фиксации речи, позволяющая с помощью графических элементов передавать информацию на расстоянии и закреплять ее во времени. Любая система письма характеризуется постоянным составом знаков.

Садовникова И.Н. определяет круг вопросов, который позволяет проследить воздействие ряда онтогенетических факторов на формирование письменной речи, а именно: становление механизмов устной речи и эволюция пространственного различения у нормально развивающегося ребенка. Первый ряд вопросов связан с тем, что письменная речь использует готовые механизмы устной речи. Выделение второго ряда связано с пониманием того, что чтение не сводится к связыванию письменных знаков с соответствующими звуками, это сложный процесс, в котором принимают участие высшие психические функции. Процесс чтения включает в себя, как *фонетический* процесс, так и *семантический*, то есть понимание прочитанного, при этом перевод письменной речи в устную. Что происходит в нашей голове когда мы читаем? Глаза воспринимают буквы, которые складываются в слова, которые составляют предложения и получается текст который доносит до читателя определенную мысль. При обработке текста наш мозг через ассоциации и сопоставления переводит графические знаки в предметы нашего окружающего мира. Слова сам по себе не вызывают у человека никаких эмоций или чувств. Но значения слов, предложений рождают в нашем сознании образы, картинки. Воображение помогает наполнить их красками и различными деталями.

Сенсомоторной основой психического развития ребенка являются координации между глазом и рукой, между слухом и голосом (А. Валон). Формирование речевой функции в онтогенезе происходит по

закономерностям, определяющим последовательное и взаимосвязанное развитие всех сторон речевой системы (фонетической стороны, лексического запаса и грамматического строя).

Функция слухового анализатора формируется у ребенка значительно раньше, чем речедвигательного: прежде чем звуки появятся в речи ребенка, они должны быть дифференцированы им на слух. В первые месяцы жизни ребенка звук сопровождает непроизвольную артикуляцию, возникая вслед за движениями органов артикуляционного аппарата. В дальнейшем соотношение между звуком и артикуляцией в корне меняется: артикуляция становится произвольной, соответствуя звуковому выражению (Н.Х. Швачкин).

Для овладения письменной речью имеет существенное значение степень сформированности всех сторон речи. Нарушение звукопроизношения, фонематического и лексико-грамматического развития могут найти отражение в чтении и письме.

Как отмечал П.Ф. Лесгафт, каждая сознательная работа требует серьезного понимания значения пространства и времени и умения справляться с этими соотношениями не по книге, а на деле. Для проблемы нарушений письменной речи этот вопрос имеет существенное значение.

Литература

1. Айвазян, О. О. Изложение как важная форма развития русской связной письменной речи учащихся начальных классов [Текст]
2. Айнетдинова, И. Г. Особенности механизмов письменной речи у детей (теоретический аспект) [Текст] : И. Г. Айнетдинова, Н. М. Трубникова // Специальное образование. – 2008. – № 12. – С. 9-17.
3. Апетян, М. К. Психологические и возрастные особенности младшего школьника [Текст] : М. К. Апетян // Молодой ученый. – 2014. – №14 (73). – С. 243-244.

УДК 379.112.4

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Акчурина Р. - студентка группы гр.ТП-22-13р
Корнилко И.А. - к.п.н., доцент

Младший школьный возраст - это возраст интенсивного интеллектуального развития. Интеллект опосредует развитие всех других видов деятельности; происходит интеллектуализация всех психических процессов, их осознанность и произвольность - осознание собственных изменений в результате овладения учебной деятельностью.

Для современного ребенка учитель - не единственный передатчик знаний в полном смысле этого слова. Задача учителя - создать условия, при которых в процессе обучения ребенок с помощью и содействием учителя отходит от монотонной деятельности по запоминанию и воспроизведению изучаемого материала и переходит к активной самостоятельной умственной работе. В младшем школьном возрасте основным видом деятельности становится познавательная, возникающая в результате игровой деятельности, которая не становится важной частью жизни ребенка в возрасте 7-11 лет. Обучение в начальной школе только начинается, и поэтому его следует охарактеризовать как развивающую деятельность. Младший школьный возраст несет основную нагрузку по формированию учебной деятельности, поскольку в этом возрасте формируются основные компоненты учебной деятельности - учебная активность, контроль и самоконтроль. В этом возрасте игра занимает второе место после учебной деятельности и существенно влияет на развитие детей. Игровая деятельность влияет на формирование целей обучения. Дети 3-5 лет получают удовольствие от процесса игры, а дети 6-10 лет - не только от самого процесса, но и от результата, то есть от победы. В мотивации к игре акцент смещается с процесса на результат; кроме того, развивается мотивация к достижению. В этом возрасте важно, чтобы младший школьник получал достаточное количество развивающих игр и имел время попрактиковаться в них.

Спорт - это уникальное явление общечеловеческой культуры, это одновременно развивающая деятельность, форма жизни, сфера социализации, безопасности, самореализации, сотрудничества, общения со взрослыми и посредник между миром ребенка и миром взрослого. Обучающая игра приносит радость и пользу ученику и способствует его успешному развитию, когда учитель хорошо разбирается в условиях продуктивного использования игры для организации школьного образования. Ключом к любой игре является победа. Эта игра развивает такие важные качества, как внимание, усидчивость, память, настойчивость и упорство в достижении целей. Помимо всего этого, игра развивает коммуникативные навыки, логическое мышление и учит предвидеть последствия своих действий и действий окружающих. С помощью игры учитель надеется помочь детям организовать внимание, повысить их активность и запомнить учебный материал.

Игра становится осмысленной и целенаправленной деятельностью. По мере роста ребенка меняется и характер целей, которые он ставит перед собой в игре. Если раньше цели носили имитационный характер, то позже они приобрели значение осознанных и мотивированных целей. Для достижения своих игровых целей

ребенок выбирает необходимые ему средства (сверстников, игрушки), выполняет действия и вступает во всевозможные взаимоотношения с игроками. Дети договариваются о теме и содержании игры, определяют роли и планируют свою игровую деятельность. Это указывает на намеренный характер игры. Игра характеризуется самоконтролем действий и поведения игроков. Проявления детской игры регулируются определенными требованиями и правилами,

Игровая деятельность - это особая сфера человеческой деятельности, в которой человек не преследует никаких иных целей, кроме получения удовольствия, услады от проявления физической и духовной энергии.

Природа создала игры для детей, чтобы подготовить их ко всем аспектам жизни. Таким образом, они генетически связаны со всеми видами человеческой деятельности и служат особенно подходящей для детей формой познания, работы, общения, искусства и спорта. Отсюда и названия игр: развивающие и интеллектуальные, строительные, трудовые, коммуникативные, музыкально-художественные, театральные, активные и спортивные.

В классификации игр Газмана [1] рассматриваются наиболее общие признаки игрового типа.

1. Занятия спортом на открытом воздухе-важный инструмент физического воспитания детей младшего школьного возраста. Они всегда требуют от игроков активной двигательной активности для достижения условных целей, установленных Правилами. Специалисты считают, что главной особенностью уличных видов спорта для школьников является их соревновательный, творческий и коллективный характер. Они демонстрируют способность работать в команде в постоянно меняющейся среде. Важность занятий спортом на свежем воздухе в нравственном воспитании огромна. Они развивают дружеское сотрудничество, взаимопомощь и чувство ответственности за действия друг друга.

2. Ролевые игры (иногда их называют ролевыми играми-повторами) занимают особое место в нравственном воспитании ребенка. Они в основном коллективные, поскольку отражают характер отношений в обществе. Они делятся на ролевые игры, драматические игры и режиссерские игры. Сюжет может включать театрализованные детские праздники, карнавалы, строительные игры и игры с элементами работы. Эти игры, основанные на жизненном или художественном опыте, свободно и независимо воспроизводят социальные отношения и материальные объекты или создают фантастические ситуации, не имеющие аналогов в жизни. Основными элементами ролевой игры являются тема, содержание, вымышленные ситуации, сюжет и роль.

3.Теперь они появились и все чаще используются в обучении компьютерным играм. 3. Компьютерные игры имеют преимущество перед другими видами игр: они наглядно демонстрируют возможности игры для решения проблем, таких как динамическое отражение результатов совместной деятельности и общения героев, их психологическая реакция на сложные успехи и неудачи, достигнутые в жизни. Примерами таких игр являются фольклор и произведения искусства. В некоторых случаях дети учатся нравственному поведению в различных жизненных ситуациях. Подобные игры помогают избежать клише и ценностей, оценивая поведение разных персонажей в разных ситуациях. Фактически, дети учатся использовать средства массовой информации, общаться и выражать эмоции. Все компьютерные игры для детей должны быть морально и позитивно ориентированы, содержать элементы новизны, но ни в коем случае не должны быть агрессивными и жестокими. Давайте подробнее рассмотрим так называемые развивающие игры.

4. Развивающие игры отличаются образовательным содержанием, познавательной деятельностью детей, игровой деятельностью и правилами, организацией и общением детей, ролью учителя. Эти характеристики являются общими для всех игр, но в одних они более очевидны, в других они различаются по-разному. В современной игре ребенок начинает видеть себя со стороны, сравнивая себя с другими, и сталкивается с неизбежностью согласования своих действий с другими детьми. Здесь ваша активность и инициативы неизбежно противоречат организации и дисциплине. Все дети разные. Они удивляют нас своим уникальным поведением, интересами, способностями и склонностями. Нет двух одинаковых детей, даже близнецы отличаются друг от друга, и у них также есть различия в отношении и отношении к любимым занятиям. Поэтому методы обучения должны отличаться не только с педагогической, но и с психологической стороны.

В современной игре ребенок начинает видеть себя со стороны, сравнивая себя с другими, и сталкивается с неизбежностью согласования своих действий с другими детьми. Здесь его действия и инициативы непреднамеренно противоречат организации и дисциплине. Все дети разные. Они удивляют нас своим уникальным поведением, интересами, способностями и склонностями. Абсолютно одинаковых детей нет, даже близнецы отличаются друг от друга своим отношением и отношением к любой деятельности. Поэтому методика обучения должна отличаться не только образовательно, но и психологически.

Включение игровых моментов и юмора в урок делает процесс обучения более увлекательным и интересным, создает у детей энергичное рабочее настроение и помогает справиться с трудностями усвоения учебного материала. Различные игровые занятия, помогающие решить психологические проблемы, повышают интерес детей к содержанию и знаниям окружающего мира. Слух, зрение, моторика, интересные вопросы, юмористические задания и неожиданные моменты способствуют повышению познавательной активности.

Учитывая результаты исследований, проведенных в этой области, мы считаем, что игровая деятельность младших школьников-это деятельность, направленная не на конкретный результат, а на сам процесс: правила, ситуации, воображаемую среду. Рамки игровой деятельности включают постановку целей,

планирование, достижение целей, а также анализ результатов, в которых человек полностью реализует себя как субъект. Мотивация игровой деятельности обеспечивается ее силой воли, вероятностью выбора и элементом соперничества, отвечающим требованиям уверенности в себе и самореализации.

Литература

1. Газман О.С. Харитонова Н.Е. В школу - с игрой. - М.: Просвещение, 2014. - 96

УДК 008(075.8)

ХОЛОДНАЯ ВОЙНА И ПАДЕНИЕ БЕРЛИНСКОЙ СТЕНЫ: ВЛИЯНИЕ НА ГЛОБАЛЬНУЮ ПОЛИТИКУ И ОБЪЕДИНЕНИЕ ГЕРМАНИИ.

Алиева С.А. – студент группы ТП-23-19р
Мирзамсеитова Г.Е – старший преподаватель

Холодная война — важнейший конфликт XX века, определивший мировой порядок. Противостояние СССР и США разделило мир, вызвав гонку вооружений и локальные войны. Падение Берлинской стены в 1989 году стало поворотным моментом, ознаменовав окончание Холодной войны, объединение Германии и новая система международных отношений. В статье рассматриваются причины Холодной войны, ее идеологические корни, роль Фултонской речи Черчилля, кризисные события, приведшие к строительству стены, а также влияние на жизнь граждан ГДР и ФРГ. Особое внимание уделяется дипломатическим аспектам процесса и его последствиям для мировой политики.

После окончания Второй мировой войны мир оказался разделен между двумя идеологическими блоками. США и их союзники выступали за демократию и рыночную экономику, в то время как СССР распространял социалистическую модель управления. Германия, проигравшая войну, оказалась в эпицентре этого противостояния, а Берлин стал его главным символом.

После 1945 года Германия была разделена на четыре оккупационные зоны (США, СССР, Великобритания и Франция). В 1949 году возникли два отдельных государства: ФРГ (Федеративная Республика Германия) — западное государство с рыночной экономикой и демократической системой.
ГДР (Германская Демократическая Республика) — социалистическое государство под контролем СССР. Берлин, расположенный в советской зоне, также был поделен на Восточный (ГДР) иЗападный (ФРГ) сектора.

Западный Берлин представлял собой “остров свободы” внутри социалистической ГДР. С 1949 по 1961 год около 3,5 миллионов человек покинули ГДР, перебравшись в Западный Берлин, что угрожало экономике социалистического государства.

“Мы не можем позволить себе дальнейшую утечку мозгов. Нам необходимо защитить социалистическую Германию от разрушительного влияния Запада.” — Вальтер Ульбрихт, лидер ГДР.
В ночь с 12 на 13 августа 1961 года власти ГДР при поддержке СССР начали строительство стены длиной 155 км, отделяющей Западный Берлин от остальной территории ГДР. Первоначально это был забор из колючей проволоки, но вскоре его заменили бетонные блоки высотой до 4 метров. Жизнь в разделенной Германии. ФРГ: Западный Берлин и капиталистическое процветание ФРГ получила значительную помощь от США по плану Маршалла, что способствовало “немецкому экономическому чуду”.

В ГДР жизнь проходила под жестким контролем Штази — одной из самых мощных спецслужб в истории. Экономика была плановой, товары дефицитными, а свобода слова отсутствовала. Любые попытки покинуть страну жестоко подавлялись: более 200 человек погибли при попытке пересечь Берлинскую стену.

“Берлинская стена не только разделила город, но и разрушила семьи, судьбы и надежды.” — свидетель очевидец.

К концу 1980-х годов в СССР началась перестройка под руководством Михаила Горбачева. Одновременно в Восточной Европе начались народные протесты. 9 ноября 1989 года власти ГДР объявили об открытии границы. Толпы людей хлынули к стене, и уже в ту же ночь началось ее разрушение.

“Мы обрели свободу и единство. Теперь мы снова одна страна.” — Гельмут Коль.
Берлинская стена стала не только физической границей, но и ареной глобального противостояния. В 1962 году разразился Карибский кризис, едва не приведший к ядерной войне. Конфликт во Вьетнаме, Афганистане и гонка вооружений ещё больше усилили напряжённость между СССР и США.

Но к концу 1980-х годов ситуация изменилась. Советский Союз ослаб, а в Восточной Европе начались народные протесты. Михаил Горбачёв провозгласил политику перестройки и отказался от вмешательства во внутренние дела социалистических стран.

Падение Берлинской стены и объединение Германии оказали значительное влияние на глобальную политику, завершив эпоху Холодной войны и изменив баланс сил в мире. 12 сентября 1990 года был подписан Договор «2+4», закрепивший суверенитет объединённой Германии и установивший ограничение её вооружённых сил. Это соглашение сыграло ключевую роль в стабилизации Европы и окончательном завершении конфронтации между Востоком и Западом.

После падения стены страны Восточной Европы начали активно интегрироваться в западные структуры. НАТО расширило своё влияние, а Европейский Союз принял в свой состав бывшие социалистические государства. Мир перестал быть биполярным: США остались единственной сверхдержавой, а СССР начал распадаться. Подписание договоров о разоружении, таких как СНВ-1 и ДОВСЕ, способствовало сокращению ядерных арсеналов и снижению угрозы глобального конфликта.

Освобождение Восточной Европы дало толчок демократическим реформам в странах Варшавского договора. В 1989 году в Чехословакии прошла «бархатная революция», приведшая к свержению коммунистического правительства. В Польше и Венгрии также произошли мирные политические перемены, что позволило этим странам позже вступить в НАТО и ЕС. Завершением этого процесса стала Парижская хартия для новой Европы (1990), подписанная 34 государствами, включая СССР и США. Этот документ закрепил принципы демократии, коллективной безопасности и рыночной экономики, окончательно оформив новый мировой порядок.

Падение Берлинской стены стало не просто концом Холодной войны оно перевернуло весь мировой порядок. Это был момент, когда мир осознал: стены, которые разделяют страны, идеологии и судьбы, рано или поздно рушатся.

Германия, долгие десятилетия разорванная надвое, нашла в себе силы объединиться, став примером для всего мира. Это объединение доказало, что даже самые глубокие противоречия можно преодолеть ради общего будущего. Да, путь был нелёгким: экономические и социальные вызовы, недоверие и воспоминания о прошлом. Но Германия справилась, показав, что стремление к единству сильнее любых барьеров.

Падение стены ознаменовало завершение биполярного мира. Оно открыло новую эпоху сотрудничества, демократии и интеграции. Вдохновлённые этими событиями, страны Восточной Европы начали свой путь к свободе, а НАТО и ЕС укрепили своё влияние, создавая новую архитектуру безопасности. -"Снести стену на улице просто, сложно снести стену в голове."

Литература

1. ТоленД.Дж., Баруччи М.А. Астероиды II (редакторы Р.П. Бинзель, Т. Герелс, М.С. Мэтьюз) (Тусон:Издательство Университета Аризоны, 1989) С. 298
2. Luu J Asteroids, Comets, Meteors (Eds H Milani, M Di Martino, A Cellino) (Dordrecht: Kluwer, 1993) P. 31
3. Shoemaker E M, Williams JG, Helin E F, Wolfe RF Asteroids Ed. T Gehrels (Tucson: University of Arizona Press,
1. 1979). C.
4. Tholen D J, Barucci MA Asteroids II (Eds R P Binzel, T Gehrels, MS Matthews) (Tucson: University of Arizona Press, 1989) P. 298
5. Ostro SJ Asteroids II (Eds R P Binzel, T Gehrels, M S Matthews) (Tucson: University of Arizona Press, 1989) P. 192

УДК 911.7

РЕСУРСЫ АСТЕРОИДОВ: БУДУЩЕЕ КОСМИЧЕСКОЙ ЭКОНОМИКИ

Алиева С.А. – студент группы ТП-23-19р
Утеева Д.А. – магистр, преподаватель

Менее 100 лет назад люди впервые покинули пределы Земли, а сегодня они уже обсуждает колонизацию Марса, строительство баз на Луне и добычу ресурсов в открытом космосе. Технологии развиваются с невероятной скоростью и открывают новые горизонты. Когда-то освоение других планет казалось научной фантастикой, то теперь вопрос заключается не в том, возможно ли это, а в том, когда и как мы сможем сделать это реальностью.

Одним из самых перспективных направлений космической индустрии становится добыча полезных ископаемых на астероидах. Запасы редкоземельных металлов, никеля, железа, платины, золота и воды на Земле постепенно истощаются, а спрос на них растёт с каждым годом. Современная промышленность, развитие высоких технологий и рост населения требуют всё больше ресурсов, и альтернативных источников на Земле просто не существует. Космос, напротив, предлагает нам практически безграничные запасы минералов и элементов, которые могут использованы как на Земле, так и для межпланетных миссиях.

Первыми идут разведчики-старатели, и так было в течение всей истории», отмечает Чед Андерсон, управляющий директор Space Angel Network, сети для первых инвесторов, которые предлагают доступ к зарождающейся индустрии частных полетов в космос.

Астероиды - это остатки первичного материала, из которого формировалась Солнечная система.Они распространены повсюду: многие пролетают совершенно рядом к Солнцу, другие найдены поблизости с орбиты Нептуна. Огромное количество астероидов собрано между Юпитером и Марсом они сформировывают так называемый Пояс астероидов. Многие из них содержат воду и высокие концентрации металлов,в том числе серебро, железо, золото, индий, платину,свинец, кобальт, цинк, медь, олово и других

полезных ископаемых, которые могут быть использованы в различных отраслях промышленности. Они разделяются на несколько типов в связи с собственного состава:

1.Углеродные (C-тип) —более известные астероиды, содержащие значительное количество воды, углеродных сочетаний и органических молекул. Они имеют все шансы стать ключевым источником воды для предстоящих космических миссий.

2.Силикатные (S-тип) —включают в себя значительные запасы никеля, железа, магния, а кроме того силикатных минералов, которые могут использоваться в строительстве и производстве.

3.Металлические (M-тип) — одни из самых значимых астероидов с точки зрения добычи нужных полезных ископаемых. В их составе возможно отыскать платину, золото, иридий и прочие уникальные металлы, которые на Земле попадаются в очень малых количествах.

Некоторые астероиды по стоимости своих ресурсов оцениваются в астрономические суммы. Например, в 2020 году мимо Земли пролетел астероид 2000 WO107, содержащий никель, железо и кобальт на сумму 17,4 миллиарда долларов. Однако это лишь малая часть потенциала космических ресурсов. Один из самых известных объектов — астероид 16 Психея, который содержит металлов на сумму 10 квадриллионов долларов. Для сравнения, вся мировая экономика оценивается примерно в 100 триллионов долларов, а значит, только один астероид способен превзойти богатства всей Земли.

Одна из главных проблем земной добычи заключается в том, что многие ресурсы находятся глубоко под поверхностью планеты, а их извлечение требует значительных затрат. На астероидах же многие металлы и минералы расположены ближе к поверхности, что значительно упрощает их добычу. К тому же, низкая гравитация астероидов делает запуск полезных ископаемых в космос или их доставку на Землю гораздо менее затратными, чем при добыче в условиях высокой гравитации Земли.

Одним из наиболее ценных ресурсов является вода. Она не только необходима для поддержания жизни астронавтов, но и может использоваться для производства ракетного топлива. Разделяя воду на водород и кислород, можно получать компоненты топлива, которое обеспечит межпланетные миссии. Вода на астероидах может сыграть ключевую роль в освоении дальнего космоса, позволяя создавать автономные заправочные станции для космических кораблей. По оценкам экспертов, астероид диаметром 500 метров может содержать воды на сумму 50 миллиардов долларов.

Несмотря на значительный интерес к добыче полезных ископаемых на астероидах, этот процесс связан с рядом технических сложностей. Для добычи ресурсов на астероидах предполагается использовать следующие технологии:

1.Автономные роботы — они будут заниматься бурением и переработкой минералов без участия человека, что значительно сократит затраты на эксплуатацию.

2. 3D-печать — PlanetaryResources доказала, что внеземные ресурсы можно использовать прямо в космосе — компания напечатала деталь спутника из метеоритного металла. Это первый шаг к эпохе, где астероиды станут источником строительных материалов для межпланетных миссий.NASA уже применяет 3D-принтеры на МКС, печатая инструменты и запчасти, а в будущем такие технологии позволят строить целые базы на Луне, Марсе и астероидах. Вместо дорогостоящей доставки с Земли, материалы можно будет добывать и перерабатывать прямо в космосе, создавая автономные производства.3D-печать в космосе — это не просто удобство, а ключ к выживанию и развитию человечества за пределами Земли.

3. Орбитальные перерабатывающие станции — на таких станциях полезные ископаемые будут отделяться от породы прямо в космосе, снижая затраты на транспортировку.

Компании PlanetaryResources и Deep Space Industries уже разрабатывали концепции первых промышленных миссий. NASA также активно занимается исследованием астероидов — в 2023 году миссия OSIRIS-REx успешно доставила образцы с астероида Бенну, а к 2026 году ожидается запуск миссии к 16 Психее, чтобы изучить её потенциальные запасы металлов.

Одним из главных вопросов, связанных с добычей полезных ископаемых в космосе, остаётся законодательное регулирование. Договор о космосе 1967 года запрещает национализацию небесных тел, но не регулирует коммерческую добычу. В 2015 году США приняли закон, разрешающий частным компаниям владеть добытыми ресурсами, а в 2017 году Люксембург легализовал деятельность в этой сфере, что привлекло миллиарды долларов инвестиций.

Космодром Байконур остаётся одним из важнейших космических объектов, играя ключевую роль в мировой космической индустрии: именно отсюда в 1957 году был запущен первый искусственный спутник Земли, а в 1961 году Юрий Гагарин отправился в исторический полёт. Развитие технологий добычи полезных ископаемых в космосе может открыть для него новые перспективы. Казахстан, обладая развитой космической инфраструктурой, может стать важным игроком в этом секторе, привлекая инвестиции (создание международных консорциумов) и разрабатывая собственные проекты по добыче ресурсов.Если страна сможет вовремя интегрироваться в международные проекты по добыче ресурсов на астероидах, это откроет перед ней новые горизонты, обеспечив экономический рост, технологическое развитие и стратегическое влияние в глобальном космическом сообществе.

Добывание астероидов — это никак не просто теория, а кратчайшее будущее мировой экономики. Осваивание космических ресурсов дает возможность разрешить глобальные экономические трудности, гарантировав общество практически безграничным доступом к уникальным металлам и инымзначимым

элементам. Это снизит связь от земных недр, уменьшит экологический ущерб и создаст новые рабочие места в сфере космической промышленности.

В случае если XX век был веком индустриализации, в таком случае XXI век станет веком мировой и космическойэкономики. Вероятно, уже в наиближайшие десятилетия мы заметим первоначальныекоммерческие миссии по добыче ресурсов на астероидах. Вопрос совсем не в том, когда это случится, а кто именно станет первопроходцем в новейшей золотой лихорадке — но уже в глубинах космоса. Это не просто фантастика, а неминуемый шаг в будущее.

Литература

1. ТоленД.Дж., Баруччи М.А. Астероиды II (редакторы Р.П. Бинзель, Т. Герелс, М.С. Мэтьюз) (Тусон: Издательство Университета Аризоны, 1989) С. 298
2. Luu J Asteroids, Comets, Meteors (Eds H Milani, M Di Martino, A Cellino) (Dordrecht: Kluwer, 1993) p. 31
3. Shoemaker E M, Williams JG, Helin E F, Wolfe RF Asteroids Ed. T Gehrels (Tucson: University of Arizona Press, 1979) p.
4. Tholen D J, Barucci MA Asteroids II (Eds R P Binzel, T Gehrels, MS Matthews) (Tucson: University of Arizona Press, 1989) p. 298
5. Ostro SJ Asteroids II (Eds R P Binzel, T Gehrels, M S Matthews) (Tucson: University of Arizona Press, 1989) p. 192

ӘОЖ 37.02:512.122

ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Алым А. – ТП-23-10 к1 тобының студенті
Абжанова С.С. – аға оқытушы

Кіріспе. Педагогикалық шығармашылық, педагогикалық шеберлік және педагогикалық құзыреттілік ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Өз кәсібінің шыңына шығуды мақсат етпейтін, білім мен дағдының ең жоғары деңгейіне көтерілуді көздемейтін, бір сөзбен айтқанда педагогика саласында құзырлы маман болуға ұмтылмайтын ұстаз кемде-кем. Сондықтан педагогикалық іс-әрекетті жетілдіруде «педагогикалық шеберлік» және «педагогикалық құзыреттілік » ұғымдарының маңызы зор екендігін айтып өткен абзал.

Қазіргі қоғам педагогтарға оқушылардың бүкіл өмірін ұйымдастыру процесіне күрделі өзгерістер енгізе алатын, олардың тұлғалық дамуына кепілдік бере алатын, шебер әрі кәсіби құзырлы мамандар ретінде қарайды. Сондықтан педагогтың іс-әрекет шеберлігін жеке әдіс-тәсілдердің жүйесі деп санаумен шектелуге болмайды. Шебер мұғалім педагогикалық тұрғыдан құзырлы болу керек. Педагогикалық құзыреттілік мұғалімнің жеке тұлғасының байлығы және оның кәсіби білімінің мөлшерімен анықталады. Мұғалімнің кәсіби білімі арқылы оқытудың әдіс-тәсілдері жаңа сипатқа ие болады, қайта жанданады және шығармашылық сипаты арқылы білім беру жүйесіне жаңа мазмұн береді. Педагогикалық шеберлікті зерттеудегі өзектілік студенттің жеке тұлғасын дамытудың оңтайлы жағдайларын анықтаумен қатар, практика барысында туындайтын қиыншылықтарға да байланысты.

Кейбір зерттеулерде құзыреттілік ұғымы біліктілік ұғымымен теңестіріледі. Себебі құзыреттілік іс-әрекетті жүзеге асыруға деген қабілеттілікті білдіріп, әлеуметтік-кәсіби мәртебесі бар тұлғаларға байланысты қолданылады. Маманның алдында тұрған мәселелер мен міндеттерді шешу деңгейіне білім мен біліктің сәйкестігін айтады. Бұндай түсініктеме біліктілікке де балама бола алады.

Дегенмен бұл екі ұғымның айырмашылығы жайлы тоқтала келіп, кейбір зерттеулерде біліктілік ұғымына қарағанда құзыреттілік ұғымының мағынасы ауқымдылау екендігі айтылады. Біліктілікке кәсіби білім мен білік тән болса, құзырлы педагог бойында сол қасиеттермен қоса өз кәсібіне деген ынталылықтың болуы, білімденушілермен атқаратын іс-әрекеттің ынтымақтастық сипатта болуы, коммуникативтік қабілеттердің т.б. болуы шарт. Мұғалімнің іс-әрекеті әр түрлі теориялық білімдерге (психологиялық-педагогикалық,әлеуметтік-психологиялық, философиялық т.б.) негізделіп, теория мен практиканы байланыстырушы қызмет атқарады. Білім мен тәжірибені терең жинақтау арқылы мұғалім кәсіби құзыреттілік қа ие болады. Педагогикалық құзырлы мұғалім теориялық білімдердің қоры мен өмір қойған талаптар арасындағы қарама-қайшылықты шеше алады.

Педагогикалық кәсіпке басқарушылық сипат басым. Жеке тұлғаның даму процесін басқару үшін педагог құзырлы болу керек. Кез-келген мамандық бойынша педагог құзырлылығы біліктілік сипаттамасымен анықталады. Біліктілік сипаттамасына кәсіби білім, білік, дағдылардың ғылыми негізделген құрамын бейнелейтін педагог құзырлылығының моделі жатады.

Кәсіптік құзыреттілік қа қол жеткізу үшін педагогикалық-психологиялық және арнайы біліммен (пән бойынша) шектелуге болмайды. Ол білімдер жинағы әрине қажетті, дегенмен кәсіптік құзырлы маман болу үшін әлі жеткіліксіз. Теориялық-практикалық және әдістемелік білімдер педагогикалық біліктер мен дағдылардың алғы шарттары.

Педагогикалық дағдылар – «алғашқыда саналы орындауды қажет ететін әрекеттің жаттығу нәтижесінде автоматты түрде қалыптасуы. Дағдыға айналған қимылдар санадан тыс болмайды. Ол – мидың қызметі. Дағдының қимыл, сенсорлық және ой әрекетіне байланысты түрлері бар, дағды әрекет өнімділігін арттырады».

Бүгінгі таңда педагогикалық дағдылардың бірнеше жіктемесі бар. Оны шартты түрде:

- педагогикалық функцияларға қарай (Н.В.Кузьмина);
- әр түрлі педагогикалық тапсырмаларды қоя білу және шешуіне қарай (И.Т.Огородников, Л.Ф.Спирин);
- педагогикалық процесті басқару кезеңіне қарай (В.А.Сластенин, Л.И.Мищенко) 3 топқа бөлуге болады.

Көптеген зерттеушілер педагогикалық біліктерді төрт топқа біріктірген.

1. Жалпылама міндеттерді оқыту мен тәрбиенің нақты тапсырмаларына айналдыра білуге байланысты педагогикалық міндеттерді айқындау, тұлға мен ұжымды олардың жаңа білімді белсенді түрде меңгеруге дайындық деңгейін анықтау мақсатында зерттеу; білім берушілік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттер кешенін айқындау, оларды нақтылау және басым міндеттерді анықтау білігі;

2. Педагогикалық өзара әрекет жасау тәсілдерін бағдарлау білігі логикалық тұрғыда аяқталған педагогикалық жүйені құру және жүзеге асыруға ықпал жасайды: білім берушілік-тәрбиелік және дамытушылық міндеттерді кешенді түрде жоспарлау, білім беру процесінің мазмұнын негізделген түрде сұрыптауға, оны ұйымдастырудың формаларын, әдіс, тәсілдерін оңтайлы ұйымдастыруға.

3. Педагогикалық әрекет етуді орындау білігі оқыту мен тәрбиенің компоненттері мен факторлары арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді: білім беру процесін жүзеге асыруға қажетті жағдайларды (материалдық, рухани-психологиялық, ұйымдастырушылық) жасау; оқушыны педагогикалық процестің объектісінен субъектісіне айналдыратын іс-әрекетін дамыту; бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру және дамыту;

4. Педагогикалық міндеттерді шешу процесі мен олардың нәтижесі педагогикалық іс-әрекеттің қорытындысын есепке алу және бағалауды талап етеді: педагогтың әрекеті мен педагогикалық процес барысын талдау және өзіндік талдау; педагогикалық міндеттердің жаңа сипаттағы басым кешенін анықтау.

Құзыреттілік деп маманда белгілі бір сала бойынша білім мен тәжірибенің болуын айтады, ол адам іс-әрекетін бағалайтын ұғым, белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статусы бар адамдарға байланысты олардың шешілетін мәселелер мен міндеттердің күрделілік деңгейін ұғынуын, оған білім мен білігінің сәйкес келуін сипаттау үшін қолданылады.

Әдебиеттер

1. Қазақбаева Д. Құзыреттілік тәсіл нәтижеге бағдарланған білім беру негізі // Білім берудегі менеджмент. 2009. № 4. С. 6469.
2. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений// В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов. - М.: Школа_Пресс, 1998. - 512 с.
3. Терентьева Т. П. Профессионально-педагогическая компетентность учителя // Педагогика: традиции и инновации: материалы IV междунар. науч. конф. (г. Челябинск, декабрь 2013 г.). — Челябинск: Два комсомольца, 2013. — С. 193-196.
4. Белошниченко Е. Құзыреттілік педагогикасы: проблемалары, ізденістері, шешімдері // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. 2011. № 1. С. 1016 .

ӘОЖ 373.3:111:303

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аман Ә. - ТП-23-10тк тобының студенті
Умирзахова Г.А. – магистр, аға оқытушы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде шет тілін ерте жастан меңгерудің маңызы зор. Әсіресе, ағылшын тілі - халықаралық қатынас пен ақпараттық технологиялар дәуірінде қажеттілікке айналған негізгі тілдердің бірі. Балалардың тілді жеңіл, еркін қабылдауы үшін оқыту үдерісінде түрлі әдістер мен технологиялар қолданылады. Солардың бірі – ойын технологиясы. Бұл әдіс балалардың танымдық белсенділігін арттырып, сабаққа деген қызығушылығын оятып, тілді меңгеру үдерісін жеңіл әрі тиімді етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, олар оқу процесінде белсенділік пен эмоциялық күйге тәуелді. Сондықтан олар үшін тілдік материалдарды ойын арқылы беру - ең тиімді әдістердің бірі. Ойын технологиясы баланы еркін сөйлетуге, жаңа сөздерді оңай есте сақтауға, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға көмектеседі. Бұл жастағы балалар:

Қимыл - қозғалыс арқылы жақсы қабылдайды, эмоционалды есте сақтау қабілеті жоғары, ойынға құштар, қиялға берілгіш келеді, тікелей тәжірибе арқылы білімді жақсы меңгереді. Осыған байланысты,

ағылшын тілін оқыту барысында ойын технологиясын қолдану балалардың материалды тез әрі жеңіл меңгеруіне ықпал етеді.

Ойын - баланың табиғи әрекетінің бір түрі. Ол тек қана көңіл көтеру құралы емес, сонымен қатар, білім беру әдісі ретінде де қолданылады.Ойын технологиясын қолданудың басты артықшылықтары:

1. Қызығушылық тудырады - ойындар балаларды белсенді қатысуға итермелейді.
2. Тілді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді - балалар ойын барысында жаңа сөздерді, сөйлем құрылымдарын еркін пайдаланады.
3. Қорқыныш пен қысымды азайтады - қателесуден қорықпай, тілдік дағдыларын еркін дамытады.
4. Есте сақтауды жақсартады - эмоционалды түрде есте сақтау тиімдірек болады.
5. Коммуникативтік дағдыларды дамытады - топтық ойындар арқылы балалар қарым-қатынас жасауды үйренеді.

Бастауыш сыныпта ағылшын тілін үйретуде ойын технологиясын әртүрлі тәсілдермен қолдануға болады.

«Flashcard Game» (Карта ойыны) - мұғалім суреттері бар карталарды көрсетіп, балалар олардың атауын ағылшын тілінде айтуы керек.«Memory Game» (Жад ойыны) - балалар бір-бірімен жұптасқан суреттерді есте сақтап, сәйкестігін табады.«Word Association» (Сөздер байланысы) - бір сөз айтылғанда, балалар оған байланысты басқа сөздерді атауы тиіс.«Simon Says» - мұғалім бұйрық береді, бірақ тек «Simon says» деген тіркес айтылған жағдайда ғана орындау керек. Бұл ойын бұйрық рай формаларын үйретуге көмектеседі. «Scrambled Sentences» (Шашыраңқы сөйлемдер) - балаларға сөздер ретсіз беріледі, олардан дұрыс сөйлем құрастыру қажет.«Bingo» – балалар берілген сөздерді немесе грамматикалық құрылымдарды дұрыс табуы керек.«Guess the Sound» (Дыбысты тап) - балалар әртүрлі дыбыстарды тыңдап, олардың қай сөзге немесе затқа тиесілі екенін табады.«Role-play» (Рөлдік ойындар) - балалар шағын диалогтар арқылы өзара сөйлесуді үйренеді.«Story telling Games» (Ертегі құрастыру) - балалар топ болып, бірлесіп әңгіме құрастырады.

Ойын технологиясын жүйелі түрде қолдану арқылы келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

Балалардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі артады;

Сабаққа деген қызығушылық күшейеді;

Тілді қолдану барысында сенімділік қалыптасады;

Балалар өз ойларын ағылшын тілінде еркін жеткізе бастайды.

Ойын-оқу процесінде оқыту формасы мен процесі ретінде дербес дидактикалық категория. Егер бастауыш сынып оқушыларының мектепке дейінгі негізгі қызметі ойын болса, онда оқу процесінде олар ойын әрекетінен оқу іс-әрекетін орындауға біртіндеп бейімделуі керек. Бұған сабақ кезінде қолданылатын дидактикалық ойындар арқылы қол жеткізіледі.Дидактикалық ойындар - балалардың білімін арттыру құралы. Сабақта ойындарды қолданудың әртүрлі тәсілдері бар. Дидактикалық ойындар белгілі бір мақсатты көздейді және белгілі бір мәселені шешеді. Сабақ кезінде ойнау - өткен сабақты еске түсіреді. Сабақтың ортасында ол көңіл-күйді сергітеді, ерік-жігерді дамытады, сабаққа деген ынтаны арттырады. Сабақтың соңында - тақырыпты бекіту, сабақта алған білімдерін бекіту. Ойын - бұл оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал.Сабақта өткізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сәйкес алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ақыл-ой белсенділігін талап етеді. Сондықтан мұғалім әр сабақта өз мақсатын қояды, оларда білімге деген мотивацияны, тақырыпқа деген сүйіспеншілікті, ойын формаларын қолдана отырып, оларды қызықты етеді. Мұғалімнің сабағы баланың қабілеттеріне, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жоспарлануы керек. Сонда ғана сабақ тартымды, оңай болады, оқушыларды шаршатпайды.Оқушылардың шығармашылық қабілеті мен коммуникативтік дағдылары дамиды. Бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытуда ойын технологиясын қолдану – оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Ойын арқылы балалар тілді жеңіл меңгереді, белсенді түрде үйренуге қызығады және өз бетінше сөйлеуге талпынады. Сондықтан мұғалімдер сабақ жоспарына ойын элементтерін енгізу арқылы білім беру үдерісін тиімді әрі тартымды ете алады.

Осылайша, ағылшын тілінің сөздік қорын ойын әрекетінсіз есте сақтау тиімділігі төмен және көп ақыл-ой күшін қажет етеді. Оқу процесіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқытудың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жаңды болуы керек. Ойын оқу процесін жеңілдететінін ескеру маңызды. Мұғалімнің сабақта қойған мақсатына, міндетіне, шарттарына байланысты ойын түрін өзгерту қажет. Ойын кез келген оқу материалын қызықты етуге, оқушылардың көңіл-күйін көтеруге, олардың жұмысын қанағаттандыруға және оқу процесін меңгеруді жеңілдетуге көмектеседі. Сабақ барысында ойынды дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі түрде бағытталады және ұйымдастырылады, бұл мұғалімге сабақтың мақсатына жетуге мүмкіндік береді.

«Оқу процесінде ойын түрлерін» қолдану, біріншіден, оқушылардың білімді берік игеру құралы, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану келесі нәтижеге әкеледі. Осылайша, ойын технологияларын дұрыс қолдану оқушылардың шет тілін үйренуіне оң әсер етеді, олардың қарым-қатынас қабілеттерін дамытады.

Әдебиеттер

1. Әбілдаева З. Ойын технологиясы – бастауыш сынып оқушыларының шет тілін меңгерудегі тиімді әдіс // Білім әлемі, 2023.
2. Жұмабекова Г. Шет тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
3. Құрманбаева А. Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық әдістер. – Астана: Білім, 2020.
4. Harmer J. The Practice of English Language Teaching. – Pearson Education, 2015.
5. Wright A., Betteridge D., Buckby M. Games for Language Learning. – Cambridge University Press, 2006.

ПСИХОЗ:СЕБЕПТЕРІ, СИМПТОМДАРЫ, ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЕМДЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Аманқұл Н.О. – ТП-21-13тк тобының студенті
Жандабаева И.С. – магистр, аға оқытушы

Психоз жеке адамды, оның эмоционалдық күйінің тоқырауына алып келетін ауытқуы. Психоәлеуметтік факторлар тікелей осы мінез-құлық пен ойлаудағы ауытқушылықтармен байланысты. Психоздың пайда болу себебі нейрондардың жұмысындағы ауытқуларға байланысты болады. Молекулалардағы байланыстар бұзылған жағдайда олар оттегінің жетіспеушілігінен нейрондар жүйке импульстерін өткізе алмағандықтан ОЖП(орталық жүйке жүйесі) көптеген бұзылулар пайда болады.Бұл мақалада ашылатын тақырыптар психоздың негізгі түрлері, олардың этиологиялық факторлары және де диагностика мен емдеудің заманауи әдістері. Ерекше назар аударылады психоздың нейробиологиялық аспектілеріне және оларды емдеу перспективаларына.

Зерттеулерге сәйкес, психоздың даму қаупі бірінші дәрежелі туыстары бар адамдарда жоғары, яғни генетикалық бейімділікке байланысты. Нейротрансмиттерлік гипотезалар – дофаминдік гипотезаға басты назар аударатын болсақ, оған сәйкес мезолимбиялық жолдың оң белгілердің (галлюцинация, сандырақ) пайда болуына, ал мезокортикалық жолдың гипоактивтілігі жағымсыз белгілерге (эмоционалды күңгірттік, когнитивтік тапшылық) әкелетіні ықтимал. Стресс және әлеуметтік факторлар, яғни созылмалы стресс, балалық шақтағы травмалық оқиғалар, заттарды қолдану және де әлеуметтік оқшаулану психоздың айқын көрінісіне ықпал етеді.

Пайда болуына байланысты психоз түрлері бөлінеді:

1.Ішкі, нейроэндокриндік факторлардың әсерінен пайда болған эндогендік факторға шизоаффективті психоз, тұлғаның биполярлық бұзылуын жатқызуға болады.

2. Экзогендік факторға депрессиялық психозды жатқызуға болады. Мысалы, улы заттарды қабылдау(есірткі, алкоголь, дәрі-дәрмек), психикалық жарақат-ауыр күйзеліске, стресске ұшырау нәтижесінде, өмірге қауіп төндіретін жағдайлар.

3. Соматикалық патологиялардың салдарынан пайда болады. Мысалы: миокард инфарктісі, жұқпалы ауруларлар, бас миының жарақаты, бас миының ісігі секілді т.б. аурулардан кейінгі асқынулар.

Психикалық бұзылыстарды тудыратын факторлардың көп механизмдердің жүйесін қарастырған жағдайда, психоздың әртүрлі адамдарда әртүрлі себептермен басталу мүмкіндігін көрсетеді. Өмірдің белгілі бір кезеңдерінде, яғни жыныстық жетілу немесе жүктілік кезінде және т.б. субъекттің өзінің шамадан артық психикалық реакцияларға бейімділігі және күйзелістерге төтеп бере алмауына байланысты травмалық жағдайлардың өрлеуіне алып келеді. Бұл сәт психоздың қалыптасуының бастапқы сатыларының бірі. Сонымен қатар, субъекттің қаржылық тұрақтылығы және бақытты неке деген секілді факторлар психотравмалық жағдайларға қарсы тұра алмайды. Себебі кейбір жағдайларда, стресс факторларының қарқындылығы тым басым болғанда, мұндай «факторлар» тек психоздың даму үдерісін кейінге шегереді және осы белгілердің ауырлығын жұмсартуға ғана ықпал етеді.

Жалпы психозға тән белгілердің ең таралғаны ол сандырақтауы, эмоционалдық бұзылулар мен галлюцинациялар, санасының өзгерген күйінде жүруі жатады. Психикалық бұзылулар мүмкін болатын симптомдардың шексіз саны бар, бірдей клиникалық форма әртүрлі этиологиялық факторлардың әсерінен туындау мүмкіндігін көрсетеді. Сондада көптеген пациенттерге тән ерекшеліктер - шындықты жоғалтуға байланысты мінез-құлықтың адекватсыздығы, галлюцинациялық бұзылулар, яғни көзге көрінбейтін бір субъктпен тілдесу, кенеттен пациенттің үнсіз қалуы және басқаларға көрінбейтін нәрсені тыңдау. Галлюцинация есту, дәм сезу, көру, иіс сезу, сипап сезу рецепторларында болуы мүмкін. Сандырақтау, эмоционалды бұзылыстар, мінез-құлық пен сезімдердің өзгеруі секілді симптомдар байқалған жағдайда дереу маме\андардың көмегіне жүгіну міндетті.

Психоздар қайталануға бейім екені мәлім, мұндай диагноз қойылған науқастарға тұрақты профилактикалық бақылау керек. Сондықтан халықаралық психиатриялық клиникалар негізгі емдеу ұзақтығын және профилактикалық терапияның нақты мерзімін белгілейді.

Алғашқы психозды бастан өткерген пациенттерге екі жыл бойы аз мөлшерде препараттар қабылдау ұсынылады. Бұл рецидивтің алдын алу үшін қажет. Психозды, дәлірек айтқанда, оның күйін басу үшін арнайы дәрі-дәрмектер – нейролептиктер, сонымен қатар, антидепрессанттар мен ноотроптар арқылы жүргізеді.

Емдеу әдісін психиатр-дәрігер әр пациенттің ауруының ерекшелігін, денсаулығын және тағы да маңызды факторларды ескере отырып, жеке таңдайды.

Айта кетсек үйде психозды емдеу, өзін-өзі емдеу немесе балама медицинамен емдеу мүмкін емес екенін бірден айтып өткен жөн. Себебі психоздың себептерін тек білікті психиатр ғана анықтай алады және психоздың әдетте эндогендік (ішкі) ауруларда дамитындығын ескеретін болсақ, бүкіл әлемде дәрілік терапиядан өту психозды емдеудің ең тиімді және сенімді әдісі болып табылады. Оны жүзеге асыру кезінде жасын, жынысын және басқа ауруларды ескере отырып, әр пациент үшін стандартты емес, қатаң жеке тәсілдер қолданылады.

Маманның негізгі міндеттерінің бірі – науқаспен сенімді қарым-қатынас орнату. Науқастың сауығуына деген мүмкіндікке сенімін ояту, берілген препараттардың әсерінен болатын «зиянға» деген теріс пікірін жою және тағайындалған емді жүйелі түрде қабылдау, емнің тиімділігіне өз сеніміңізді науқасқа жеткізу. Себебі сенімді қарым-қатынас құрылмаған жағдайда, дәрі-дәрмектің дозасы мен режиміне қатысты дәрігердің ұсынымдарын бұзылуы мүмкін. Науқас, өз кезегінде, дәрігерден есірткілерді немесе алкогольді қолданатыны жайлы, жалпы медицинада қолданылатын дәрі-дәрмектерді қабылдайтынын, автокөлікті басқару немесе күрделі механизмдерді басқару сияқты маңызды ақпаратты жасырмауы керек.

Берілетін дәрі-дәрмектердің жанама әсерлері жоқ деп айтуға болмайды, тіпті Гиппократ «мүлдем зиянсыз дәрінің мүлдем пайдасы жоқ» деген. Емдеу барысында қабылдаған медикаменттерден пациентте салмақтың жоғарылауы, потенциалдың төмендеуі, әйелдерде етеккір циклінің бұзылуы, гормондар мен қандағы қант деңгейін жоғарылауы мүмкін. Алайда, бұл жағымсыз әсерлердің барлығы препараттың дозасына байланысты, доза жоғарылатылғанда пайда болатынын және орташа емдік дозаларды қолданғанда байқалмайтынын атап өткен жөн.

Осылайша, жоғарыда аталып өткен психоз ең ауыр және тез мүгедектікке ұшырайтын аурулардың бірі болғанымен, тез арада алынған көмектің нәтижесінде ауыр салдарға әкелмейді. Көп жағдайда психозды дұрыс және уақтылы диагностикалау, ерте және арнайы мамандanған дәрігенмен емдеуді тағайындау, толық терапияны өту, заманауи жұмсақ әдістер мен психокоррекция әдістерін біріктіру арқасында пайда болған симптомдарды тез жеңілдетіп қана қоймай, пациенттің толық әлеуметтік ортаға бейімделуімен толық жазылуына қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер

1. Личко А.Е. Психозы в подростковом возрасте. // Подростковая психиатрия. М.: Медицина, 1985. — 416 с.
2. Медицинская психология : учебник / Ю. Г. Фролова. –. Минск : «Высшая школа», 2016.

УДК 316.6

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАНЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Арипжанова А.А– ТП 24-18р1
Бердешова А.О – магистр оқытушы

Әлеуметтік желі балалардың психологиялық дамуына қатты әсер етеді. Бір жағынан, олар қарым-қатынас дағдыларын жақсартатын және шығармашылықты дамытатын әлеуметтік өзара әрекеттесу, өзін-өзі көрсету және ақпаратқа қол жеткізу үшін платформаларды ұсынады. Балалар өздерінің құрдастарымен араласып, тәжірибе алмаса алады және олардың эмоционалдық дамуына пайдалы қолдау ала алады.

Негізгі аспектілердің бірі - әлеуметтік медианы пайдалану мен алаңдаушылық, депрессия және өзін-өзі төмен бағалау сияқты психикалық денсаулық проблемалары арасындағы ықтимал байланыс. Мұқият таңдалған суреттер мен шындыққа жанаспайтын стандарттарға үнемі әсер ету балалардың өзін басқалармен салыстыруға әкелуі мүмкін, бұл жеткіліксіздік пен сенімсіздік сезімін тудыруы мүмкін.

Дегенмен, айтарлықтай кемшіліктер де бар. Мұқият таңдалған суреттер мен өмір салтына үнемі әсер ету шындыққа жанаспайтын үміттерге және жеткіліксіздік сезіміне әкелуі мүмкін. Кибербуллинг – қорқытуға ұшыраған балаларда жиі үрейге, депрессияға және өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкелетін тағы бір күрделі мәселе. Бұған қоса, экранды шамадан тыс пайдалану ұйқы режимін бұзып, әлеуметтік дағдыларға кедергі келтіруі мүмкін бетпе-бет қарым-қатынасты бұзуы мүмкін.

Әрине, жанама байланыс нақты диалогқа кедергі жасайды, бірақ бұл жалғыз мәселе емес. Дос табуды үйрену - өсудің маңызды бөлігі, ал достық белгілі бір тәуекел деңгейін қамтиды. Бұл жаңа достарды құруға ғана емес, бұрыннан бар достарды сақтауға да қатысты. Үлкен немесе кішігірім проблемаларға тап болған кезде, өз сезімдеріңіз туралы шыншыл болу және басқа адамның айтқанын тыңдау батылдықты қажет етеді. Бұл дағдыны меңгеру достықты әрі қызықты әрі қызықты, бірақ сонымен бірге қорқынышты етеді. Доктор Штайнер-Адайр: «Салауатты өзін-өзі бағалауға, тіпті басқалармен келіспесеңіз немесе эмоционалды түрде қауіпті сезінсеңіз де, өз ойыңыз бен сезіміңізді білдіру мүмкіндігі киреді» деп атап өтті.

Дегенмен, достық желіде және мәтіндік хабарламалар арқылы жасалған кезде, балалар қарым-қатынастың көптеген жеке және кейде қорқынышты аспектілері жоқ контекстке тап болады. Хабарласу кезінде сақ болу оңайырақ, бұл ставкаларды төмендетеді. Сіздің сөздеріңіз басқа адамға қалай әсер ететінін

естімейсіз немесе көрмейсіз. Әңгімелесулер нақты уақытта болмайтындықтан, әрбір қатысушының өз жауаптары туралы ойлануға көбірек уақыты бар. Балалар телефон қоңырауларын «тым қарқынды» деп сипаттайтыны таңқаларлық емес - олар тікелей қарым-қатынасты қажет етеді, егер адам үйренбеген болса, қорқынышты болуы мүмкін.

Егер балалар басқалармен қарым-қатынас жасауға және олардың қажеттіліктерін бетпе-бет және нақты уақытта қанағаттандыруға жеткілікті тәжірибе алмаса, көптеген адамдар біздің қарым-қатынастың негізгі түрі - сөйлесу туралы алаңдайтын ересектер болып өседі. Оның үстіне, адамдар қартайған сайын және романтикалық қарым-қатынастар мен жұмыс орнын басқара бастағанда, әлеуметтік өзара әрекеттесу тек қауіпті болады.

Сонымен қатар, әлеуметтік медиа платформаларының тәуелді табиғаты шаршауға, эмоционалды интеллектке әкеледі және олардың когнитивтік функцияларына әсер етеді.

Аталмыш ата-аналар балаларының белгілі бір жасқа дейін интернеттегі уақытын қадағалап, балаларды кибербуллингтен, сондай-ақ баланың психикасының дамуына кері әсер ететін ақпараттан қорғауы керек сияқты. Балалық шақ психологиялық тұрғыдан алғанда кез келген әсерге өте сезімтал болғандықтан, өскелең ұрпақтың қандай мазмұнды тұтынатынына көбірек көңіл бөлу керек.

Әдебиеттер

1. https://childmind.org/article/how-using-social-media-affects-teenagers/
2. Зигмунд Фрейд «введение в психоанализ»
3. Гюстав Лебон «психология народов и масс»

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГ: АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Арипова Г.А. – Тп-21-13к2 тобының студенті
Исманова Н.Е. - аға оқытушы, магситр

Қазіргі таңда мектептерде буллинг (әлімжеттік) өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Буллинг – бұл белгілі бір оқушыға немесе топқа бағытталған жүйелі түрде психологиялық, физикалық, эмоционалдық қысым көрсету. Мұндай жағдайлар оқушының психикасына кері әсер етіп, оның академиялық үлгеріміне, өзін-өзі бағалауына және болашақ өміріне теріс ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, буллинг тек жәбірленушіге ғана емес, оны жүзеге асырушылар мен куәгерлерге де кері әсерін тигізеді. Бұл мәселе уақытында анықталмаса, оның салдары ауыр болуы мүмкін.Бүгінгі таңда ең көп таралған және өзекті болып табылады кибербуллинг – бұл сандық технологияларды, ұялы телефондарды, интернетті және басқа да электронды құрылғыларды пайдаланып қорлауды қолдана отырып, қудалаудың көптеген түрлеріне қатысты термин.Мектептегі қорқыту-бұл негізінен ұйымдастырылған балалар ұжымдарына, ең алдымен мектепке тән әлеуметтік құбылыс.

Көптеген зерттеушілер бұл жағдайды мектеп балалардың көптеген жинақталған жағымсыз эмоцияларын жоюға арналған әмбебап "арена" деп түсіндіреді. Мектепте "Көшбасшы--жалған" диапазонындағы балалар арасында белгілі бір рөлдік қатынастар қалыптасады. Мектептегі қорқыту басқа балалардың физикалық немесе психикалық қорлауының әртүрлі формалары арқылы көрінеді. Кейбір балалар үшін бұл зардап шеккендердің сыртқы түрінің немесе жеке басының кейбір ерекшеліктерін көрсететін жүйелі мазақ; басқалары үшін – олардың жеке заттарын бүлдіру, үстелге итеру, бопсалау; Үшіншіден, адамның қадір-қасиетін төмендететін ашық қорлау.Буллерлер эмоционалды сабырлы және немқұрайлы бола отырып, саналы түрде күш қолданады, ал олар жиі қарсылыққа тап болмайды, өйткені басқаларға қарағанда қорқытуға бейім балалар өзін-өзі бағалаудың төмендігімен, қақтығыстардан аулақ болуға бейімділігімен, ұялшақ, сезімтал, тұйық және ұялшақ, жиі мазасыз, жиі жақын досы болмайды.Қорқытудың кейбір ерекшеліктерін ажыратуға болады. Біріншіден, қорқыту асимметриялы – бір жағынан физикалық және/немесе психологиялық күш түріндегі күшке ие зорлық-зомбылық жасаушы, екінші жағынан, мұндай күшке ие емес және үшінші тұлғалардың қолдауы мен көмегіне мұқтаж жәбірленуші. екіншіден, қорқыту қасақана жүзеге асырылады, адамға физикалық және психикалық азап шегуге бағытталған мақсат ретінде таңдалды. Үшіншіден, қорқыту зардап шеккен адамның өзіне деген сенімін төмендетеді, денсаулығын, өзін-өзі құрметтеуін және адамның қадір-қасиетін бұзады. Төртіншіден, қорқыту-бұл зорлық-зомбылық жасаушы мен жәбірленушіге ғана емес, сонымен бірге зорлық-зомбылық куәгерлеріне, ол орын алатын бүкіл сыныпқа (топқа) әсер ететін топтық процесс. Бесіншіден, қорқыту ешқашан өздігінен тоқтамайды: зардап шеккендерге, қорқыту бастамашыларына (қорлаушыларға) және куәгерлерге әрқашан қорғаныс пен көмек қажет.

Буллингтің алдын алу – тек мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің ғана емес, ата-аналар мен бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Оқушыларға қолдау көрсету, олардың психологиялық саулығына көңіл бөлу және қауіпсіз орта қалыптастыру арқылы буллингтің алдын алуға болады. Осы мақалада мектептегі буллингтің негізгі түрлері, оны болдырмау әдістері және шешу жолдары қарастырылады.

Буллингбірнешетүргебөлінеді:

- Физикалық буллинг – ұру, итеру, соққыжасау, заттарды тартып алу немесе бүлдіру.

- Вербалды буллинг – мазақету, қорлау, жаман сөздер айту, қорқыту.
- Әлеуметтік буллинг – оқушыны топтан оқшаулау, достарынан айыру, өсек тарату.
- Кибербуллинг – әлеуметтік желілер мен интернет арқылы қорлау, ар-намысқа тию.

Буллингтің алдын алу жолдары

Мектепмәдениетінқалыптастыру

- ✓ Барлық оқушыларға бірдей құрмет көрсету.
- ✓ Төзімділік пен достық атмосферасын дамыту.
- ✓ Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту.

Психологиялық қолдау көрсету

- ✓ Психологтар оқушылармен жеке және топтық тренингтер өткізуі керек.
- ✓ Буллингтің салдарын түсіндіру үшін семинарлар ұйымдастыру.
- ✓ Құрбан болған оқушылармен жеке жұмыс жүргізу.

Ата-аналармен жұмыс

- ✓ Ата-аналарға буллинг туралы ақпарат беру.
- ✓ Отбасында баланың психологиялық саулығын бақылау.
- ✓ Балаларға қарым-қатынас мәдениетін үйрету.

Буллингті шешу жолдары

Құрбанға көмек көрсету

-Оқушыға моральдық қолдау көрсету.

-Онымен ашық сөйлесу, жағдайды талдау.

-Оның өзіне деген сенімділігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізу.

Буллермен (қысым көрсетушімен) жұмыс

-Онымен ашық диалог орнату.

-Оның агрессиясының себебін анықтау.

-Әлеуметтік және психологиялық тренингтер арқылы өзгертуге тырысу.

Мұғалімдер мен әкімшіліктің араласуы

-Буллинг жағдайларын елемеу емес, белсенді араласу.

-Зардапшеккенжәнебуллероқушылардыңата-аналарыменкездесу.

-Мектепішілік ережелерді күшейту және оларды сақтау.

Мектеп оқушылар арасындағы жағымсыз құбылыстардың алдын алу және алдын алу бойынша мемлекеттік институттар жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Білім беру ұйымындағы буллинг жағдайының алдын алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында мынадай қағидаттарды ескере отырып, жұмысты жоспарлау және жүзеге асыру қажет:

1. Өзара әрекеттесу принципі. Тиімді көмекті жүзеге асыру үшін жұмыс Білім беру мекемесі мамандарының бірлескен жоспарлауы мен өзара іс-қимылына негізделеді.

2. Жүйелілік принципі. Ақпарат жинау, әр оқушыны сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын әзірлеу және даму динамикасын қадағалау бойынша жүйелі, жүйелі жұмысты көздейді.

3. Бойлық принципі. Қажетті шарт-динамиканы зерттеу және жүргізілген жұмыстың тиімділігін бағалау.

Қорқытудың алдын алу мақсатында кез келген білім беру ұйымында мыналарға бағытталғанп рофилактикалық психологиялық-педагогикалық бағдарлама іске асырылуы тиіс:

– агрессивті және дұшпандық реакцияларды азайту;

– тұлғааралық және топаралық қатынастарды оңтайландыру;

– жанжалда сындарлы әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;

– толеранттылықты, эпатияны дамыту. Мектептегі қорқытудың алдын-алу бағдарламасы бүкіл оқу кезеңінде жүзеге асырылуы керек.

Мектептегі буллинг – күрделі, бірақ шешуге болатын мәселе. Оны түбегейлі жою үшін оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар бірлесе жұмыс жасауы керек. Әрбір бала өзін қауіпсіз және жайлы сезінетін орта қалыптастыру – біздің ортақ міндетіміз. Білім беру, құқықтықшаралар мен қоғам болып бірігіп жұмыс істей отырып, тиімді нәтижелерге жетуге болады. Буллингті жеңу тек бір адамның немесе бір мектептің міндеті емес, ол бүкіл қоғамның бірге күресуі қажет.

Мектептегі буллинг — бұл тек жеке тұлғаның ғана емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Олоқушылардың психологиялық жай-күйіне, тәрбиесіне және білім алуға теріс әсер етеді. Буллингтің алдын алу мен шешу жолдары тек күшпен ғана емес, соныменқатарбірлескен, түсіністікке негізделген әрекеттермен қамтамасыз етілуі керек.

Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар және қоғамның барлық мүшелері буллингке қарсы тұруға және оны жоюға жауапты. Тиімді ақпараттандыру, құқықтықшаралар мен қауіпсіз орта қалыптастыру арқылы біз буллинг мәселесін шешудің нақты жолдарын таба аламыз. Ынтымақтастық, сүйіспеншілік және түсіністік көрсетілсе, мектепте қауіпсіз әрі білім алуға қолайлы орта құруға мүмкіндік береміз.

Әдебиеттер

1. Артамонова Е.Г., Ефимова О.И., Калинина Н.В. Организация Всероссийского педагогического совета «Профилактика интернет-рисков и угроз жизни детей и подростков» // Образование личности. 2017. №
2. Лейн Д.А. Школьная травля (буллинг). Электронный ресурс. Режим доступа: URL: http:// www.supporter.ru/docs/1056635892/bulling.doc (дата обращения: 09.10.2010).
3. Копова А.С. Программа коррекции агрессивного поведения подростков посредством педагогического взаимодействия // Педагогическая наука и образование в России и за рубежом: региональные, глобальные и информационные аспекты. 2002. № 1. С. 15-27.

ҚОЙДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ

Ахмаджанов А.М. – оқушы
Кадирбаева А.С. – мұғалім
Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі

Қой – мал шаруашылығында кеңінен таралған жануар және оның көптеген пайдалы қасиеттері бар. Қойдың денесі адам денсаулығына пайдалы түрлі өнімдермен қамтамасыз етеді. Қойдан алынатын өнімдер, оның ішінде сүт, ет, тері, май және жүн, медициналық мақсаттарда кеңінен қолданылады.Қойдың емдік қасиеттері – бұл малдың адам өміріндегі маңыздылығы мен табиғи байлығын көрсететін ерекше тұжырым. Қойдың барлық бөліктері – етінен бастап, сүт, майы, жүн, теріге дейін адам денсаулығына пайдалы. Бұл қасиеттер ғасырлар бойы дәстүрлі медицинада қолданылып келеді және қазіргі уақытта да осы табиғи өнімдердің көптеген артықшылықтары ғылыми зерттеулермен дәлелденген.

Қой еті өте қоректік, белокқа бай және адам ағзасына оң әсерін тигізеді. Ол жүрек-қан тамырларының жұмысына пайдалы болып табылады және ағзаның күш-қуатын қалпына келтіруге ықпал етеді. Қой етінің құрамында витаминдер (А, В топтары) мен минералдар (темір, фосфор) көп, олар иммундық жүйені нығайтады, сүйек және бұлшық еттердің дұрыс жұмыс істеуіне көмектеседі.

Қой еті мен жүрек-қан тамырлары: Қой еті қан құрамын жақсартуға, қандағы холестерин деңгейін төмендетуге көмектеседі. Сонымен қатар, жүрек аурулары мен инсульттің алдын алу үшін пайдалы.

Қой етінің иммундық жүйеге әсері: Қой етінің құрамында болатын аминқышқылдар мен минералдар иммундық жүйені нығайтып, ағзаның түрлі ауруларға қарсы тұруын арттырады.

Қой сүті өте қоректік және адам ағзасына пайдалы көптеген элементтерді қамтиды. Ол әсіресе балаларға, әлсіз немесе аурудан кейін қалпына келіп жатқан адамдарға пайдалы.

Жүйке жүйесіне әсері: Қой сүтінде кездесетін калий мен магний жүйке жүйесін тыныштандырып, стрессті азайтуға көмектеседі.

Тері күтімі: Қой сүті теріге жағымды әсер етеді, әсіресе құрғақ және сезімтал теріге пайдалы. Ол терінің ылғалдылығын сақтап, жұмсақ әрі тегіс болуына ықпал етеді.

Ас қорыту жүйесі: Қой сүті ас қорыту жүйесіне оң әсерін тигізеді, ішек флорасын қалпына келтіруге және ас қорытуды жақсартуға көмектеседі.

Қой майы да өз кезегінде медициналық мақсатта қолданылады. Бұл майды сыртқы қолдану арқылы тері ауруларынан, жаралардан емделуге болады. Қой майы терінің жасушаларын жаңартуға, терінің ылғалдылығын сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар, қой майы әртүрлі ауруларға (ревматизм, артрит) қарсы пайдалы болуы мүмкін.

Қой майы мен тері аурулары: Қой майы экзема, дерматит сияқты тері ауруларына қарсы қолданылуы мүмкін. Ол теріні ылғалдандырып, оны қалпына келтіреді.

Бұлшықеттер мен буындар үшін: Қоймайы массаж жасау үшін де пайдалы, себебі ол буындар мен бұлшықеттердің ауырсынуын жеңілдетеді.

Мамандықты дұрыс таңдау бойынша әрбір адам өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерін дедәлелдеп шыққан. Кәсіби бағдарлаудың негізін құрған ғалымдар Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П.Блонский, Ю.П.Сокольников, Т.Н.Мальковская және т.б. әлеуметтік-кәсіби бағдарлау идеяларын жасады.

Қазақстан елінің кәсіптік бағдар мәселелерімен Г.А.Уманов, А.П.Сейтешов, Б.Ж.Сыдықов, Л.В.Левонов, Б.А. Оспанов, Л.Х. Мажитова, Ж. Асқарова айналысты. Педагогика ғылымдарының докторы, профессорА.П.Сейтешов мамандыққа аса мән беру және кәсіби бағдарлау баланың дүниеге көзқарасының қалыптасуына негіз болады деп дәлелдеген. Педагогикада кәсіптік бағдар беру еңбек саласының бір бөлігі болып қарастырылады[3;220].

Қазіргі кезде жоғарғы сынып оқушылары үшін кәсіби іс-әрекетпен мамандық таңдауға саналы дайындығының ішкі субъективті факторын зерттеу қажеттілігі педагогика және психологияғылымдарыүшін әрқашан маңыздыіс-әрекетболып саналады. Осы мәселелерді ескере отырып цифрлы технологиялар негізінде жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдауда женілдетілген заман талаптпрына сай өз болашағын дұрыс таңдауға цифрлық технологиялар негізінде бағыт бағдар берудің жолдарын қарастыратын боламыз. Цифрлы сандық технологиялар не екенінқарасақ, «цифрландыру» термині ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болды. Давоссе Клаус Шваб, 1960-1980 жылдарда алғашқы цифрлық революцияны «өнеркәсіптік» деп атап, оның катализаторы жартылай өткізгіш ЭЕМ, 60-70 жылдары – дербес компьютерлерді, 90 жылдары – интернет желісін дамыту болды деген пікірін ұстанды. Сонымен бірге автор төртінші өнеркәсіптік революцияға ауысу басталатындығын және ол мобильді ғаламтор желісі мен жасанды интеллектінің дамуына байланысты цифрлық технологияның кең ауқымына негізделетінін алдын ала пайымдаған еді (Никулина, 2018) [6]. Заманауи цифрлық мәдениетті анықтайтын негізгі құрылғыларға: ғаламтор, жасанды интеллект, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, компьютерлік графика және виртуалды шындық жүйелері сонымен бірге дәстүрлі байланыс құралдарының сандық форматтары (кітаптар, фотосуреттер, аудио және бейнежазбалар, сандық теледидар және т.б.), компьютерлік ойындар, технологиялық өнер туындылары. дербес компьютер мен сандық құрылғылардың барлық түрлері жатады.Аталған үрдістер барлығы дерлік ғаламтор желісінде болып, дәстүрлі қабылдау үшін жиі теріс қабылданатын екіұшты тенденцияларды тудырады. Цифрлық дәуірде мәдениеттің ерекше түрін қалыптастыру мәселесі көтеріліп болып отыр (Галкин, 2013) [7].

Мектепте кітапхана меңгерушісі жұмысының негізгі бағыттарын атай кетсек:

- оқытушыларға, сынып жетекшілеріне көмек көрсету керек. Ол үшін кәсіптік бағдар беру мәселелеріне бойынша әдебиеттердің картотекасын жасау, жаңа әдебиеттер жөнінде педагогикалық кеңесте, оқушылар алдында шолу жасау;

- мамандықтаңдау жөнінде кітаптардың, мақалалардың тақырыптық көрмесін ұйымдастыру, әдебиеттердің библиографияның тізімдерін жасау,ілу;
- әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктеріне байланысты оқушылар үшін оқырмандар конференциясын, пікірталастар, тақырыптық кештер ұйымдастыру, т.б.

Кітапхана жұмысын осы бағыттар бойынша ұйымдастыру және кәсіптік бағдар беру ісін жетілдіруге мүмкіншілік жасайды. Әрбір оқушының ата-анасы кәсіптік бағдар беру жұмыстарын өздерінің таңдаған мамандықтарымен таныстырудан бастауы керек. Оларды өздері жұмыс істейтін кәсіпорындардағы еңбектің мазмұнымен механизмдерімен, өндірістің принципімен және технологиялық үдерістерін айтып таныстырады. Тәрбие жұмысының осындай түрлері ата-аналардың еңбек іс-әрекеті оқушылардың ынтасын дамытады. Оқушылардың кәсіби ынтасын көтеру үшін ата-аналар түрлі мамандықтар жөнінде олармен әңгімеөткізген жөн.

Болашақ маманның қалыптасуының ең маңызды талаптарының бірі-мотивация болып табылады. Кәсіби мотивацияның қалыптасқандығы жайлы адамның өз мамандығына оң көзқарасы бойынша, мамандығымен қанағаттану деңгейі бойынша және таңдаған мамандықты жетекші мотивтері мен кәсіби іс-әрекеттің өз мотивтері бойынша бағалауға болады [7;124].

Қорытындыласақ, балалардың кәсіби бағдары қазіргі қоғамда сұранысқа сай жүргізілуі тиіс. Оқушы мектеп қабырғасын бітірісімен белгілі мамандық алмаса да, мамандыққа бағыт-бағдарланып шығуы керек. Яғни, оқу орнына бармаған жағдайда жұмыссыздар санын көбейтпей, өзініңкәсібінжасауытиіс.

Тәжірибе ісікөрсеткендей, балаларға кәсіптік бағдардың дұрыс жүргізілуі нәтижесінде кәсіпке байанысты оқытылып, шынайы өмірге сай бағдары болып, нақты еңбектеніп дайындалса көптеген жетістіктерге жете алады.Өмірде өз орнын табуына өте қажетті кәсіптік бағдар жұмыстары әлі де болса күрделі зерттеуді, жекеғылымсаласыретіндеқарастыруды талап етеді.

Әдебиттер

1 ГальтонФ. Методика трудового обучения и общетехнических дисциплин.-М.: Просвещение,1982.-286с.
2 Дүйсембекова Ш.Д., Смагулова Ғ.А. Балаларға мамандықтаңдауға байланысты кәсіптік бағдар беру жүйесі. Қазақстан Республикасының педагогикалық білімін жүйелі жаңғырту: мәселелері, шешу жолдары т.б. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары.-Алматы:Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016.–730б.
3 Кәсіптік педагогика.Оқу құралы/Г.А.Мұратбаева Алматы:Қыздар университеті,-2017.-304б.
4 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі.«Педагогика және психология»Алматы,2002.
5 ҚұсайыновА.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы.–Алматы, 2013.– 196б.
6 Мұратбаева Г.А., Қоңырбаева С.С., Бейсембаева К.Д. Болашақ педагог-психолог мамандардың эмпатиясының кәсіби сапа ретінде\қарастырылуы. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің, Хабаршысы№3 (45), Педагогика сериясы,2013.

ӘОЖ 37.3:371.382:37.035.6

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЖАҢА МАТЕРИАЛДАРДЫ ПЫСЫҚТАУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Зәкірбек Ә.Ә. - ТП 23-10к1 тобының студенті
Джахаева А.П. - магистр**,** аға оқытушы

Жаңа түсінікті қалыптастыру процесінде оқушының назары оқу-танымдық әрекетке, жаңа оқу материалдарын меңгеруге бағытталады. Мұның да белгілі заңдылықтары бар. Ғалымдардың айтуынша, материалдарды жақсы есте сақтау үшін оқушы ол материалдармен түрліше жағдайда ең кемінде алты рет кездесуі керек.

Жаңа түсініктерді қалыптастырудың процесін оны меңгерту әрекет-тәсілін қалыптастыру мен дамытудан (ол сабақтың дидактикалық компонентінің екінші бөлігі) ажыратып алып қарауға болмайды.

Шын мәнінде, оқушы мұғалімнің сөзін дұрыс түсініп, қабылдауы үшін оның сөздік қоры мол болуы тиіс, байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеріп, мұғалімнің айтқанын түсініп тыңдай білуі керек.

Осыдан келіп, сабақтың екінші кезеңінде коммуникативтік топтарға жататын көптеген жалпы оқу икемділіктері мен машықтарын қалыптастыру мұғалімнің басты міндеті болып табылады.

Сонымен бірге қорытындылау, жинақтау және жүйелеу - материалды жаңғырту мақсатымен қысқаша толық бейнелеп суреттеп көрсететін тапсырмалар жүйесін орындау арқылы жүзге асады.

Енді оқыту әдістеріне тоқталайық. Білім алу көзіне қарай оқыту әдістерін ғалымдар былайша топтастырады.

Оқыту әдістері сөз жүзіндегі әдістер болып бөлінеді. Көрнекі әдістер, іс-тәжірибелік әдістер болып бөлінеді. Сөз жүзіндегі әдістер: әңгімелеу, әңгіме дәріс, оқу - білімдік сайыс, оқулықпен жұмыс.

Көрнекі әдістер: бақылау, байқау, бейнелеу, көрнекі құралдармен, бейне, көркем - сурет, құжатты фильмдерді көрсету, эксперимент.

Іс-тәжірибелік әдістер: жаттығу, жазба жұмыстары, сызба, графиктік. машықтану жұмыстары.

Оқыту әдістерін оқушылардың ойлау әрекетінің, қызметінің тәсілдері бойынша топтастыру.

Оқыту әдістері: түсіндірмелі иллюстративтік, репродуктивтік, білгірлік баяндау, жеке (жартылай) ізденіс эвристикалық зерттеушілік. Оқыту әдістерін топтастыру: Мұғалімнің білімді, ауызша баяндау, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру әдістері:

әңгіме, түсіндіру, дәріс, бейнелеу мен көрсету; Өтілген материалды бекіту әдістері:

әңгіме, оқулықпен жұмыс;

Жаңа материалды меңгеру, қабылдау, түсіну саласында оқушылардың өз бетінше істейтін жұмыстарының әдістері:

оқулықпен жұмыс, зертханалық жұмыс;

Алған білімдерін іс-жүзінде қолдану үшін дағды мен икемділігін қалыптастыру үшін оқу жұмысында қолданатын әдістері:

жазбаша және іс-тәжірибелік жаттығулар; Оқушылардың білімін, икемділігі мен дағдысын тексеру мен бағалау әдістері:

күнделікті бақылау, оқушылар жұмысын ауызша сұрау. Сабақтың бағалау, баға қою, тексеру, бақылау жұмысын, үй жұмысын тексеру, программалық бақылау.

Мұғалімнің білімді ауызша баяндау, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру әдістері.

Өтілген материалды бекіту әдістері.

Жаңа материалды меңгеру, қабылдау, түсіну саласында оқушылардың өз бетінше істейтін жұмыстарының әдістері.

Ал өз бетінше жұмыс дегеніміз не? Ол туралы ғалымдардың пікірі қандай?

"Өзіндік жұмыстың мәнін анықтауды оқушылардың оқу сабақтарына арналған және өзіндік дайындығына кететін қосымша уақыттарға жіктейтін жоғары оқу орындары процесінің құрылысына қарастыру керек" - дейді С.И.Архангельский.

Қазіргі сабақтарда ол ерекше нәтижеге жетіп отыр, себебі, өздігінен жұмыс істеу әрекеті үрдісінде ғана оқушы білімді меңгеруінде қол жеткен жетістікке жетеді. Сабақ үстінде оқушылар өз мүмкіндіктерінше өздігінен еңбектену қажет, ал мұғалім - оқушылардың өздігінен жұмыс істеу барысын жетекшілікке алып оны орындауға тапсырма беру қажет. Оқу үрдісінде өзіндік жұмысы деп, мұғалімнің ұйымдастырылуымен оқушылардың белсенділік әрекетін белгілі уақыт ішінде алға қойған дидактикалық мақсатты, орындауға бағытталған; білімді іздеу, оны ұғыну, бекіту, білік және дағдыны қалыптастыру және дамыту, білімді жүйелеу және талдап қорытуды айтамыз. Дидактикалық құбылыс сияқты өзіндік жұмыста өз алдына бір жағынан оқу тапсырмасы, яғни оқушылардың орындауы қажет жұмыс, екіншіден, тиісті әрекет түрі: ес, ойлау, шығармашылық қиялы оқушылардың оқу тапсырмасын орындауда, бұрын белгісіз болған мүлде жаңа біліммен қаруландырып, әрекет үрдісінде алған білімдерін толықтыруды және кеңейтуді көрсетеді. Демек, өзіндік жұмыс, ол оқытудың мынадай құралы:

- әр нақтылы дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуі;
- оқушыда оның әр әрекет кезеңінде, білмеуден білуге, білім, білік және

дағдыларының қажетті көлемі мен дәрежесін белгілі танымдық міндеттер тобын шешуге және ойлау әрекетінің дәрежесі ілгері төменнен жоғары дамуына сәйкес келуі;

оқушылардың психологиясын өздігінен білім жүйесін толықтыруға, іскерліктерін ғылыми және қоғамдық жаңалықтар төңірегінде жаңа танымдық міндеттерді шешуге төселдіруге бейімдеу;

педагогикалық жетекшіліктің басты құралы және оқу үрдісінде оқушылардың танымдық ізденімпаздығы әрекетін басқарушы болып табылады[12,254].

Осыған байланысты педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Сабыровтың "Оқушылардың белсенділігін арттыру жолдары" атты еңбегінде оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы мен міндеттерін айрықша ашып, былайша анықтама берді:

"Оқушылардың өзіндік жұмысы жеке өз алдына оқыту әдісі бола алмайды. Оның себебі: мұндай жұмыстардың өзі әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады"

Әрбір оқыту әдісі оқушылардың өзіндік жұмысын қамтиды. Оқыту әдісінің міндеті - оқушылардың дербестігін арттыру, өздігінен жұмыс істей білуге баулу. Өзіндік жұмыстың өз алдына оқыту негізі бола алмайтынының тағы бір себебі - оның өзі басқа бір принциптерге тәуелді: дәлірек айтқанда, білім алудағы оқушылардың белсенділігі мен саналылығы, ең алдымен оқушылардың дербестігін; өздігінен оқу, білім алу дағдысын қалыптастыруды талап етеді.

3. Мектептегі оқу жұмысының сапасы, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болатынын ескеру шарт.Сондай-ақ білімге деген құштарлық, өз бетімен жұмыс істеу қабілеті мен өздігінен білім алу тәсілдері адамның саласында неғұрлым ертерек оянып қалыптасса, соғұрлым оның жүйелі шығармашылық еңбек етуіне мол жағдай туатынын күнделікті тәжірибеден байқатып жүр. Демек, олай болса, әрбір адамды осындай білім алу жүйелеріне мектеп қабырғасынан бастап дайындаған дұрыс.

Әдебиеттер

1 Т.Әбдіғалиев.Ж.Қ.Балтабаева. Бастауыш класс оқушыларының оқу икемділігі мен машығын қалыптастыру. Алматы- «Мектеп», 2007ж.
2 Педагогика. Дәріс курсы, Алматы, «Нұрлы әлем» 2013ж. 368 б.
3 Тұрғынбаева.Б.А. «Дамыта оқыту технологиялары». Оқу- әдістемелік құрал, Алматы; 2010ж. - 90бет.
4 Р.Г.Лемберг Содержание и структура учебной деятельности школьников. –М.:Наука, 1973. -178 с.
4 Асылов.Ұ.Ә. Педагогика және психология. Қазақ тілітерминдерінің сапалық ғылыми түсіндірме сөздіктері. Алматы, «мектеп», 2002-254б.
5 Т.Сабыров. Оқушылардың белсенділігін арттыру жолдары.Алматы, 2005,18б.

ӘОЖ 371.64

КІТАПХАНАДА ЖАСТАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Исахан А.Т – ТП-23-14к тобының студенті
Тоиева М.Е – кітапхана ісі магистрі, аға оқытушы

Жастар – кез келген қоғамның болашағы, әрі оның дамуы мен гүлденуінің негізі. Сондықтан жастардың бос уақытын тиімді өткізу – тек жеке тұлғаның емес, бүкіл қоғамның мәдени және интеллектуалды деңгейін арттырудың маңызды құралы. Бүгінгі таңда кітапхана жастардың білім алу, рухани байыту және шығармашылық қабілеттерін дамыту алаңы ретінде ерекше рөл атқарады. Қазіргі қоғамда жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру – маңызды мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда кітапханалар тек кітап оқитын орын ғана емес, жастардың дамуына ықпал ететін мәдени-ағартушылық орталыққа айналып келеді. Кітапханалар жастарды білімге баулып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жаңа дағдыларды игеруге және қоғамдық белсенділіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан кітапханаларда жастардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған іс-шараларды ұйымдастыру өзекті мәселе болып табылады.Жастардың бос уақыты – олардың тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Егер бұл уақыт дұрыс ұйымдастырылмаса, олар әлеуметтік желілерде шамадан тыс уақыт өткізу, зиянды әдеттерге бой алдыру сияқты мәселелерге тап болуы мүмкін. Сондықтан кітапхана бос уақытты пайдалы өткізуге жағдай жасайтын ең тиімді орындардың бірі болып табылады.

Кітапханалар жастардың қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру керек.Түрлі тақырыптар бойынша дебаттар, брейн-ринг, викториналар және квесттер өткізу жастардың ойлау қабілетін дамытып, логикалық ойлау жүйесін нығайтады.Қолөнер, көркем жазу, сурет салу, бағдарламалау, тіл үйрену бойынша шеберлік сыныптары жастардың жаңа дағдыларды меңгеруіне көмектеседі.Белгілі бір тақырыпқа байланысты фильмдер көрсету және оларды талқылау жастардың аналитикалық ойлауын дамытып, көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.Кітапханаларда еріктілер қозғалысын ұйымдастырып, жастарды әлеуметтік жобаларға тартуға болады. Бұл олардың азаматтық жауапкершілігін арттырады.Кітапханалар электронды кітаптар мен аудиокітаптарды ұсыну арқылы жастардың қызығушылығын арттыра алады. Сонымен қатар, онлайн оқырмандар клубтарын ұйымдастыру да тиімді.Сонда ғана біздің кітапханаларымызға деген қоғамның ойы өзгеріп,қызығушылықтары артады деген ойдамын.

Қорытындылай келе, Жастардың бос уақытын тиімді және мазмұнды ұйымдастыру – қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі. Кітапхана осы мақсатта мәдени және білім беру орталығы ретінде ерекше рөл атқарады. Ол жастардың білімін тереңдетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және оларды жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кітапхана тек кітап оқуға арналған орын ғана емес, сонымен қатар жастардың жаңа идеялармен алмасып, шығармашылықпен айналысатын, рухани байитын алаңы болуы тиіс. Бүгінгі заман талабына сай кітапханалар дәстүрлі қызметтермен шектеліп қалмай, заманауи технологиялармен жабдықталған, инновациялық орталықтарға айналуы керек. Мысалы, цифрлық кітапханалар, коворкинг кеңістіктер, интерактивті іс-шаралар, шеберлік сабақтары мен әдеби кештер жастардың бос уақытын қызықты әрі пайдалы өткізуге мүмкіндік береді.Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшаларды пайдалану арқылы кітапхананың қызметін насихаттау – жастарды тартудың тиімді жолы. Онлайн форматта шексіз ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі жастардың кітапханамен байланысын нығайтады және олардың білімге деген құштарлығын арттырады.Кітапхана жастарды шығармашылыққа баулып, олардың жаңа білімді игеруіне, қоғамдық белсенділікке қатысуына ықпал етеді. Олардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру – рухани дамыған, білімді, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеудің негізі. Осы орайда, кітапхана – қоғамның интеллектуалдық дамуының басты тіректерінің бірі болып қала береді.

Әдебиеттер

1. Ахметова, Г. Ж. "Қоғамдағы кітапхананың рөлі" – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Оспанов, Б. С. "Жастар және кітап оқу мәдениеті" – Астана: Фолиант, 2019.
3. Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" заңы. – ҚР Әділет министрлігі ресми сайты.
4. Юнеско. "Кітапханалар мен жастар: қазіргі заманғы үрдістер" – ЮНЕСКО басылымы, 2021.
5. Қазақстанның ұлттық электронды кітапханасы – ресми дереккөз.

ӘОЖ 26.8 (75)

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Исахан Т - ТП-24-16кр тобының студенті,
Абдукаримова Ұ.А – магистр, аға оқытушы

Цифрлық технологиялар қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларына еніп кетті. Балалар жас кезінен бастап әртүрлі гаджеттер мен смартфондарды игере бастайды, интернеттегі ақпараттық ортаға үйреніп, туындаған сұрақтарға тез жауап беру үшін жаңа ақпарат көздерін табады. Педагогикалық ортада білім беруді цифрландыру мәселесін талқылау әсіресе соңғы уақытта өзекті болды, өйткені бұл білім беру үдерісіндегі жаңа құбылыс. Тақырыпты зерттеумен айналысатын көптеген ғалымдар оқу ортасындағы цифрлық технологияның теориялық және практикалық маңыздылығы туралы әртүрлі пікірлер айтады. Олар цифрландыру көптеген оң нәтижелерге қол жеткізгенімен, технологияны білімге сәтті енгізуді қиындататын жағымсыз аспектілер де бар екенін атап өтті. Бұл мәселе әсіресе инклюзивті білім беру контекстінде маңызды. Инклюзивті оқытуға цифрлық технологияларды енгізу олардың белгілі бір білім беру ортасында тиімді пайдаланылуына әсер етуі мүмкін бірқатар қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Инклюзивті білім-бұл барлық балалар физикалық, психикалық, сенсорлық немесе басқа сипаттамаларына қарамастан қоғамда білім алуға құқылы тәсіл. Соңғы жылдары инклюзивті білім беру тұжырымдамасы, әсіресе өмірдің барлық салаларын жедел цифрландыру жағдайында өзекті бола бастады. Цифрлық технологиялар әр оқушының қажеттіліктеріне бейімделе алатын білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ете отырып, инклюзивті тәсілді жүзеге асырудың жаңа көкжиектерін ашады. Білім беруді цифрландыру, әсіресе қашықтықтан және гибридті оқытуға көшу контекстінде оқу процесін өзгертудің маңызды факторына айналды. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған білім беру әдістемелерін бейімдеу қажеттілігі педагогтар мен білім беру мекемелері үшін өзекті міндетке айналуда [1].

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты-барлық оқушылар үшін тең мүмкіндіктер жасау. Бұған барлық оқушылар білім беру іс-шараларына қатыса алатындай оқу процесі мен оқу ортасын бейімдеу арқылы қол жеткізіледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері:

1. Қолжетімділік - барлық балалар үшін сапалы білімге қол жеткізудің кепілдігі.

2. Бейімделу-оқу бағдарламалары мен әдістемелерін оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

3. Қолдау-ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға психологиялық және педагогикалық қолдау жүйесін құру [2].

Білім беруді цифрландыру білім беру ресурстарына қолжетімділікті кеңейтуге, оқушылар мен мұғалімдердің өзара іс-қимылын жақсартуға, сондай-ақ оқу жолдарын дараландыруға мүмкіндік беретін оқу процесіне технологияларды енгізуді қамтиды. Қашықтықтан және гибридті оқыту жағдайында онлайн платформалар, бейне оқулықтар және интерактивті қосымшалар сияқты технологиялар өзара әрекеттесудің негізгі құралдарына айналды.

Білім беру процесін цифрландыру инклюзивті тәсілді іске асыру үшін жаңа мүмкіндіктер береді. Цифрлық технологиялардың инклюзивті білімге әсер етуінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

1. Білім беру ресурстарына қол жеткізу. Интернет және әртүрлі білім беру платформалары материалдарды барлық оқушыларға қолжетімді етеді, бұл әсіресе физикалық шектеулерге тап болғандар үшін маңызды. Мысалы, МООС (жаппай ашық онлайн оқыту) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қай жерде болса да жоғары сапалы білімге қол жеткізуге көмектеседі.

2. Адаптивті технологиялар. Дислексия, есту қабілеті бұзылған немесе басқа да ерекше қажеттіліктері бар балаларға көмектесетін мәтінді оқу бағдарламалары, субтитрлеу жүйелері және т.б. сияқты арнайы технологиялар бар. Бұл технологияларды әр оқушының жеке білім беру қажеттіліктеріне бейімдеуге болады.

3. Онлайн курстар мен ресурстар. Онлайн курстарды ұсынатын платформалар сабақтарды қызығушылықтары мен дайындық деңгейлері бойынша топтастыратын ерекше қажеттіліктері бар балаларға қосымша білім беру үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл дәстүрлі сабақтарға қысымды төмендетеді және оқушыларға ыңғайлы қарқынмен оқуға мүмкіндік береді.

4. Әлеуметтік интеграция. Цифрландыру ерекше қажеттіліктері бар оқушылар мен қалыпты оқушылармен қарым-қатынас жасай алатын виртуалды қауымдастықтарды құруға көмектеседі. Бұл әлеуметтік интеграция мен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етеді.

Әлеуметтік интеграция және цифрландыру ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың құрдастары арасындағы өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін құруда маңызды рөл атқарады. Сандық платформалар арқылы құрылған виртуалды қауымдастықтар өзара түсіністік пен достық қарым-қатынасты қалыптастырудың қуатты құралы бола алады, бұл барлық қатысушылардың эмоционалды жағдайына жағымды әсер етеді. Осындай платформалар арқылы тәжірибе, ақпарат және қолдау алмасу жүреді, бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға қоғамда өздерін көбірек сезінуге және қабылдауға көмектеседі. Бірлескен жобалар, топтық тапсырмалар және онлайн-іс-шаралар оқушылар арасындағы достық пен өзара көмекке ықпал етуі мүмкін. Алайда, екінші

жағынан, қашықтықтан оқыту әлеуметтік оқшаулануға әкелуі мүмкін бетпе-бет байланыс пен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін [3].

Көптеген артықшылықтарға қарамастан, цифрландыру жағдайында инклюзивті білім беруді енгізу бірқатар проблемаларға тап болады:

1. Ресурстардың жетіспеушілігі. Барлық оқу орындарында қажетті цифрлық ресурстар мен жабдықтар жоқ, бұл инклюзивті оқытуға қол жетімділіктің теңсіздігіне әкелуі мүмкін.

2. Педагогтарды даярлаудың болмауы. Көбінесе мұғалімдер цифрландыру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істеу үшін жеткілікті білімге ие болмайды. Олардың құзыреттілігін арттыру үшін мұғалімдермен әдістемелік жұмыс әсіресе маңызды.

3. Қол жетімділік мәселелері. Цифрлық технологиялар білімге қол жетімділікті жақсарта алатынына қарамастан, олар жаңа кедергілер тудыруы мүмкін, мысалы, кейбір аймақтарда интернет байланысының болмауы немесе қол жетімді құрылғылардың болмауы. Технологияға тең емес қол жетімділік, яғни ерекше қажеттіліктері бар балалар қажетті құрылғылар мен Интернетке қол жеткізуде қиындықтарға тап болуы мүмкін.

4. Өзгерістерге төзімділік. Кейбір білім беру мекемелері инклюзивті білім беру мен цифрлық технологияларды енгізуге дайын болмауы мүмкін, бұл ұсынылған тәсілді жүзеге асыруда қосымша қиындықтар туғызады.

5. Бейімделген мазмұнның болмауы: барлық білім беру платформалары әртүрлі ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін маңызды емес және олардың мазмұны жеке қажеттіліктерді ескермеуі мүмкін.

6. Әлеуметтік оқшаулану: қашықтықтан оқыту әлеуметтік өзара әрекеттесуді төмендетуі мүмкін, бұл әсіресе осы аспектіде қолдауды қажет ететін балалар үшін өте маңызды.

Байланыс орнату қиынырақ балалар үшін құрдастарының физикалық қатысуының болмауы үлкен кедергі болуы мүмкін. Маңызды аспект-цифрландырудың артықшылықтарын да, әлеуметтену тұрғысынан ықтимал кемшіліктерді де ескеретін білім берудің теңдестірілген тәсілін құру. Виртуалды және нақты кеңістікте оқушылардың белсенді өзара әрекеттесуіне ықпал ететін бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу осы кедергілерді жеңуге көмектеседі.

Цифрландыру жағдайындағы инклюзивті білім беру-бұл білім беру процесінің барлық қатысушыларын белсенді тартуды талап ететін күрделі, бірақ қажетті процесс. Инклюзияның заманауи технологиялары мен әдістерін қолдану ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін олардың үйлесімді дамуы мен әлеуметтік интеграциясына ықпал ететін жайлы білім беру ортасын құруға көмектеседі. Цифрлық дәуірде инклюзивті тәсілдерді тиімді енгізу білім сапасын жақсартып қана қоймай, барлық балалар үшін әділеттілік пен тең мүмкіндіктерге ықпал ете алады. Цифрландыру жағдайында инклюзивті білім беру күрделі, бірақ перспективалы міндет болып табылады. Әдістер мен технологиялардың дұрыс үйлесуі барлық оқушылар үшін, әсіресе ерекше қажеттіліктерге тап болғандар үшін білім сапасын айтарлықтай жақсарта алады. Білім беру мүмкіндігіне қарамастан барлығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін инновациялық тәсілдерді дамытуды және енгізуді жалғастыру маңызды.

Әдебиеттер

1. Галицкий В. П. Инклюзивное образование: теория и практика. М.: Академия, 2020.85с
2. Франц Е. В. Цифровизация образования: новые вызовы и возможности. СПб.: РГПУ им. А. И. Герцена, 2021.120с
3. Тихомиров А. Н. Психологическая поддержка инклюзивного образования: методические рекомендации. М.: Просвещение, 2019.80с

ӘОЖ 37.013.42

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРІКТІЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Исахан Т.Н. - ТП-24-16кр тобының студенті
Мусаханова Г.М. - магистр, аға оқытушы

Әлеуметтік жұмыстағы еріктілік қызмет халықтың әлеуметтік топтарына, мысалы, балаларға, мүгедектерге, қарттарға, жетімдерге және т.б. көмек көрсетуге бағытталған. Еріктілер бұл адамдарға өмірдің түрлі қызметтерінде, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру,, әлеуметтік жұмыстар, спорт, мәдениет.

Қазақстандағы еріктілік қозғалысты қоғамдық бірлестіктер, қайырымдылық қорлар, мемлекеттік органдар және басқа да түрлі ұйымдар ұсынады. Еріктілік қозғалыстардың ең белсенді қатысушылары жастар, студенттер және шығармашылық кәсіп өкілдері [1]. Еріктілерді тартатын әлеуметтік жұмыс ұйымдарының әртүрлілігі волонтерлерге олардың қызығушылықтары мен дағдыларына сәйкес келетін қызмет саласын таңдауға мүмкіндік береді. Олар білім беру, денсаулық сақтау, апатты жою, босқындармен жұмыс және басқа салаларда көмек көрсете алады.

Еріктілік көмекке мұқтаж жандардың өмірін жақсартып қана қоймайды, сонымен бірге күшті және қолдау көрсететін қоғамдастық құруға айтарлықтай үлес қосады. Еріктілік іс-шараларға қатысу олардың жеке қасиеттерін дамытып қана қоймай, қоғамдық белсенділік пен азаматтық жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Еріктілердің қоғамға ықпалын бірнеше негізгі аспектілерге бөлуге болады:

- әлеуметтік-экономикалық аспект: волонтерлік кедейлік, теңсіздік және жұмыссыздық сияқты әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі. Еріктілер мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етеді. - мәдени аспект: волонтерлік қызмет мәдениет пен өнерді дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға, жастарды патриоттық және азаматтық рухта тәрбиелеуге ықпал етеді.

- психологиялық аспект: волонтерлік қызмет адамдарға өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға, өзін-өзі бағалауды арттыруға, қажет және пайдалы сезінуге көмектеседі [2].

Әлеуметтік жұмыстағы еріктіліктің бірқатар оң аспектілері бар:

-әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде кедейшілікті, теңсіздікті және әлеуметтік теңсіздіктерді шешу.

- азаматтардың қоғамдық және әлеуметтік белсенділігін дамыту.

- жастар арасында азаматтық жауапкершілік пен әлеуметтік ынтымақтастықты тәрбиелеу. Қазақстанда еріктілік идеясы 1993 жылдан бастап дамыды. Бұл процеске Біріккен Ұлттар Ұйымының еріктілер бағдарламасы серпін берді. Қазіргі уақытта Қазақстанда көптеген дербес еріктілер бастамалары мен топтары жұмыс істейді. Соңғы жылдары еріктілік қызметі дамып Қазақстандағы азаматтық қоғамның жетекші институттарының біріне айналды [3].

Қазақстандық еріктілердің волонтерлік жұмыс дағдыларын меңгеруі олардың ауқымды халықаралық іс-шараларға қатысуымен байланысты болды. Бұл елімізде еріктілік қызметтің кең таралуына оң әсерін тигізгені сөзсіз. Қазақстанда еріктілер қозғалысы туралы ғылыми зерттеулер жүйелі түрде жүргізілуде. Статистиктерді қазақстандықтардың ерікті қызметіне деген мотивациясы қызықтырады. Сараптама нәтижелері бойынша қазақстандық еріктілердің әрекеті батыстық еріктілерден белгілі бір жағынан ерекшеленеді. Осылайша, еуропалық еріктілер өз жұмысын әлеуметтік кеңістіктегі және мансаптық өсудегі бейімделу механизмі ретінде ұтымды бағалайды. Отандық миссионерлер бұл қызметке азаматтарға көмектесуге деген қарапайым ниетпен айналысады. Еріктілердің жас құрамы қызығушылық тудырады: қазақстандық волонтерлердің жартысы – таныстар желісін кеңейтуге, конкурстық бағдарламалар мен гранттарға қатысуға, өзекті ақпарат алуға бағытталған жастар болды.

Қазақстанда еріктілік қызметтің пайдасы зор. Яғни, бұл топта жұмыс жасаудың жаңаша дағдыларымен тәжірибесін алуға болады. Еріктілік - бұл өзін-өзі дамытуға және жаңа қызықтыратын тапсырмаларды табудың тамаша мүмкіндік. Сонымен қатар, Қазақстандағы еріктілік қызметі жаңа әлеуметтік байланыстарды орнатуға, көптеген адамдармен танысу үшін және ой-өрісті кеңейтеді. Сонымен қатар, еріктілік жобаларға қатысу сізді қоғамның пайдалы және ізденетін мүшесі ретінде сезінуге көмектеседі, бұл айтарлықтай рухани қанағат әкеледі. Қазіргі таңда елімізде еріктілік қызмет дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Қазақстан халқы, әсіресе жас ұрпақ қоғам игілігі үшін ерікті еңбек әркімге қажет екенін және бүкіл елдің табысты өмір сүруінің шарттарының бірі және мұқтаж адамдарға, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қатысты адамгершілік қасиеттерді көрсету мүмкіндігі екенін ұғынды. Уақыт өте келе қоғамға, адамдарға пайдалы болуға ұмтылу әрбір адамның өмір сүру нормасы мен салтына, қоғамның адамгершілік стандартына айналуы тиіс [4].

2020 жылы – «Біз біргеміз» ұранымен өткен Қазақстандағы «Еріктілер жылы» аясында басталғаны ерекше. Оны әзірлеушілер нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және еріктілердің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін бағалаудың ұлттық әдістемесін құру арқылы еріктілік қызмет үшін қолайлы жағдай жасау мақсатын көздеді. Сонымен қатар, жастар арасында волонтерлік әлеуетті ашу, корпоративтік волонтерлік қызметті дамыту, еріктілер мен мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесу механизмдерін жетілдіру міндеттері қойылды.

Ал еріктілердің өздеріне келетін болсақ, қазақстандық қоғамда олар негізінен жастар, дәлірек айтсақ, белсенді студенттер. Әртүрлі зерттеулерге сәйкес, еріктілердің 65 пайызы 29 бен 54 жас аралығындағы адамдар болса да, бұл стереотипті растамайды. Еріктілер жылында «күміс» деп аталатын ерікті, яғни жасы 55-тен асқан волонтерлерді кеңінен насихаттауға көңіл бөлінуінің бір себебі де осында.

«Қазақстан жастары: Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» ұлттық баяндамасының авторларының пікірінше, жастардың волонтерлік қызметке көзқарасы азаматтық қоғам дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Ол әлі даму сатысында болса да, жастардың шамамен 5,1 пайызы белсенді еріктілер болса, 14,6 пайызы тұрақты емес қатысады. Жас топтары бойынша ең белсенділер 19-23 жас аралығындағы жастар, бұл оқу кезінде және оқуды бітіргеннен кейін волонтерлік қызметке қатысу мүмкіндіктерінің кеңдігімен түсіндіріледі. Дегенмен, кіші жас тобы (14-18 жас) одан қалыспайды – зерттеу олардың сұранысы мен жоба түріне қатысуға дайын екенін көрсетті.

«Жас қазақстандықтардың волонтерлік қызметке қатысу мотивтерін талдау көрсеткендей, бұл санат бірінші кезекте тек гуманитарлық себептермен – басқаларға көмектесу ниетімен айналысады (75,3 пайыз).

Ең қызығы мектеп оқушыларының мотивтері. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кіші жастағы топ өкілдері өмірлік тәжірибе жинақтау және жаңа достар табуға ұмтылу мақсатында волонтерлік қызметке

қатысуға дайын екендіктерін көрсетеді. Бұл топтың тағы бір ерекшелігі, оның белгілі бір бөлігінде волонтерлік қызмет қазірдің өзінде отбасылық дәстүр болып табылады», - дейді баяндама авторлары.

Соңғы уақытта оң тенденция да күшейді, мұнда әлеуметтік жауапкершілікті дамыту, оның ішінде волонтерлік, қайырымдылықты дамыту, дағдарыс орталықтарын нығайту ҮЕҰ, әсіресе, жастар ҮЕҰ жұмысының маңызды аспектісіне айналып отыр. Жалпы, сарапшылар елде волонтерлік қызмет туралы жаңа түсінік қалыптасқанын атап өтті. Егер бұрын волонтерлік альтруизм ретінде қарастырылса, бүгінде ол қоғамға пайдалы жұмысты өзін-өзі дамыту және мансаптық өсумен біріктіруге ұмтылу ретінде қарастырылады. «Әрине, адамдардың волонтерлік қызметке қосылуының басты мақсаты – өз дағдылары мен жеке қасиеттерін жетілдіру, бірақ соңғы жылдары олар мұны өз түйіндемелерін толтыру, уақытты пайдалы өткізу, сонымен қатар жұмыс тәжірибесін жинақтау және кәсіби салаға қатысу үшін жасауда», - деп түйіндейді зерттеушілер.

Сондай-ақ еріктілік - бұл шын жүректен жасайтын жұмыс деп айта аламыз. Еріктілер әртүрлі салаларда толығымен тегін көмек көрсетеді. Аурухана мен қарттар үйіне көмектесетіндер бар. Біреу үйсіз иттер мен мысықтарды ойлайды. Басқа ұйымдар балалар үйлеріне көмек көрсетуге маманданған. Әрине, кез келген волонтерлік жұмыс құнды, бірақ бейресми түрде іздеу топтары еріктілік қозғалыстың элитасы болып саналады [5].

Көптеген еріктілер іздеушілердің жұмысында ерекше жауапкершілік барын мойындайды. Өйткені, дәл осы топтардың жұмысы кейде адамның өмірін анықтайды.

Бұл ретте еріктілік қызметпен айналысуды жоспарлап отырған әрбір адам еріктілер ең алдымен ерікті түрде қоғамдық пайдалы қызметке тартылатын барлық жерде кездесетін адамдар екенін есте ұстаған жөн [6].

Волонтерлік іс (лат. тілінен voluntarius — ерікті) – қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтерлікпен айналасатын адамдарды волонтер деп атайды. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға жатады.

Волонтерлік (ерікті) қызмет:

- Ағаш, өсімдіктер, көгалдар, түптерді отырғызып, өсіру;
- Азаматтардың мынадай сияқты әлеуметтік санаттарына көмек: егде адамдар, қамқорсыз бала-шағалар, баспанасыз адамдар, жастар, студенттер, мүмкіндіктері шектеулі адамдар (мүгедектер), бұрынғы тұтқындар, т.б;
- Жануарларға көмек, қорықтар мен хайуанаттар саябағына ерікті көмек;
- Ауланы, телімдерді, қалалық көшелерді абаттандыру;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Экологияны жақсарту: қоқыстарды жинау, сенбіліктерді ұйымдастыру т.б;
- Қайрымдылық концеттері мен театр қойылымдары;
- Нашақорлық, СПИД, жасөспірімнің айыпкерлігін алдын алуға арналған оқтаулы әңгімелерін жүргізу;

Волонтердің еңбегі ақысыз. Волонтерлер – тек альтруистер емес, олар тәжиребе алу үшін, дағдыларды және білімдерді арттыру үшін, дербес қарым-қатынастың қағидаларын білу үшін жұмыс істейді. Көбінесе волонтерлік қызмет – төленетін жұмысқа жол салады, бұл жерде адам өзін жақсы жақтан көрсете алады, өзін әртүрлі қызмет аясында сынап көріп, өмірлік жолын анықтай алады.

Әдебиеттер

1. Волонтерство или асар: прошлое, настоящее и будущее. [Электронды ресурс] - URL: https://assembly.kz/ra/news/volonterstvo-ili-asar-proshloe-nastoyashchee-i-budushchee/;
2. Уздембаева Б. Н., Дмитриев П. С. Қазақстан республикасында экологиялық еріктілер қозғалысының дамыту//ББК 72 М 75. - С. 189;
3. Амреева Елена, Виноградова Елена, Миронюк Татьяна, Трубова Надежда «Салалық волонтерлік нұсқаулық: BIRGEMIZ BILIM»;
4. Неліктен қазақстандықтар волонтерлықпен айналысады. [Электронды ресурс] -URL: https://malim.kz/article/society/pocemu-kazaxstancy-zanimayutsya-volonterstvom-20034;
5. Никибаева, Галина Владимировна. "Волонтерлік жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиесіндегі инновациялық білім беру тәсілі ретінде" 21 ғасыр білімі: тәсілдер, технологиялар, әдістер: жинақ (2022). - С. 316;
6. Сарпеков, Р.К. " Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңнамасы: талдау, мәселелер және жетілдіру" Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Хабаршысы 3 (74) (2023) - С. 22-30.

КОКА-КОЛАНЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Ихтияров А.Д. – оқушы
Ирисметова Э.Д. – бастауыш сынып мұғалімі
Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп

Кока-кола — әлемдегі ең танымал сусындардың бірі. Оның тарихы 1886 жылдан бастау алады және бүгінгі күнге дейін миллиардтаған адамдар күнделікті өмірінде тұтынып келеді. Кока-коланың бір бөтелкесі немесе банкісінің құрамында көптеген химиялық элементтер, қант, кофеин және басқа да заттар бар, бұл сусынның көптеген әсерін тигізуі мүмкін. Бұл мақалада Кока-коланың пайдасы мен зияны жайлы кеңінен түсіндіріледі.

Кока-коланың алғаш рет Джон С. Пембертон есімді химикпен жасалғандығы туралы айтылады. Оның негізгі құрамдас бөліктері қант, газ, кофеин және басқа да қоспалар болды. Осыдан бастап Кока-кола әлемде белгілі бір брендингке ие болды. Кока-коланың атауы "кока" ағашынан алынған дәрілі көсімдік пен "кола" жаңғағынан шыққан, олардыңқұрамында кофеин бар екеніайтылған. Жаңат ехнологиялар мен зерттеулердің арқасында, Кока-кола қазіртүрлі дәмдермен және қантсыз түрлерімен шығарылады.

Кока-коланың пайдасы

Кока-коланың құрамында кофеин мен қант бар, бұл оны денеге күш-қуат беретін сусын етеді. Кофеин жүйке жүйесіне әсер етеді, алаңдаушылықты азайтады, ақыл-ойды сергітеді және адамды белсенді етеді. Қант, өз кезегінде, ағзаға жылдам энергия береді. Бұл қасиеттер көбіне дене белсенділігі төмен кезде немесе ұзақ уақыт тамақ ішпегенде пайдалы болуы мүмкін.

Кока-коладағы кофеин — бұл орталық жүйке жүйесіне әсер ететін табиғи стимулятор. Кофеинның әсерінен ми нейротрансмиттерлерін ынталандырады, бұл адамның көңіл-күйін жақсартып, физикалық және психологиялық өнімділігін арттырады. Кофеиннің ықпалы арқасында адам шаршамайды және жүйке жүйесі сергіп, ми қанықболады.

Кока-кола құрамында белгілі бір минералдар бар. Мысалы, магний, калий және натрий дененің сұйықтық балансын сақтауға көмектеседі. Бұл минералдар дене үшін маңызды және ағзадағы негізгі физиологиялық процестердің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Кока-коланың құрамында осы элементтердің болуы кейбір адамдар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Кока-кола құрамындағы қант пен кофеин жүйке жүйесінын таландырады. Адамдарды уақытша сергіту мен олардың көңіл-күйін көтеру үшін пайдалы болуы мүмкін. Кейбір адамдар стресс пен шаршауды жеңілдету үшін Кока-коланы ішеді, себебі ол көңіл-күйді жақсартуға көмектеседі.

Кока-коланың зияны

Кока-коланың құрамында көп мөлшерде қант бар. Бір бөтелке Кока-кола 30-40 грамм қантты қамтуы мүмкін, бұл денсаулық үшін өте зиянды болуы мүмкін. Қанттың көп мөлшері қант диабеті, семіздік, жүрек аурулары және басқа да көптеген ауруларды тудыруы мүмкін. Қанттың көп тұтынылуы ағзадағы инсулин деңгейінің күрт көтерілуіне әкеледі, бұл метаболикалық бұзылуларға және салмақтың артуына себеп болуы мүмкін.

Кока-кола құрамындағы қышқылдар (фосфор қышқылы, лимон қышқылы) асқазанға зиян келтіруі мүмкін. Бұл қышқылдар асқазанның шырышты қабығына әсер етіп, оның тітіркенуіне әкеледі. Ұзақуақытбойы Кока-кола ішу асқазан жарасының, гастриттің немесе басқа да асқазан ауруларының дамуына себеп болуы мүмкін.

Кока-кола құрамында түрлі химиялық заттар мен консерванттар бар. Мұндай заттар ішек флорасына теріс әсер етіп, ағзаның иммундық жүйесінің әлсіреуіне себеп болуы мүмкін. Кейбір зерттеулерде Кока-кола құрамында болатын фосфор қышқылының сүйек жүйесіне зиян келтіретіндігі айтылған. Бұл зат сүйектердің әлсіреуіне, остеопорозға (сүйек тығыздығының төмендеуі) әкелуі мүмкін.

Кока-кола құрамындағы кофеин жүйке жүйесіне әсер етеді, бірақ оның тым көп болуы денсаулыққа зиянды. Кофеиннің шамадан тыс тұтынылуы ұйқының бұзылуына, бас ауруына, нервоздыққа, жүрек қағу жиілігінің артуына және қан қысымының көтерілуіне әкелуі мүмкін. Кофеиннің шамадан тыс тұтынылуы ағзадағы кальцийдің азаюына, сүйектердің осалдығына әсер етуі мүмкін.

Кока-коланың құрамындағы қант пен калориялар салмақтың артуына және семіздікке себеп болуы мүмкін. Семіздік — жүрек аурулары, қантдиабеті және басқа да көптеген аурулардың негізгі себебі. Кока-коланың көп мөлшерде ішілмеуі салмақтың артуына әкеліп соғуы мүмкін, өйткені ол энергия шығынынан асатын көп калорияларды береді.

Кока-коланың құрамындағы қанттың жылдам сіңірілуі ағзада қанттың күрт өсуіне және кейіннен оның төмендеуіне әкеледі. Бұл адамды уақытша белсендіетіп, бірақ оның энергия деңгейінің төмендеуіне себеп болуы мүмкін. Адамдар Кока-коланы жиі тұтынған кезде, энергияның біртіндеп төмендеуі байқалады, бұл жалпы шаршауға әкеледі.

Жаһанануға қарсы адамдардың трансұлтты корпорациялардың саясатымен күресі сол компаниялардың өнімдерін шайтандастыруға да алып келеді. “Кока-Кола” бұл жерде де соттар мен дауларбойыншабірінші орында, тіпті, бұл компания McDonald’s-ты газдалған сусындармен жабдықтайтын жалғыз жабдықтаушы да болып табылады.

Еріп кететін полиэтилен мен бұзылатын тістер мен ішкі органдар туралы әңгімелер. Үндістанда егін алқаптарына себу үшін пестицидтер ретінде газды сусындардып айдалануы. Сусынды унитаздар мен автомобиль моторларын тазартатын құрал ретінде қолдану. Қытайда спермицидті құрал ретінде қолдану. Бұл сусынды ішетін адамдардың әлі күнге дейін тірі жүргендігі біртүрлі қызық …

Енді, сусынды қандай да санатта қолдануға қатысы жоқ мифтар: “Кока-Кола” мормондардікі екен, фантанынацисттер ойлап шығарған, логотипті айна алдына қойып, теріс оқысаң мұсылмандыққа қарсы жарнаманы білдіреді екен.

“Маркс пен кока-коланың балалары” – Годардың ресейдегі ахуалға қатысты айтқан сөзін кейбір жағдайда ғана қолдануға болады. Маркстің Ресейге қатысты айтылуы түсінікті, ал кока-кола бізге тез жете қойған жоқ.

Шындығында, “Кока-Кола” әдетте Олимп ойындарының демеушісі болатын, ал, КСРО-да жағдай мүлдем өзгеше еді, тіпті, “Пепси” 70-ші жылдардың аяғынан бастап батыста кең тараған бренд болып табылатын «Столичная» арағын тарату құқығына ие бола отырып, кеңе снарығында бар болатындығын айтпағанда. Шешімі табылды: идеологиялық қарсыласпен ынтымақтасу арқылы газды сусынның жарқын атына «кір» келтірмеу үшін, Мәскеуде фанта сата бастады Дегенмен де, 90-шы жылдардың басынан бастап “Кока-Кола” бәсекелесін тез басып озды.

“Кока-Кола” барлық жерде бар. Онымен жұлдыз жорамал жасайды. Олар мияда да, космоста да бар. Олтіпті Санта-Клаусты да өз қолына алып алды –1931 жылы американдық Аяз Ата үшін қазір көзіміз үйреніп қалған қызыл-ақ костюмның жобасы жасалды. Ол – Демократиялық партияның бейресмиспутнигі (республикалықтар “Пепсиді” таңдайды).

“Кока-Коланың” алдында тұрған жаңа міндеті, корпорацияның маркетинг департаментінің бастығының сөзіне сүйенер болсақ, тұтынушыға жаңа жол табу: “Біздің ойымызша, біркүнбарысында тек кока-кола ғана жарайтын сәттер болады”. Енді, адамдар бәрін түсініп, жақын жердегі дүкенге қарай жүгіріп кетуі үшін сол сәттер туралы айтуымыз ғана қалды

Қорытындылай келе, кока-кола белгілі бір артықшылықтары мен зияндары бар сусын. Оның құрамындағы қант пен кофеин жүйке жүйесіне оң әсер етеді, қысқа мерзімді энергия мен сергектік береді. Бірақ оның құрамында көптеген химиялық заттар, қышқылдар мен қанттың жоғары мөлшері бар, бұл ұзақ мерзімді тұтынуда денсаулыққа зиянды әсер етуі мүмкін.

Кока-кола жедел энергия мен сергектік қажет болған жағдайда қолайлы болуы мүмкін, бірақ оны күнделікті ішіп тұтыну денсаулыққа теріс әсер етуі мүмкін. Сусынды ішуді шектеп, денсаулықты сақтау мақсатында теңгерімді диета мен дене белсенділігін ұстанған жөн.

Кока-коланың зиянды әсерлерінен қорғау үшін оның құрамын, мөлшерін бақылап, дұрыс тамақтану мен өмір салтын ұстану маңызды.

Әдебиеттер

1. Жұмабай, Т. (2015). Тамақтану және денсаулық: қанттың адам ағзасына әсері. - Алматы: Қазақ университеті.
2. Сұлтанбекова, Р. С., Мұқанова, Г. К. (2018).Қазіргі қоғамдағы дұрыс тамақтану және оның денсаулыққа әсері. - Алматы: Жазушы.
3. Азамат, Қ. Т. (2014). Тамақ өнімдерінің экологиялық қауіптері. - Алматы: Ғылым.
4. Жақсыбеков, С. Т. (2017).Қоғамдық денсаулық және қантты сусындар. - Астана: Фолиант.
5. Шмидт, А. Б. (2016). Адам ағзасына химиялық заттардың әсері. - Алматы: Мектеп.
6. Қалиев, Т. Қ. (2015). Тамақтану және салауатты өмір салты. - Алматы: Қазақ университеті.

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУ

Касимова Ф.Е. – ТП-21-13тк тобының студенті
Жандабаева И.С. – магистр, аға оқытушы

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері тақырыбы білім беру жүйесінің заманауи талаптары тұрғысынан өзекті болып тұр. Орта мектеп жасындағы жасөспірімдер болашақ мамандықты таңдау деген маңызды шешім қабылдау қажеттілігімен бетпе-бет келеді. Өмірдің бұл кезеңі тұлғаның дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін бетбұрыс кезеңі болып табылады.

Қоғамдағы заманауи өзгерістер кәсіби өзін-өзі анықтау кезеңінің мағыздылығын арттырады. Мамандықты дұрыс таңдаудың тек табысты мансап үшін ғана емес, сонымен қатар тұлғаның қанағаттануын қамтамасыз етудегі маңыздылығы осы процестің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін терең түсіну қажеттігін алға тартады. Кәсіби және ақпараттық қолдаудың жоқтығы болашақ жұмысқа орналасу сапасына және түлектердің әлеуметтік бейімделуіне әсер етуі мүмкін.

Бұл тақырыпты зерттеудің жоғары сынып оқушыларын кәсіби өзін-өзі анықтау процесінде қолдаудың тиімді бағдарламаларын жасауға бағытталған практикалық маңызы бар. Бұл процестің динамикасын ұғыну және осы жас тобына тән сипаттарды анықтау кәсіби салада табысты бастауға ықпал ететін білім беру стратегияларын құру жолындағы маңызды бастамалар болып табылады.

Ұсынып отырған мақаланың мақсаты – жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау процесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін тереңінен зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады: жоғары сынып оқушыларының контекстінде «кәсіби өзін-өзі анықтау» ұғымын жан-жақты зерттеу, талдау және олардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескеру. Мақала жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау процесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне назар аудара отырып, педагогика және психология саласындағы теориялық білімдерін кеңейтуге, жетілдіруге арналғанын ерекше атап кеткен жөн.

Әдебиеттерде кәсіби өзін-өзі анықтау тәсілдері әртүрлі. Мысалы, Э.Ф. Зеер және О.А. Рудей оны «кәсіптер әлеміндегі өз орнын анықтау, жасалынып жатқан жұмыста тұлғалық мәнді табу, жеке тұлғаның кәсіби дамуына түзетулер енгізу» деп анықтайды. Сондай-ақ, С.Н. Чистякова, оның ішінде әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық және жеке-психологиялық аспектілері кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңыздылығы туралы жан-жақты түсінік берді.

Бұл мақалада «кәсіби өзін-өзі анықтау» дегенде біз мамандықтар әлемін танып-білу және адамның таңдаған мамандығы мен білімінің талаптары, ерекшеліктері, субъективті тәжірибесі, жеке ерекшеліктері, қабілеттері, мүмкіндіктері мен мүдделері негізінде кәсіби жолды саналы түрде таңдау процесін түсінеміз.

Осылайша, мақала жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау процесінің негізгі аспектілерін жарыққа шығаруды, білім беру және педагогика мен психология саласындағы одан әрі зерттеу үшін құнды теориялық әзірлемелерді ұсынуды мақсат етеді.

Адамның кәсіби өзін-өзі анықтауында маңызды рөл оның кәсіптердің әртүрлілігін сезіну дәрежесіне жатады. Е.А. Климов кәсіптердің түрлерін, кластары мен топтарын анықтай отырып, мамандықтардың жіктелу жүйесін жасады. Классификацияның бірінші деңгейінде адамдарға, табиғатқа, технологияға, ақпаратты өңдеуге және көркемдік объектілерге бағытталған еңбекті қамтитын кәсіп түрлері ажыратылады. Екінші деңгейге түрлендіруші, гностикалық және зерттеуші кәсіптер сияқты мамандықтар жатады. Үшінші деңгей қолмен, механикаландырылған, автоматтандырылған және функционалдық кәсіптерді қамтитын кәсіптік топтарды енгізеді. Сонымен, төртінші деңгей тұрмыстық еңбек жағдайлары, моральдық қасиеттерге ерекше талаптар қойылатын кәсіптер, ерекше еңбек жағдайлары бар кәсіптер және ашық ауада жұмыс істеу сияқты кәсіптердің топтарын білдіреді.

Бұл классификация студенттерге мансап жолдарының әртүрлілігін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін мамандық таңдауға құрылымдық көзқарасты қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, болашақ кәсіптік қызметті саналы түрде таңдауға қолайлы жағдай жасалуы маңызды.

В.С.Мухинаның айтуы бойынша 15 пен 18 жас аралығындағы 9–11 сынып оқушылары болып табылатын жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін қарастырайық. Бұл жас кезеңінде жасөспірімдік шақ аяқталып, жастық шақ басталады, бұл тұлғаның дамып, қалыптасуына әсер етеді.

Жасөспірімдік кезеңде жоғары сынып оқушылары өздерінің «Менін» әртүрлі аспектілерін біріктірудің маңызды қажеттілігін сезінеді. Бұл уақыт қайшылықтарды, соның ішінде өлім ұғымымен қақтығысты жеңуге көмектесетін күш пен энергияны қажет етеді. Мұнда достарымен сөйлесу мүмкіндігі маңызды рөл атқарады, өйткені олар өзіңізді және өмірдегі ұстанымыңызды түсінуге көмектеседі. Достық өзінің «Менін» шынайы және тұтас ретінде сезіну құралына айналады.

XXI ғасырдың ең өзекті проблемасы – су. Расында адамзат үшін ауадан кейінгі қажеттілік суда. Сусыз тіршілік тығырыққа тіреліп, жойылу қаупі төнеді. Ал су – шектеулі ресурс. Қазір әлем елдері арасында оның көзін иелену үшін күрес шиеленісіп, кейбір аймақтарда геосаясаттың аса маңызды факторына айналып келеді. Бүгінде су қорының проблемасы ең өткір болып отырған аймақ – Африка және Орталық Азия. Оның ішінде Қазақстанның жағдайы – өте күрделі.Елдегі су ресурсының 40% астамын құрайтын Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық, Тобыл, Есіл және Шу секілді елдің бас өзендері көрші Ресей, Қытай, Тәжікстан, Қырғызстаннан бастау алады. Оған Сырдарияның Тәжікстан, Өзбекстан аумағынан өтетінін қосыңыз. Бұл жалпы су бойынша сырт елдерге тәуелдіміз дегенді білдірмей ме?Бір ғана Ертіс өзенін алайық. Қара Ертіс болып басталатын өзеннің 40%-ға жуық көлемі Шығыс Қазақстан, Абай және Павлодар облыстарының аумағынан өтеді. Демек солтүстік пен шығыстағы өндірістік аймақтардың дамуына Ертістің тікелей әсері бар. Бірі – ауыз су ретінде, екіншісі – аяқ су, үшіншісі – өндірістік су ретінде кәдеге жаратып отыр. Яғни Ертістің суына елдің бес ірі орталығы байланып тұр.Оңтүстіктегі жағдай да осыған ұқсас. Мәселен, Сырдария өзенінің жағдайын қысқаша шолайық. Ішкі нарықты Түркістан облысының Жетісай, Мақтаарал, Шардара аудандары мақта, жеміс-жидек пен бақша дақылының жартысына жуығымен қамтып, Қызылорда облысы күріштің 90% өндіріп отыр десек, мұның бәрі Сырдың ырысы екендігі анық.Қазақстанда су тапшылығы жыл өткен сайын күрделі мәселеге айналып келеді. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдер санатына кіруі мүмкін. Елімізде су тапшылығына әкелуі мүмкін бірнеше фактор бар. Біріншіден, су шаруашылығы маманы Нариман Қыпшақбаев айтқандай, су тапшылығына халықтың суды тиімсіз пайдалануы әсер етіп отыр. Екіншіден, Н.Қыпшақбаев су министрлігінің 2023 жылы ғана қайтадан құрылуын, бұл салада мамандар жетіспеуін су тапшылығына әкелетін фактордың біріне жатқызады. Үшіншіден, суды үнемді қолданбау ғана емес, әр елді мекенге, шаруашылыққа, кәсіпке бөлінетін суды қадағаламау да тапшылыққа алып келеді. Төртіншіден, су тапшылығына тап қылатын тағы бір жайт – каналдардың тозуы, су құбырларының ұзындығы. Елімізде судың 65%-ы ауыл шаруашылығына жұмсалады. Алайда, сол судың жартысына жуығы техникалық жағдайы ескірген каналдардан егістікке жеткенше құмға сіңіп, ысырап болып жатыр. Мысалы, Түркістан облысындағы К-30 каналына 12 жылдан астам уақыт <u>күрделі жөндеу жұмысы</u> жүргенімен, аяқталмады.Су тапшылығын тудыратын маңызды себептің бірі – климаттың өзгерісін ескермеу. Өткен жазда Алматы қаласының бүтіндей бір аудандары сусыз қалды. Күн күрт ысығандықтан, мұздық еріп, су лайланған. Жергілікті жауапты қызметкерлердің жауапсыздығынан тұрғындар сусыз отырды. Жаздың кезінде мұндай болатыны алдын ала ойластырылмағандықтан, суды өшіруге тура келді. Бұл – уақытша су тапшылығы. Алдағы уақытта ірі климаттық өзгерістер түбегейлі су тапшылығына әкелмес үшін осы факторды ескеру керек.Қорытындылай келе, Қазақстан үшін мынадай шешімдер ұсынуға болады:

– Қазақстандықтар арасында су мәдениетін қалыптастыруға үндейтін әлеуметтік роликтер санын көбейту.

— Көпшілік орындарда, үйлерде сенсорлы қол жуу құралдарын орнату.

— Кореядағыдай унитазда қолданылатын су жүйесін қадағалау.

— Фермерлерді суды үнемдеуге ынталандыру үшін суды үнемдеу технологияларын қолданғандарға салыққа жеңілдік жасау не субсидия беру. Су ресурстарын зерттеуші Жания Хайбуллина айтпақшы, суаруды өзара жоспарлап отыратын Фермерлер одағын құру керек.

— Әр өнеркәсіп иесінен қолданған суды қайда жібергенін сұрау керек. Біздің елде өнеркәсіпте бірінші реттік ауыз суды қолданады, оны екінші мәрте қолдану жоқ.

— Қазақстанның жаңбырлы елді мекендерінде жаңбыр суын жинап, оны көше тазалауға, асфальтқа шашуға жұмсау керек.

— Ағынды суларды тазарту және қайта пайдалану.

— Моншаның бағасын адамдардың қолдануына орай белгілеу. Суды ағызып қойып, үнемсіз қолданған адам сәйкесінше көп төлеуікерек. Суды аз қолданса, аз төлейді. Монша, спа-бассейндердің қанша су құртып отырғанына мониторинг жасау және қатаң талап қою да маңызды қадамның бірі.

— Көлік жуу, клининг орталықтарына да суды үнемдеуге қатысты ережелер ұсыну.

— Бізде дүкендердегі судың құны тым арзан. Судың бағасы су тегін болмауы керек.

— Суды көп қажет ететін мемлекеттік үлкен жобалар салмас бұрын бірінші кезекте су ресурстарына қалай әсер ететініне анализ жасау. Мысалы, АЭС салынса, табиғи су объектілеріне қалай әсер ететініне мән беру керек.

— Қазақстандық журналист және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы талдаушы Кирилл Павлов Қазақстанда бір келі бидай өсіру үшін 6 000 литр су жұмсалатынын, ал Қытайда небәрі 840 су жұмсалатынын жазады. Біз бірдей көлемдегі өндіріске жеті есе көп ресурс жұмсаймыз. Осыған ұқсас жағдайда Қырғызстан 2 700 литр, ал Өзбекстан 759 литр жұмсайды. Сондықтан тағы бір ұсыныс – Қазақстанға суды көп қажет ететін дақылдарды өсіруді өзге елдерден үйреніп, су үнемдеу жолдарын қарастыру керек. Не ондай дақылдарды екпей-ақ, импорт арқылы алу керек.

Қазақстандағы су тапшылығы мәселесі жыл сайын сыздаған күрделі ауқымға ие болуда. Су – адам өмірінің негізі, экожүйенің тұрақтылығы мен экономикалық дамудың басты факторы. Қазақстанның географиялық орналасуы, климаттық жағдайлары, сондай-ақ су ресурстарының шектеулігі елімізде су тапшылығының туындауына себепші болып отыр. 2030 жылға қарай еліміз су тапшылығына тап болуы мүмкін деген болжамдар, бұл мәселенің өзектілігін арттырып отыр. Су тапшылығының себептері ретінде білікті мамандардың жетіспеушілігі, суды тиімді қолданбау, ауылдық жерлердегі инфрақұрылымның нашарлығы, және заңнамалық тұрғыда шешілмеген мәселелер көрсетіледі. Бүгінде 600 мыңнан астам адам таза ауыз суға зәру. Елімізде 200 жоғары білімді және 100 орта техникалық маман суды басқару мен экономикалық мәселелерді шешуде жеткіліксіз. Су тапшылығының негізгі себептерін зерттеу барысында, біз су ресурстарының бөлінуі, климаттық өзгерістер, ауыл шаруашылығында суды пайдалану, өнеркәсіптік қажеттіліктер, сондай-ақ халықтың өсімі мен урбанизацияның әсерін қарастырамыз. Су тапшылығының әлеуметтік-экономикалық салдары да маңызды аспект болып табылады. Су ресурстарының жетіспеушілігі халықтың өмір сүру деңгейіне, денсаулық сақтау жүйесіне, ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке және экологиялық жағдайға теріс әсер етеді. Су көздерінің жағдайы мен сапасы да назардан тыс қалмауы тиіс. Қазақстандағы су көздерінің ластануы, су сапасының төмендеуі, сондай-ақ су ресурстарының сарқылуы мәселелері зерттеледі. Су ресурстарын басқару жүйесі, оның тиімділігі мен кемшіліктері, сондай-ақ су ресурстарын басқарудағы мемлекеттік саясаттың рөлі де талқыланатын болады. Су тапшылығына қарсы стратегиялар мен халықаралық тәжірибелерді зерттеу, су тапшылығын шешудің жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Әлемнің түрлі елдеріндегі су ресурстарын басқару тәжірибелері, инновациялық технологиялар мен әдістер, сондай-ақ Қазақстан үшін тиімді шешімдер ұсынылады. Болашақтағы перспективалар мен ұсыныстар бөлімінде, су тапшылығын шешу үшін қажетті шаралар, мемлекеттік бағдарламалар, халықаралық ынтымақтастық, сондай-ақ халықтың су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған білім беру мен ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу мәселелері қарастырылады.

Әдебиеттер

1. Мұрағаттық көшірме Қазақстанның жаңа мыңжылдықтағы су ресурстары . — Алматы: БҰҰДБ, 2004. — 23 б. 2007 жылғы 6 наурыздағы Wayback Machine.
2. Достаев Ж. Табиғат суларын ластанудан және сарқылудан қорғау. Алматы, ҚазМУ, 1993 ж.
3. Калинин Г.П. Проблемы глобальной гидрологий Ленинград, 1986г.
4. Ғылыми журналдың мақалалары www.asu.vkgu.kz

ӘОЖ 26.8 (75)

БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫНДАҒЫ АТА-АНАЛАРДЫҢ РӨЛІ

Қанытбек Ә. - ТП-24-1кр тобының студенті,
Султанова К.А. – магистр, аға оқытушы

Туылғаннан бастап, әр балаға өзінің ересек адамы беріледі, ол әлемге тәлімгер және жетекші болады, қорғаныс пен сүйіспеншілікті қамтамасыз етеді. Ата-ана мен бала арасындағы әрбір өзара әрекеттесу балалардың әдеттерін, мінез-құлық үлгілерін және жалпы психофизикалық әл-ауқатын одан әрі қалыптастыру үшін эталонды анықтайтын ерекше күшті сүйіспеншілікті қалыптастырады. Бала туу қарым-қатынасы бала дүниеге келген сәттен басталады, нәрестенің айқайында және ананың жауап беруінде көрінеді және өмір бойы жалғасады, өсудің әр кезеңінде өзіндік ерекшеліктері болады. Ата-аналар баланың қауіпсіздік, қабылдау және эмоционалды қолдау қажеттілігін қанағаттандырады. Балалық шақта өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі тану қалыптасады, жақсылық пен жамандық туралы түсінік қалыптасады, іс-әрекеттің кең спектрі игеріледі. Баланың жеке және психикалық дамуы ересектермен, ең алдымен ата – аналармен қарым-қатынас пен өзара әрекеттесумен байланысты. Отбасындағы әл-ауқат деңгейі баланың өмір сүру сапасын, оның әлемдегі өзін-өзі сезінуін және басқалармен өнімді қарым-қатынас жасау қабілетін тікелей анықтайды. Үлкендермен қарым-қатынас арқылы бала баға жетпес тәжірибе жинақтайды, әртүрлі жыныстағы және жастағы адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренеді, өзара қарым-қатынастың барлық рөлдік, материалдық және әлеуметтік аспектілерін үйренеді.

Балалардың психикалық әл-ауқаты олардың жалпы денсаулығы мен толыққанды өмірінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл баланың қоршаған әлемге бейімделу, қиындықтарды жеңу және басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетіне әсер етеді. Балалардың психикалық әл-ауқатын анықтайтын негізгі факторлардың бірі-ата-аналар. Бұл мақалада біз ата-аналардың балаларының психикалық денсаулығын қалай қолдайтынын және дамыта алатынын, сондай-ақ қандай тәсілдер мен стратегиялар тиімді болатынын қарастырамыз.

Ата-аналардың балалармен қарым-қатынасы тек физикалық күтім мен қамтамасыз етуді ғана емес, сонымен қатар эмоционалды қолдауды, шекараны белгілеуді және оқуды қамтиды. Өздерін жақсы көретін және қолдайтын балалар өздері туралы және олардың қабілеттері туралы жағымды имиджді дамытады. Ата-аналар мен балалар арасындағы эмоционалды өзара әрекеттесу психикалық әл-ауқатта шешуші рөл атқаратын сүйіспеншілікті қалыптастыру үшін негіз жасайды [1].

Ата-аналардың эмоционалды қолдауы баланың сезімдерін тыңдау, түсіну және қабылдау қабілетін қамтиды. Ата-аналар балаларының өмірінде не болып жатқанына белсенді қызығушылық танытса, бұл сенім атмосферасын тудырады. Олардың тәжірибелері байыпты қабылданатынын білетін балалар ата-аналарына ашуға тырысады, бұл олардың эмоционалды дамуына ықпал етеді. Эмоционалды денсаулық сіздің эмоцияларыңызды білдіру және бақылау қабілетімен тікелей байланысты. Ата-аналар балаларға эмоцияларды басқару дағдыларын үйретуі керек, бұл оларға болашақта қиын жағдайларды жеңуге көмектеседі [2].

Нақты шекараларды белгілеу ата-аналардың өзара әрекеттесуінің маңызды аспектісі болып табылады. Шекаралар балаларға ненің қолайлы және ненің қолайлы понятьстігін түсінуге көмектеседі. Бұл қауіпсіздік пен қауіпсіздік сезімін тудырады, бұл өз кезегінде психикалық әл-ауқатқа ықпал етеді. Нақты ережелері мен үміттері бар ортада өскен балалар қиындықтарды сәтті жеңе алады, өйткені олар айналасындағы әлемнің құрылымын біледі.

Ата-аналар балаларына үлгі болады. Ата-аналардың мінез-құлқы, олардың әдеттері мен стресстік жағдайларға реакциясы балалардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыратынын түсіну маңызды. Егер ата-аналар стрессті жеңудің сау жолдарын көрсетсе, бұл мінез-құлықты балалар қабылдауы мүмкін. Мысалы, егер ата-аналар қиындықтарға оң көзқараспен қараса және проблемалардың сындарлы шешімдерін қолданса, балалар дәл осындай тәсілдерді қабылдауы мүмкін.

Ата-аналар қиын жағдайларға оң көзқараспен қарайтын болса, балаларға оптимистік дүниетанымды дамытуға көмектесе алады. Бұл негативке емес, мәселенің шешімін табу мүмкіндігін қамтиды. Балаларды тәрбиелеу процесі білім мен дағдыларды беру ғана емес, сонымен қатар өмірге деген оң көзқарасты және қиындықтарды жеңуге болатынына сенімділікті тәрбиелеу болып табылады [3].

Отбасындағы қарым-қатынас балалардың психикалық әл-ауқатын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл тек бірге өткізген уақыт мөлшерімен ғана емес, сонымен бірге өзара әрекеттесу сапасымен де байланысты. Қызықты әңгімелер, бірлескен іс-шаралар және мәселелерді талқылау әлеуметтік бейімделу мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Ата-аналар балаларды өз сезімдері туралы айтуға шақыруы керек. Бұл балаларға өз эмоцияларын білуге және қабылдауға, сондай-ақ басқалардың эмоцияларын түсіну қабілетін дамытуға көмектеседі. Сіздің сезімдеріңіз бен эмоцияларыңызды талқылай білу, сондай — ақ айналаңыздағы адамдарға жанашырлық таныту-бұл балаға болашақта басқа адамдармен сау қарым-қатынас орнатуға көмектесетін дағдылар.

Эмоционалды қолдаудан басқа, білім беру процесі психикалық әл-ауқаттың маңызды аспектісі болып табылады. Ата-аналар баланың оқу жетістіктеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Оқуға деген қызығушылық, дамуға деген ұмтылыс, сондай — ақ күрделі тақырыптардан өтуге қолдау көрсету-осының бәрі өз қабілеттеріне сенімділік үшін негіз жасайды.

Балаларға ынталандыру ортасын құру-бұл ата-аналардың маңызды рөл атқара алатын тағы бір аспектісі. Бұл материалдық қолдау (оқу материалдарына қол жеткізу) және эмоционалды (қызығушылық пен хоббиді қолдау) болуы мүмкін. Сонымен қатар, ата-аналардың білім беру процесіне қатысуы баланың психикалық денсаулығына тікелей әсер ететін өзін-өзі бағалаудың жоғарылауына ықпал етеді.

Белсенді емес, мазасыз және агрессивті балалардағы құрдастарымен қарым-қатынасты дамыту қиын, олар қалаған адамымен байланыса алмайды, ұжымда қарым-қатынас жасау дағдылары жоқ, сенімсіз, ойындарға сирек қатысады. Құрдастар олармен байланыста болудан аулақ болады ("Ол қалай ойнауды білмейді! Ол ештеңе білмейді", "Мен одан қорқамын"). Топтағы баланың қолайсыздығы тұрақты жағымсыз қасиеттерді тудырады, ол тұйық және мазасыз болады. Осылайша, баланың психологиялық әл-ауқатын сақтау үшін:

1. Баланың өміріндегі әртүрлі кезеңдер туралы түсінікке ие болу;
2. Балаға тең құқылы серіктес ретінде қарау;
3. Отбасы өміріне белсенді қатысу;
4. Әрқашан балаңызбен сөйлесуге уақыт бөліңіз;
5. Баланың проблемаларына қызығушылық танытыңыз, оның өмірінде туындайтын барлық қиындықтарды зерттеңіз;
6. Балаға өзінің дағдылары мен таланттарын дамытуға көмектесу;
7. Баланың өз пікіріне құқығын құрметтеу.

Демек, осы ұсыныстарды орындау кезінде баланың өзін-өзі бағалауы қалыптасады, жеке тұлғаның жағымды қасиеттері дамиды, ең бастысы, баланы құрдастар тобы қабылдайды, демек эмоционалды даму қолайлы болады.

Осылайша, балалардың психикалық әл-ауқатындағы ата-аналардың рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Эмоционалды қолдау, шекараларды белгілеу, жағымды мысал, белсенді қарым — қатынас және білім беру-осы аспектілердің барлығы салауатты психиканы қалыптастыруға және қоршаған әлемнің қиындықтарымен күресу қабілетіне жағдай жасайды. Ата-аналардың таңдаған тәсілдері балаларының эмоционалды ғана емес, психологиялық болашағын да анықтайды.

Әдебиеттер

1. Аманжолова А. Отбасылық қарым-қатынастар және балалардың психологиялық денсаулығы. Алматы: 2015.85б
2. Нұрланова Б. Балалар психологиясы: теория және практика. Астана: 2016. 53б
3. Тұрсынова Р. Ата-ананың бала тәрбиесіне әсері. Алматы: Жалын. 2017. 50б.

ӘОЖ 78.03

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ

Маманова Ж.Л. - ББн-23-1к тобының студенті
Бозшагулова К.С. - оқытушы

Шын мәнінде болашақ педагог, ең алдымен, жаңа нәрсені үйрететін адам және ол қандай да бір пән ғана емес, сонымен қатар өмір, мәдениет, мінез–құлық мәселелері болуы мүмкін. . Мұғалім — бұл тек мектеп пәндерін оқытатын жұмыс емес, ол біздің дүниетанымымызды кеңейтетін, өмірдегі өз орнын анықтауға көмектесетін адам. Менің ойымша, мұғалімнің басты қасиеттері - түсіну қабілеті, шыдамдылық, жаңа материалды дұрыс және сауатты түсіндіре білу, балаларды өздері білетін нәрсеге, ең бастысы - өз ісін және оқушыларын сүюге үйрету. Болашақтың ішінде біз жай ғана болжай алмайтын көптеген құпиялар бар. Бірақ болашақ мұғалімнің бойында үлкен құпия бар. Көптеген адамдар машина, биоробот болашақ мұғалім бола алады деп ойлауы мүмкін. Жоқ, олай емес, болашақтың ұстазы - адам. Ешбір техника адам-мұғалім беретін сезімдерді алмастыра алмайды: жылулық, жанашырлық, жылы лебіз және пайдалы кеңестер.

Ұстаз қашанда өз міндетін абыроймен, абыроймен атқарып, оқушыларға анық, анық білім жеткізіп, қоғамның берекелі, саналы азаматтары етіп тәрбиелейді. Ұстаз - ең мейірімді, ең ақылды және ең парасатты. Ол барлық уақытта даналық пен жақсылықтың идеалы болып қала береді. Мен мұғалімнің еңбегі асыл және жан-жақты күш-жігерді қажет ететін еңбектердің бірі болғанына және солай болып қала беретініне сенімдімін, бұл өте жауапты мамандық. Сондықтан, саналы түрде өздерін балаларға арнаймын деп шешкендердің білімге шақыруы бойынша келуі өте маңызды. Кез келген мұғалімнің өзі, ең алдымен, Адам болуы керек, тәрбиеленушілерін сүюі, олардың пікірін құрметтеуі, әрқайсысынан тұлға ретінде көруі керек. Сондай-ақ әрбір ұл мен қыздың адам және азамат болып өсетінін есте ұстаған жөн.

Менің ойымша, нағыз заманауи мұғалім – бұл өз оқушыларын бұдан былай қатысуға үміті жоқ нәрсеге итермелейтін адам емес, болашақтан "келген" адам. оларды жігерлендіріп, осы болашаққа жетелеу, болашақ мұраттарын бекітуге үйрету. Болашақта қандай жаңалық болмасын, қандай жаңалық енгізілсе де, Мұғалім әрқашан және барлық жерде бізбен бірге болады.

Ұстаз еңбегі-оқушы біліммен өлшенеді десек, ұста техниканы, өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп өз-өзіне сенімін арттыру, олардын шығармашылығын дамыту, өтілетін сабақтын ұтымды білуге баулу-мұғалімнін байланысты. Мұғалімнің әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі оқыту талаптарына сай болып келуі кажет. Бұл айтылған талаптармен бірге мұғалімнің күнделікті етілетін әрбір сабағы ғылыми түрде негізделіп, оның тәрбиелік мәні жан-жақты ашылуы тиіс. Ұстаз еңбегі-оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр. Ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуын бағыштап жобалай және жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы кажет.

Ең бастысы жастарға қабілеті мен қызығуына карай іргелі білім бере отырып, оларды XXI гасырдың кәсіби шеберлігі жоғары азаматы болып қалыптасуына, кәсіби құзіретті маман болуына бағдар беру басты мақсатымыз. Саналы түрде таңдалған мамандық тұлғаның болашақ өміріне игі әсерін тигізері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы 12-жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты.-Астана,2006
2. Казакстан Республикасының Білім туралы заңы-Алматы,2001
3. 12-жылдық білім журналы 7/10 2005
4. Бастауыш мектеп журналдарының жинағы
5. Ұстаз газеттер жинағы.

ӘОЖ 1:001.92:2:159.9

ЯССАУИ ІЛІМІНІҢ ДНИ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ

Марат А. – ТП-24-18к4тобының студенті
Меирбекова С.К. – магистр, оқытушы

Ұрпақ сабақтастығы деген халық болып ұйысып өмір сүру мүмкіндігі, жекешілдік емес,ұжымдық, елдік үрдіс болғандықтан ұлттық құндылықтарымызды дін және мәдениетпен үйлестіру және жаңғыртудың маңызы өте зор.Түркі даласының төл перзенті, Қожа Ахмет Яссауи қазақ халқының мәдениеті мен тарихында айырыша орны бар ерекше тұлға. Ислам дінін насихаттаған және сопылық ілімнің көрнекті өкілі.

Иасауи сол дәуірдегі дәстүрлі түркілік дүниетаным адамның мән, рух, мазмұн іздеп, исламның рухымен толық танысса, табыса алмай жүрген тарихи өтпелі кезеңінде жол көрсетуші кемел ұстаз рөлін атқарды. Ұлы ғұлама ақын, ойшыл өзінің туындысында дін мұсылман қауымына Алланың ақжолын, ақиқат жолын айтып беруді, ұғындыруды мақсат еткен. Кемеңгер ойшыл бұлжинағында өз уақытының шындығын өмірініңбүкіл болмысын, ғұмырлық тәжірибесін, ізденістері мен құлшыныстарын табу мен тану үшінне істеу керектігін өлеңдік өрнекпен, ғұламалықтереңдікпен, шын мұсылмандық ұғыммен жырлап отырған.«Диуани хикмет» шығармасында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің үлкен бір саласы – имандылық тәрбиесі. Осы кезге дейінгі педагогикадатәрбиенің сан алуан түрлері сөз болғаны белгілі.Олар ақыл-ой, дене шынықтыру,адамгершіліктәрбиелері. Осынау тәрбие түрлерін ескі сарынмен топтастырмай-ақ, олардың барлығынжинақтап оны имандылық деп білеміз. Оныңойынша адамның имандылығы оның тілегінен,мақсатынан, осыған орай жүріс-тұрысынан,кішіпейілділігінен туындайды.Яссауидің өзі де сыпайылық танытып, ізгілік көрсетіп, қажет болса жанашырлық жасап жүреді екен. Ол ата-анаңды аяла,қарттардысыйла, әрқашанда ата-бабаның қаны, туған жерді қорғауға әзір болукеректігін ерекше ескертеді.

Бұл жолдардағы психологиялық ой-толғаныстары да бүгінгі күнгі жастарымызды тәрбиелеуде көп көмегін тигізетіні белгілі. Оныңадамның жас ерекшеліктеріне берген сипаттамалары қазіргі ғылыми қағидалармен ұштасады,әр жастағы адамның көңіл күйі, сезім эмоциялары, түсінік-толғамдары әр түрлі болатындығын дұрыс көрсетеді.Дала ойшылының хикметтерінің бір қатарығашықтық жайында сөз етеді. Бірақ онда әдеттегідей жігіттің қызға, қыздың жігітке дегенсүйіспеншілігі емес, керісіншемәселе ақынныңАлла тағалаға деген махаббат,іңкәрлігі туралы.Қожа Ахмет Яссауидің даналық сөздерінің көпшілігінде ұстазы Арыстан баб жиі еске алынады,ақын ұлы ойшылдың айтқандарына құлаққойып,ой жібере қарауды ұсынады.Менмен, көрсеқызар, кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді,яғни бабамыздың хикметтері толған ғибрат,мәнді де мағыналы пікір, адамгершілік мұраттарына толы. Қожа Ахмет бір хикметтіненадандарға сөзіңді қор етпе, мейірімсіздерденқайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпенмал жима, өтірік айтпа, дүние-байлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, мәңгілік ештеңе жоқ,дүние жалған ешкімге де опа болған емес,дүниеқоңыздықпен мәңгілік өмір сүргісі келгенһарун перғауындар заманындағы Хоман немесехалық сүйіктілері Фархад-Шырын, Ләйлі-Мәжнүн қайда қазір, олар мәңгілік ғұмыр кешкен едідейді. Ал «Диуани» соңындағы «Мінажаттар»жинақтың сөлі мен нәрі сияқты.

«Менің хикметтерімді дана естісін,
Сөзімді дос қылып,мақсатына жетсін.
Қияметте оған жетекші болармын,
Егер дертті болса, дәрі болармын…» , -дейді ұлы кемеңгер.

Ахмет Яссауи адам мен қоғам мәселелерінеде айрықша назар аударған. Ол бұқара халыққаүстемдік құрған әмірлердің, бектердің, қазылардың әділетсіз істерін сынайды, бұл дүниеніңжалғандылығын айтады.Оның сопылық ілімініңбасты мақсаты адам жетілдіру, адам бітіміне тәнкейбір жағымсыз әдеттерді сынау. Сондықтан да Яссауи Құдай атынан парасаттылыққа, әділдікке, ізгілікке, тазалыққа үндейді. Оның ілімінде адамгершілік, гуманизм ойлары дін арқылы түсіндіріледі. «Кімде кім жамандық жасаса, ол күнәдан арыла алмайды, кімде – кімжақсылық жасаса, ол Құдайдың сүйіктісі болады».

Адам проблемасы, гуманизм, адамныңдүниеге қатынасының жалпы формалары –бұрынғы және қазіргі философияның зерттеуобьектісі, оның болмысы мен ойлауының таңғажайып сырлары, табиғаты мен мәні, өзін – өзтануы, рухани тазаруымен жетілуі, санасыныңформалары мен деңгейлері барлық заманда ғұлама философ ойшылдарды қатты толғандырған. Адамның практикалық іс- әрекетінің өзадамгершілік, гуманизм, имандылық деңгейлерімен бағаланылады, оның ішкі дүниесініңнегізгі формалары болып, махаббат, үміт жәнесенім есептеледі. Имандылық халықтың байрухани қазынасымен байланысты, әрбір адамосы рухани байлықты жүйелі түрде терең меңгеруі қажет. Бұл біздің де алдымызда тұрғаннегізгі мақсат. Яссауидің адам және оның имандылығы, адамгершілігі туралы ілімінің маңызызор. Әрбір адамның ары таза болса, онда оныңісі де нәтижелі, ұлттық тарихымыз да тазаболады. Ендеше бұл дүниедегі негізгі әлеуметтік-мәдени байлық-парасатты, иманды ішімен сырты әсем, ылғи ойы мен ісі бірлікті болатын адам. Соның ішінде адамның өзін өзітануы – ең қиын мәселе. Данышпан Абайайтқандай: «Адам бол!» атты гуманистікидеясы сонау Яссауиден халқымыздың бойынасіңген өзіндік философиясына тән. Осы идеяқазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында біздерүшін өте маңызды. Яссауидің қоғамдық- саяси жәнеәлеуметтік дүниетанымының негізінде

де этикалық идеялар жатыр. Оның пікірінше кез-келген саяси және қоғамдық қызмет имандылық, әділеттілік, даналық, мейірімділік т.б сияқты гуманистік, моральдік – адамгершіліктікпринциптерге негізделуі қажет. Яссауидің мораль мен сопылықты біртұтас етіп қарастыруидеясы парсы сопысы Фарид ад-дин Аттаридің«Сопылық» қағидасымен сәйкес келіп тұр.

Әдебиеттер

1. Мырзалы С. Философия. – Алматы: «Бастау», 2020ж.
2. Қазақ халхының философиялық мұрасы 4 том – Астана 2015ж
3. Кенжетаев Д. Қожа Ахмет Иассауи дүниетанымы –«Арыс» баспасы Алматы 2018ж.
4. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Ислам және заман. ─Алматы, 2010.
5. Ислам энциклопедиясы. ─Алматы, 2015.бб.

ӘОЖ 451.62

НҰРТАС ОҢДАСЫНОВ

Медеу Г. - ТП-24-5к2 тобының студенті
Илимова А.Т. - аға оқытушы

Нұртас Оңдасынов Дәндібайұлы-(26 қазан 1904-1 қараша 1989)- көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.1938-1951жж-Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесінің,Министрлер кеңесінің төрағасы,1954-1955жж-Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы,1955-1962жж-Гурьев облысының басшысы.Халық депутаттары облыстық атқару комитетінің төрағасы,Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет жасады.

Өмірбаянына тоқталар болсақ,өзінің жазбасы бойынша,оның жастық шағы қуанышты кезеңде өтпеді.Балалық шағы Кеңес үкіметінің құрылып,қоғамның бір формациядан екінші формацияға ауысып жатқан кезеңі болды.Ақыр соңында ел аштыққа келіп ұрынды,кедей шаруа үйінен шыққан менде сондай қиындықты бастан кештім.Ташкент ауып,өзбектерге жалданып,не керек,өз нанымды өзім тауып жеп жүрдім.Осындай тәрбиеден шыққандықтан ба,білмеймін қанша лауазымды қызметте болсамда,пайдаланып қалайын деп дүние- мүлік жинаған емеспін дейді Нұртас өзінің естелігінде.Ол алдымен Ташкентте жүн зауытында,содан кейін Ташкентте қыш зауытында қатардағы жұмысшы болып жұмыс жасайды.Сөйтіп жүргенде Нұртасқа Ташкентте жетім балаларға арналып мектептер ашылып жатқаны жайлы хабар жетеді.1920жылы сол мектептердің біріне оқуға түседі.Кейін белгілі болғандай Ғани Мұратбаев бастаған зиялы қауымдардың бастауымен ашылған мектеп екені белгілі болды.1930-1934жж Ташкенттегі Орта Азия университетіне қарасты Ирригация университетін оқиды.Ал 1930-1938жж Қазақ Орман шаруашылығы басқармасында орынбасар,кейінірек басшысы қызметін атқарады.1938жылы Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалады.Онда Қазақстан Коммунистік партиясы облыстық комитетінің бюро мүшесі,Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты,Қазақстан Коммунистік партиясының екінші съезінде делегат болып сайланады.Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясындаҚазақ КСР Үкіметінің төрағасы болып тағайындалады.Нұртас сонымен қоса өзінің қарапайымдылығымен ел есінде қалды.Билік басында болғанда елі үшін көп еңбек етті.Ол Абай атындағы Опера және балет театрының,Қыздар пеадогокикалық институтының құрылуына атсалысты.Бұдан басқа Қарағанды металлургиясын,Мойынты-Шу темір жолын,теріскейге темір жол тарту,еліміздің мұнай-газ саласын игеруге ұйытқы болды.Қазақ Ғылым Академиясын құрып,оған президенттікке Қаныш Сәтбаевті сайлады.1962 жылы зейнеткерлікке шығып,Мәскеуге көшеді.Ол зейнеткерлік жылдарындада ғылыммен айналысады.Нұртас алғашында ауыл молдасынан арабша білім алады.Сол арқылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін арабша-қазақша,парсыша- қазақша түсіндірме сөздіктерін жазады.Нұртастың ел есінде өшпестей сақталған сөзі- “Жер меніңкі емес,халықтікі” деген сөзі қазақ халқына деген зор сезімінің,жанашырлығының жоғары дәреже екендігін тағы аңғартады.Нұртастың естеліктерінде өзі жайлы-қанша лауазымды қызметте жүрсемде,дүние-мүлік жинамадым деген сөзіне ерекше тоқталғым келеді.Ол 1942 жылы іссапарының бірінде Лениногорск түсті металдар комбинатының деректоры Дінмұхаммед Қонаевпен кездесіп,оны өзінің орынбасы ретінде қызметке шақырады.Солай тоғыз жыл бірге қызмет жасайды.Тағы бір мысал қазақтың тұңғыш мүсіншісі-Хакімжан Наурызбаевқа байланысты.1943 жылы Қостанай облысына іссапарға барған кезде ауаткомның атбағары болып жүрген,саздан әртүрлі жануарлардың мүсінін жасап жүрген бозбаланы көреді.Бір жылдан кейін Хакімжанды Алматыға шақырып,тиісті білім алып,білікті маман болып шығуына көп көмегін тигізеді.Осы жақсылықтары есіме өзінің үш анық сөзін есіме түсірді.Ешқашан ешкімнен пара алмадым, қолым таза.Ешқашан ешкімнің руын,жүзін сұраған жоқпын,жүзім таза.Ешқашан ешкімнің жанын,қанын мойныма артқан жоқпын,арым таза.Осы сөзден Нұртастың қандай тұлға болғанын түсінуге болады.Осы еңбектері үшін- екі рет Қызыл Ту,үш рет Ленин орденімен және көптеген құрмет грамоталарымен, медальдармен маратапталды. Қорыта алғанда Нұртас Оңдасынов ел есінен өшпес тұлға.

Әдебиеттер

1. Оңдасынов Н.Ой-толғаныстар мен естеліктер.Құрастырып баспаға әзірлеген-Г.Оразалиева-Астана;Елорда 264 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында, Алматы; Атамұра-2003,-156 б
3. Еңсенов Қ.А. Нұртас Оңдасынов-Монография-Шымкент. “Азиат”баспа үйі,2017.408 б.
4. Оңдасынов Н. Өмірбаяндық деректер. Ой-толғаныстар. Мақалалар мен естеліктер. Құрастырған-Оразалықызы Г.Алматы:Білім,2012.-320 б.
5. Нуртас Ундасынов. Сборник документов и материалов. Алматы:АО “Абди компани”,2014.968с.
6. Сағидолла Қабашұлы.Өз заманының ұлы тұлғасы. Жазып алған Гүлсім Оразалықызы (“Жас Алаш”,27қазан 1994 жыл).

ӘОЖ 451.62

ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ ҚАТЫНАСЫ

Муртазаева Д. - ТП-24-5кр тобының студенті
Нарымбет Г.Б. - аға оқытушы

Тарихы. Орталық Азия кеңес одағының ыдырауы нәтижесінде бұрынғы Орта Азия республикаларымен Қазақстан аумағында пайда болған кеңістік.Орталық Азия болып аталу себебі-жер аумағының Еуразия құрлығының ортасында орналасуына жәнеде бұл елдердің мәдениеті,салт-дәстүрі,құндылықтары ұқсас болуына байланысты осылай аталған.Абай өзінің біраз сөзінде қазақтың түбі қайдан шыққпны туралы айта кеткен болатын.Бұл Орталық Азияның шығу тарихы болып саналады қазіргі кезеңдегі Орталық Азия мен Қазақстан арасындағы жалпы саяси қарым-қатынасқа келер болсақ соңғы жылдары аймақтық интеграция, ғаламдастыру процесімен қатар, мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарда үстемдік сипатта тенденцияға айналды. Орталық Азия аймақтандыру процесін дамыту үшін қолайлы алғышарттар бар. Бұл, ең алдымен,аймақты мекендейтін халықтардың тарихи, географиялық, мәдени және тілдік бірлігі. Сондықтан Орталық Азиядағы мемлекеттермен ынтымақтастықты ұлғайту Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі міндеттерінің бірі болып қала береді. Орталық Азия мемлекеттерімен өзара тату көршілік, тұрақты қарым-қатынас біздің еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторы. Президент Н.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан – 2030» жолдауында: «Ұлттық мүдделерді қорғауды,сондай-ақ таяудағы және алыс перспективадағы күштердің тепе-теңдігін қамтамасыз етудегі біздің озық қаруымыз интеграция саясаты,бірінші кезекте Қазақстанның, Қырғызстанның және Өзбекстанның арасындағы Орталық Азиялық Одақты нығайту,қарсы тұру емес, басқа мемлекеттердің істеріне араласпау, келісімге келу үстем болуы тиіс» - деп атап көрсетті. Экономика,сөз жоқ,интеграцияның анағұрлым маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.Тарихи қалыптасқан шаруашылық байланыстар, сондай-ақ геосаяси жағдайдың ерекшелігі экспортық және транзиттік-көліктік әлеуетті тиімді пайдалану қажеттігін талап етті. Оның үстіне аймақта бірқатар елеулі проблемалар бар,оларды екі жақты негізде шешу мүмкін емес.

Қазақстанның Орталық Азия елдерімен қатынасы.Президент Н.Назарбаев 2005- жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеумет және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Мен Орталық Азия елдері Одағын құруды ұсынамын.Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан арасында жасалған мәңгілік достық туралы шарт осындай бірлесу үшін берік негіз бола алады. Біздің экономикалық мүделлеріміз де, мәдени-тарихи тамырымыз да, тіліміз де,дініміз де, экологиялық проблемаларымыз да,керек десеңіз сыртқы қатерлеріміз де ортақ»деп атап көрсетті. Президент бұл одаққа Орталық Азия мемлекеттерінің,оның ішінде барлық Орталық Азия мемлекеттерінің,оның ішінде Тәжікстан мен Түркіменстанның кіруін ұсынды.Интеграцияның алғашқы қадамы 1994 жыл30 сәуір Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің Біртұтас Экономикалық кеңістік құру жөніндегі Келісім-шартқа қол қоюдан басталды.1998 жылдың 26наурызында оған Тәжікстан енді. Ал 1998 жылы оның Орталық Азиялық экономикалық Қауымдастық деген жаңа атауы бекітілді.1992 жылғы 9 қазанда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан «Әскери қауіпсіздік тұжырымдамасы туралы»келісімге қол қойды. Онда бұл елдерге басты әскери қауіп ретінде бірсыпыра өңірде саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтың болуы, кейбір мемлекеттер тарапынан қуатты әскери күштердің жақын тұруы, жаппай қырып жоятын қарулардың тарауы атап көрсетілді.1994 жылғы 8 шілдеде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.1995 жылғы 15 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан БҰҰ-на қарасты ұжымдық бітімгершілік батальонын құру туралы келісімге жасасты.1993 жылғы 26 наурызда және 1997 жылғы 28 ақпанда Қазақстан,Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан,Түрікменстан «Арал теңізі және Арал өңіріндегі проблеманы шешу бағытында бірлескен іс-қимыл туралы және Арал аймағының экономикалық дамуын,оның әлеуметтік-экономикалық өркендеуін қамтамасыз ету туралы»келісімдерге қол қойды.90 жылдарда мемлекетаралық қатынастың нормативтік құқықтық негіздері жасалған болатын ,Қазақстанның, Өзбекстан және Қырғызстанмен «Мәңгілік достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы»

келісімге,Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы одақтық қатынас туралы келісімге қол қоюы ірі саяси оқиға болды.1998 жылғы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы«Мәңгілік достық туралы келісімде»тараптар экономиканың әртүрлі салаларында тығыз ынтымақтастықты нығайтуға жағдай жасалатындықтарына келісті. Сол сияқты аталған үш мемлекет Бірыңғай экономикалық кеңістік құра отырып, капитал мен жұмысшы күшінің еркін қозғалысы, экономиканың түрлі салаларында өзара келісілген саясат жүргізу туралы да шартқа қол қойды. 2002 жылғы желтоқсанда Қазақстан,Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан Алматыда «Орталық Азия ынтымақтастық ұйымын» құруға келісті.2003 жылғы шілде айында ОАЫ Ұйымы мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесі жарияланды. Алға қойған міндеттер көрсетілді, олар:өңірде тұрақтылықты қамтамасыз ету,өңірлік қауіпсіздік пен экономикалық интеграцияның орнықты жүйесін қалыптастыру,есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес, халықаралық лаңкестікті қаржыландыруға кетіп жатқан есірткі трафигінің арналарын анықтау және жабу, транс-шекаралық қылмысқа және жасырын көші-қонға қарсы күрес, шекаралық,кеден және салық қызметтерінің өзара ықпалдастығы. Өнірлік және мемлекетаралық сипатқа ие болып отырған үш жоба аталды.Олар:аймақта су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, коммуникациялық жобаларды жүзеге асыру және аймақтағы мемлекеттерді азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде үш консорциум құру.Сонымен қатар, Өзбекстан президенті Ислам Каримовтың өңірде жалпы рынок құру ұсынысын жүзеге асыру шешімдері қабылданды. Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі келісім-шарт ұйымының Орталық Азия аймағындағы жұмысы ең алдымен осы маңда 2001 жылдаң бері жайғасқан Шұғыл әрекет ететін ұжымдық күштерді (ШӘҰҚ) нығайта түсуге бағытталып отыр.Бұл күштерге жиыны 1500адам құрайтын Ресейден,Қазақстаннан, Тәжікстаннан және Қырғызстаннан келген 4 батальон кіреді. Бұған қоса Тәжікстанда орналасқан ресейлік 201-мотоатқыштар дивизиясы да осы біріккен күш қатарында.Бұл аймақта оның қауіпсіздігіне қатер төндіретін ошақ көздері көп.Бұған аймақтың Ауғаныстанмен шектесетінін,аймаққа экстремистік топтардың біртіндеп еніп,тіміскі әрекет жүргізуі мүмкін екендігін,кедейшіліктің, жұмыссыздықтың және қоғамдық өмірдегі өзге де теріс ахуалдың салдарынан жасырын көші-қон өршіп кетуі мүмкін әлеуметтік дүрдараздықты және басқаларды қсоуға болады.Тәжікстанның өздігімен қауіпсіздігін қатмасыз ете алмайтындығы, соның ішінде шекарасын күзете алмайтындығы ең маңызды фактор болып отыр.[1]Президент Н. Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттері одағын құру жөніндегі бастамасы, біріншіден, қазіргі ғаламдастыру кезінде жалпыға бірдей қауіптің төнуіне байланысты болып отыр. Лаңкестік,экстремизм, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы, жасырын көші-қон,трансұлттық ұйымдасқан қылмыс секілді ортақ қатерлер мен сынақтарға қарсы тұруда кеңінен ықпалдасу маңызды. Екіншіден, Орталық Азияда 50 миллионға жуық халық бар. бірақ бұл елдердің экономикасы біркелкі дамып оытрған жоқ, біреулерінде - табысты, басқаларында – онша емес. Көрші елдердің халықтарының тұрмыс жағдайы да әртүрлі,нәтижесінде жасырын көші-қон тоқталар емес,ол – мемлекетаралық қатынастарға да өзінің теріс әсерін тигізуде. Сондықтан Президент Назарбаев бұдан былай интеграцияны тереңдету, экономикалық реформаларды тиімді жүргізу үшін еркін сауда аймағын құру, кеден одағы,валюта одағы,қызмет көрсету, тауарлар, капитал және жұмысшы күштерінің еркін қозғалысын ретке келтіру қажеттігіне мкңыз берді.Президент қатысушы мемлекеттердің тәуелсіздігін жоятын «одақтық мемлекет» құруды емес, экономикалық және саяси проблемаларды бірігіп шешетін одақ құруды мақсат етіп отыр.Үшіншіден, аймақ елдері әлемдік күшті державалар мен халықаралық ұйымдардың стратегиялық мүдде нысаны болып келеді.2003 жылғы 23 қазанда Қырғызстанның Кант қаласында ресейлік әскери-әуе базасы ашылды.Ресей өз әскери күштері мен әуе күштерін Кантта қайтарымсыз негізде орналастыра отырып,базаның қызметін қаржыландыру ісін толығымен өз мойнына алып отыр.АҚШ 2002 жылдан бері Қырғызстандағы Манаста әскери база ұстап отыр.2004 жылғы мамыр айында Ресей Орталық Азия ынтымақтастық ұйымына мүшелікке өтті.Қытай Халық Республикасы 2002 жылғы наурыз айында қайтарымсыз әскери-техникалық салада Қазақстанға – 3 миллион доллар,Қырғызстанға – 1,6 миллион доллар, Тәжікстанға – 1,2 миллион доллар көмек берді.Жапония 2004 жылдан бастап «Орталық Азия – Жапония атты үнқатысу жүргізудің бастамашысы болып отыр.

ЕурАзЭҚ пен Орталық Азия Ынтымақтастық ұйымының бірігуі.Бүгінгі күні ЕурАзЭҚ ТМД аумағындағы ең жақсы дамып келе жатқан өңірлік бірлестік болып табылады. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясының байқаушысы ресми мәртебесіне де ие. Сонымен бірге бірлестік шеңберіндегі елдер арасында көптеген тауарлар бойынша бірыңғай импорттық тариф қолданылады.Бүгінде ол барлық тауар тізілімнің 62 пайызын қамтиды. Ал Кедендік одаққа жалғасатын, қазірдің өзінде басталып кеткен бірыңғай кедендік аймақ құру жұмысы барысында ол тауарлар номенклатурасының 80 пайызын қамтуға мүмкіндігі бар. Осынау интеграциялық үрдістерге іскер топтарды тарту үшін бірлестік шеңберінде олардың кеңесі құрылған. 2005 жылдың 6 қазанында Санкт-Петербургте болған кезекті саммитте Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы (ОАЫҰ) мен ЕурАзЭҚ-ты біріктіру туралы шешім қабылданған болатын. Мұның өзі саяси тұрғыдан да мүше елдерге тиімді еді. Өйткені,мақсаты бір екі ұйым құрғаннан гөрі оларды ықпалдырақ біреуіне айналдырған анағұрлым ұтымды. ЕурАзЭҚ елдері осы күнге дейін 84 келісімге қол қойған және соның 60-тан астамы іс-жүзінде қолданысқа түскен. ОАЫҰ құрылғаннан бері бұл ұйымда 289 құжатқа қол қойылған. Қазір соның ЕурАзЭҚ-тың мақсаттарына сәйкес келетіндерін мүше елдер жаңа ұйымға бейімдеуге ұмтылуда, ал қорғаныс,

есірткі трафигіне қарсы күрес,сыртқы қауіпсіздік секілді мәвселелер басқа ұйымның шеңберіне топтасуы керек деп шешілді.

Қорытынды.Президент Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің алдымызда таңдау тұр:әлемдік экономиканың мәңгілікке шикізаттық шылауы болып қалу, келесі бір империяның келуін күту немесе Орталық Азия өңірінің барынша интеграциялануына қарай қадам жасау». 3-наурызда Қазақтсан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Өзбекстан Президенті Ислам Каримовпен телефон арқылы сөйлесті. И. Каримов Президент Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының негізгі қағидаларына қолдау білдірді. Қазақстанның және Өзбекстанның еркін сауда аймағын құру жөніндегі құжат жобасын талдап жасауға кірісуді тапсырған шешім қабылданды.Сонымен, Президенттің бұл ұсынысын жүзеге асыру үшін зор дипломатиялық жұмыс жүргізу қажет. Президент «Қазақстанның әлемде қуатты экономикасы бар әрі халықаралық қоғамдастықтағы тұғыры берік өңірлік держава ретінде қабылданатынын естен шығармағанымыз абзал деді сондықтан Президенттің Жолдауындағы одақ құру туралы бастамасын көрші елдер қабылдайды деген сенім мол. Қазақстанның Орталық Азия елдерімен қатынасы жақсарғанын 1998 жылғы «Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы» құрылғанынан көреміз. Сонымен қатар алда бірыңғай экономикалық кеңістік құру, капитал мен жұмысшы күшінің еркін қозғалысы мәселелері шешімін табуды күтіп тұр. Сондықтан Президент Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерінің Одағын құру бастамасының маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Қазақстан экономикалық-әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // Егемен Қазақстан, 2005, 19 ақпан.
2. Егемен Қазақстан, 2004, 2 қазан.
3. Абай энциклопедиясы Атамұра баспасы

ӘОЖ 811.512.122:821

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

Мұхамедиярқызы Қ. – ТП-24-19к тобының суденті
Жұмаділла А.А. – оқытушы

Қазіргі заманғы тіл білімі мен әдебиеттану – халықтың мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтауда маңызды рөл атқаратын ғылым салалары. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын негізгі фактор. Ал әдебиет – сол тілдің көркемдік мүмкіндіктерін көрсететін өнер саласы. Тіл мен әдебиеттің өзара байланысы олардың қатар дамуына ықпал етеді, сондықтан бұл екі бағытты қатар қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазіргі тіл білімі дәстүрлі бағыттармен қатар, жаңа ғылыми әдістерді, технологияларды пайдалана отырып, заманауи талаптарға сай дамуда. Бүгінде когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, цифрлық лингвистика сияқты салалар кеңінен зерттелуде. Когнитивті лингвистика адамның ойлау жүйесі мен тілдің өзара байланысын қарастырады, ал әлеуметтік лингвистика тілдің қоғамдағы рөлін, оның түрлі әлеуметтік жағдайлардағы қолданысын зерттейді. Сонымен қатар, нейролингвистика саласы тіл мен ми құрылымының өзара байланысын зерттеп, тілдің танымдық процестермен қалай әрекеттесетінін түсінуге мүмкіндік береді. Тіл мен ойлау арасындағы тығыз байланыс қазіргі лингвистикалық зерттеулерде маңызды орын алады. Мысалы, адамның тілдік санасы мен мәдениеті бір-бірінен бөлек емес, олар бірге дамиды және қоғамдағы өзгерістерге бейімделеді.

Цифрлық технологиялардың дамуы тіл білімінде үлкен өзгерістер әкелді. Корпустық лингвистика арқылы үлкен көлемдегі мәтіндерді талдау, жасанды интеллект көмегімен тіл құрылымын зерттеу сияқты жаңа әдістер қалыптасуда. Цифрлық лингвистика, әсіресе, мәтіндер мен ақпараттардың цифрландырылуы барысында тілдік деректерді жинап, оларды сандық түрде өңдеу арқылы көптеген жаңа мүмкіндіктер туғызды. Мысалы, мәтіндердің семантикалық құрылымын зерттеу, тілдің дамуын болжау және тілдік кедергілерді жою бағытындағы жұмыстарға жаңа технологиялар көмек көрсетуде. Бұл үрдістер қазақ тіл білімінде де көрініс табуда. Латын әліпбиіне көшу, жаңа терминологияны қалыптастыру, қазақ тілін халықаралық деңгейде дамыту мәселелері бүгінгі таңда басты назарда. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп атап өткеніндей, бүгінгі тіл саясаты оның болашағын айқындауда маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттану ғылымы да заманауи бағыттарға бет бұрып келеді. Қазіргі қазақ әдебиетінде постмодернизм, интертекстуалдық талдау, экологиялық әдебиет, гендерлік әдебиеттану сияқты жаңа ағымдар зерттеліп жатыр. Постмодернистік әдебиетте символизм мен көпқабатты мағына басымдыққа ие болса, интертекстуалдық талдау арқылы әдеби шығармалардың өзара байланысы қарастырылады. Сонымен қатар, қазіргі таңда экологиялық мәселелер әдеби шығармаларда жиі көтерілуде, бұл экологиялық әдебиет бағытының дамуына ықпал етті. Әдебиет пен табиғат арасындағы байланыс қазіргі уақытта өте өзекті

мәселеге айналып отыр. Әсіресе, адамзаттың экологиялық апаттарға деген жауапкершілігін арттыру үшін әдеби шығармалар маңызды рөл атқарады.

Ғылыми технологиялардың дамуы әдебиетке де әсерін тигізіп, цифрлық әдебиеттану бағыты пайда болды. Бұл бағытта электронды әдебиетті зерттеу, мәтінді сандық әдістермен талдау және жасанды интеллекттің әдеби шығармашылықтағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, мәтіндер мен әдеби туындыларды цифрлық форматта сақтау, тарату және жариялау мәселелері де назарға алынып, әдебиетке жаңа тәсілдер мен мүмкіндіктер енгізуде. Мысалы, ғаламтор арқылы қашықтан оқылатын электронды кітаптар мен шығармалар көптеген адамдарға қолжетімді болып, әдебиетке деген қызығушылықты арттырып келеді. Орыс филологы М.М. Бахтин «Әдебиет – халықтың рухани әлемінің айнасы» деген пікір айтқан. Бұл тұжырым әдебиеттің мәдениетті сақтаудағы маңыздылығын көрсетеді.

Цифрлық дәуірдің әсерімен әдебиет жаңа формаға ие болуда. Электронды кітаптар мен интернет-ресурстар арқылы әдебиетке қолжетімділік артып, виртуалды әдеби қоғамдар қалыптасып келеді. Жаңа медиа технологияларының енгізілуі шығармашылық пен әдеби сынның әдістерін өзгертіп, тек мәтіннің өзін ғана емес, оның қабылдану процесін де зерттеуге жол ашты. Бұл дегеніміз, әдебиеттанушылар мен әдебиетшілер жаңа дәуірдің талаптарына сәйкес әдебиетке жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр болып отыр.

Тіл мен әдебиеттің байланысы ажырамас. Әдебиет тілді дамытса, тіл әдебиеттің негізін қалайды. Әдеби шығармалар арқылы тіл байып, жаңа сөздер мен тіркестер пайда болады. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары – Абай, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сынды жазушылар қазақ тілінің көркемдік деңгейін жаңа биікке көтерді. Сондықтан қазіргі тіл білімі мен әдебиеттануды бірге қарастыру – олардың өзара байланысын нығайтуға және зерттеу әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Ғалым Рәбиға Сыздықова: «Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ой мен мәдениеттің айнасы» деген болатын. Бұл ой тілдің қоғамдағы және әдебиеттегі рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда, мәдениаралық коммуникацияның маңызы артты. Әр түрлі тілдер мен әдебиеттер арасындағы өзара байланыстар мен ықпалдастық қазіргі ғылымда ерекше орын алады. Тілдер мен мәдениеттер арасындағы диалог ұлттық болмысымызды сақтаумен қатар, басқа халықтардың мәдениетін де түсінуімізге мүмкіндік береді. Әсіресе, жаһандану кезеңінде мәдениаралық қарым-қатынастың тиімділігі мен маңыздығы күрт артты. Ұлттар арасындағы бірегейлікті сақтау үшін тіл мен әдебиет өзара тиімді түрде дамып, мәдениеттің дәнекері болады.

Қорыта айтқанда, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдары заман талабына сай дамып, жаңа ғылыми-теориялық бағыттармен толықтырылуда. Тілді сақтау және оны ғылыми тұрғыдан зерттеу – ұлттық болмысымызды сақтаудың бірден-бір жолы. Сол себепті әрбір азамат өз тілін құрметтеп, оның көркемдік, ғылыми және технологиялық мүмкіндіктерін кеңейтуге атсалысуы қажет. Тілін дамытқан ұлт қашанда өркендеп, мәңгілік ел болуға қадам басады.

Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсынұлы. «Тіл тағылымы». – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Ғабит Мүсірепов. «Қазақ әдебиеті тарихы». – Алматы: Ғылым, 198
3. Сәрсен Аманжолов. «Қазақ тілінің грамматикасы». – Алматы: Ғылым, 1966.
4. Қалиев Ғ. «Жалпы тіл білімі». – Алматы: Қазақ университеті, 2006.
5. Айтмұхамбетова Ш. «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа терминдер мен сөздер». – Алматы: Қаз. университеті, 2007.

ӘОЖ 26.8 (75)

ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мұхтарқызы А. - ТП-24-1кр тобының студенті,
Султанова К.А. – магистр, аға оқытушы

Әр дәуір өзінің жеке басына қойылатын талаптарды белгілейді және оған сәйкес өмірлік көзқарастар, идеалдар, кәсіби дағдылар жиынтығын анықтайды. XX ғасырдың соңғы онжылдығы мен XXI ғасырдың басындағы ең маңызды тенденциялардың бірі-технологияның қарқынды дамуы және адам өмірінің барлық салаларына цифрландыруды енгізу.

Бұл тұлғааралық, неке-отбасы, бала-ата-ана, ұрпақаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістерге әкеліп соқтырды, отбасы құрылымының өзгеруіне түрткі болды. Ересектер цифрлық технологияларды баяу игеріп, жаңа әлемде өз орнын іздеп жүргенде, өздеріне тән жеңілдігі мен қызығушылығы бар балалар тез арада жаңаға кірді шындық.

Цифрландырудың қазіргі дәуірі қоғамның келбеті мен күнделікті өмірін түбегейлі өзгертті. Технологияның әсері біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, бұл әсіресе бала тәрбиесінде байқалады. Смартфондар мен планшеттер сияқты сандық құрылғылар өскелең ұрпақтың өмірінде маңызды орынға ие

болды. Бұл өзгеріс ата-аналар, тәрбиешілер мен психологтар үшін жаңа қиындықтар мен мүмкіндіктер туғызады. Бұл мақалада балаларды цифрлық шындық жағдайында тәрбиелеудің психологиялық аспектісі қарастырылады, сондай-ақ технология дәуіріндегі балалармен тиімді қарым-қатынас жасау үшін ұсыныстар беріледі [1].

Барлық күш-жігерге қарамастан, ата-аналар балаларында әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру процесінде әртүрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін. Баланың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін, тәрбиенің әртүрлі стильдерін, сыртқы ортаның әсерін ескеру қажеттілігі — мұның бәрі әлеуметтену процесіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Кейбір жағдайларда, егер ата-аналардың өздері қажетті әлеуметтік дағдыларға ие болмаса, бұл баланың қарым-қатынас саласындағы кемшіліктерін қалыптастыруға әкелуі мүмкін. Мысалы, стресстің немесе жанжалдың жоғары деңгейі бар отбасыларда тәрбиеленетін балалар қарым-қатынастан аулақ болып, басқалармен ортақ тіл таба алмай, тұйық бола алады.

Зерттеулер көрсеткендей, ерте жаста анасына деген сүйіспеншілігі бар балалардың агрессияға бейімділігі төмен және мектеп ортасында, әсіресе ұлдар арасында жоғары әлеуметтік дағдыларды көрсетеді. Айта кету керек, бұл балада белгілі бір әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін қалыптастыратын ерте отбасылық тәжірибе және бұл тәжірибе құрдастар арасындағы әлеуметтік дағдылар мен әлеуметтік мәртебені дамытуда шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, бастауыш мектепте әлеуметтік оқшаулануға тап болған балалар жасөспірім кезінде де, болашақта да бейімделу қаупі жоғары топқа жатады. Отбасындағы сенімді қарым-қатынас, сондай-ақ сүйіспеншілік пен қамқорлық баланың бойында қауіпсіздік сезімін тудырады, бұл өз кезегінде жаңа немесе дұшпандық жағдайларда мазасыздықты оңай жеңуге көмектеседі.

Осылайша, ата-аналар бастауыш мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оларды қолдау, түсіну және мінез-құлық үлгісі сәтті әлеуметтенуге негіз болады. Жауапты ата-ана тәрбиенің белсенді әдістерін, эмоционалды интеллектті дамытуды және қарым-қатынасқа қолайлы ортаны құруды қамтиды. Әр баланың ерекше екенін есте ұстаған жөн және оны тәрбиелеу тәсілі оны қоғамдағы белсенді өмірге дайындау үшін жеке болуы керек.

Әдебиеттер

1. Петрова И. В. "Социальная работа с семьей: теоретические и практические аспекты." Москва: Издательство РГУ, 2020. 60с
2. Лебедева Т. В. "Эмоциональный интеллект и его роль в социализации детей." Психология и общество, 2019. 120с
3. Савельева Н. Г. "Воспитание детей: практические рекомендации." Санкт-Петербург: Питер, 2021.80с

ӘОЖ 159.9:614.2

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГТЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ

Орынбай Ж. – ТП-24-18кбтобының студенті
Меирбекова С.К. – магистр, оқытушы

Қазіргі уақытта «психология» мамандығы бойынша жоғары білім алғандардың кәсіби іс-әрекетінің 3 аймағын бөліп көрсетуге болады: психолог-оқытушы; психолог-зерттеуші; психолог-практик.

Психолог-оқытушы – оның кәсіби іс-әрекетінің аясы - білім беру, дәлірек айтқанда ересектерді, балалардың психологиялық ілімдердің негізіне үйрету. Жалпы және арнайы пәндердің ішінде психологиялық сипаттағы пәндер ғана екі түрлі мақсатты көздейді, тек білім беру ғана емес, баланың жеткіншектің, білімгердің, тұлғаның дамуына өзін-өзі жетілдіруінің көзі болып табылады.**Психолог-зерттеуші** – психологияның белгілі бір саласы бойынша ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу. Оны жүзеге асыру үшін ғылымға лабораториялық құрал-жабдықтар, компьютер, әдістемелер, ғылыми әдеиеттер қажет. Зерттеу іс-әрекеті жабдықьалған ғылыми орталықта әріптестерімен өзараәрекеттесу барысында, кейде жеке де жүзеге асырылады. 1991 жылға дейін Кеңес Одағында орталықтандырылған зерттеу орындары мен зерттеу жұмыстары жүргізілді және олар негізінен Москва, Ленинград қалаларында орналасты. 1988 жылы «СССР-дің психологиялық орталықтары» анықтамасында олардың ұзақ саны 350-ге жеткен және мемлекет тарапынан қаржыландыру мен қолдау жүйелі жүргізілді. Ал қазіргі кезде қаржыландыру мемлекет тарапынан, грант ұтып алу мен түрлі қорлардың демеуімен іске асуда.**Психолог-практик** – қоғамдық практиканың түрлі саласында – денсаулық, білім беру, юриспруденция, өнеркәсіп, бизнес, саясат, сауда, өнер, әлеуметтік аймақ, ұлтаралық қатынас, жарнама, туризм, көлік және т.б.

Практик-психологтың кәсіби іс-әрекетінің түрлері:

- диагностикалық-прогностикалық іс-әрекет, әлеуметтік, кәсіби, тұлғалық, жекелік мәселелердің диагностикасы мен прогностикасы.

- Психодиагностикалық және кеңес берушілік іс-әрекет, медико-психологиялық, жекелік-тұлғалық, кәсіби психодиагностика, кәсіби бағыттау мен кәсіби іріктеу, бейімделу мен реабилитация, отбасылық, психологиялық кеңес беру мәселелерін қарастырады.
- Түрлі аядағы жекелік және топтың тренингтерді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін психолог-тренир.
- Қоғамдық практикада психологиялық міндеттерді шешудегі эксперттің жұмысы.
- Күрделі социотехникалық жүйе бойынша проектілік (жобалық) жұмыстарды жүзеге асыратын – жобалық іс-әрекет.
- Түрлі мемлекеттік стандартты жасау мен пробадан өткізетін нормативті-стандарттық іс-әрекетті жүзеге асыру – мекемелердегі басқару іс-әрекеті – персоналдық менеджмент.

Медицина дерттің өзі тудыратын, сондай-ақ емдеу барысында туындайтын психологиялық мәселелерге әр кезде де аса зор мән береді. Клиникадағы емдеу процесіне қатысушы ретінде маман психологтың пайда болуы соңғы уақытта ғана жүзеге асты. Бүгінде психиатриялық, наркологиялық және т.б. салаларда медициналық психолог мамандары бар. Қазіргі клиникалық медицинада ғылыми-техникалық прогрестің пайда болуы жеке алғанда тар салада мамандану мен аспаптық және лабораториялық зерттеу тәсілдерінен, емдеуден байқалады. Сол себепті науқас адамның әртүрлі дәрігерлермен кездесуіне және олармен қатынаста болатын уақыттың қысқаруына тура келеді. Кейде дәрігерде пациент жөнінде бір тұтас пікір қалыптаспайтын кез пайда болады.«Кеселді емес, науқас адамды емде» деген тұжырым көбіне қолданыс таппайды. Дәрігер барынша ауру адаммен тұлға ретінде психологиялық және әлеуметтік кең мағынадабайланысын үзіп алады. Бұл өз кезегінде емдеуші дәрігердің өзінің бет-бейнесін жоғалту қауіпін тудырып, клиницистер арасында дабыл қағарлық жағдайда қалыптастырады.«Дәрігер-науқас» жүйесіндегі қарым-қатынас тапшылығының орнын медициналық психология бойынша маманның толтыра алатындығы сөзсіз. Дегенмен осы өзекті мәселе облыстағы емдеу – алдын алу мекемелерінде қалай шешілуде деген сауалдың пайда болары анық. Бүгінгі таңда тек психиатриялық саламен қызметі сабақтас медициналық және педагогикалық мекемелерде ғана медициналық психолог және психолог мамандары жұмыс істеуде. Алайда олардың әр қайсысы өзінің жинаған тәжірибесі, жеке бетінше ізденіп және арнайы оқып алған білімдеріне сүйеніп қызмет етуде.

Мәселенің бір ұшы арнайы медициналық білімі бар психологтар тапшылығы. Бұл бағытта психологтардың біразының орта медициналық білімі барлығын айтқанмен, қалғаны тек педагогикалық жоғары біліммен шектелетінін еске салған жөн. Алайда соңғысы дәрігерлердің білім жетілдіру институттарында медициналық психология бойынша біліктілігін артырады. Бұл қаншалықты мәселені шеше алады.Әңгіменің мәні мынада, психолог маман емдеу мекемелерінде кейде басы артық маман жағдайына тап болатыны жасырын емес. Көбіне-көп өзімен-өзі болып, кездейсоқ тапсырмаларды орындап, денсайлық сақтау мекемесінің жалпы қызметіне араласа бермейді. Екінші жағынан маман қанша жерден мықты психолог болғанымен ол емдеу мекемесі шұғылданатын потология саласында терең білімі болмаса, оның пайдасы шамалы.Медициналық жоғары және орта оқу орындарында психология пәні оқытылады. Оған бөлінеген сағат санының аз екендігін ғалымдар ұдайы тілге тиек етіп жүр. Болашақ маманның осы салаға қаншалықты көңіл қойып, келешекте осы қызметті тыңдауын ешкім дөп басып айта алмайды. Дегенмен емдеу процесінде психологтың атқарар рөлін қазіргі кезде төмендету мүмкін емес.Өркениеттік даму жолына түскен, сондай-ақ бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енуді мақсат тұтқан біздің елімізде медицинаның жоғары деңгейде көрінуіне медициналық психология саласын дамыту көп нәрсе берері анық.Психолог ауру адамдарды аралау, дерт түрін талдау және басқа да өндірістік-клиникалық шараларға етене араласуы соматикалықклиникада клиницист пен психологтың өзара ықпалды әрекет етуінің негізі болып саналады. Диагноз қою кезінде де психологқа қажеттілік туындайды.Психолог науқас адамның ауруханада психологиялық бейімделуіне, оның әрі қарай тексерілуі мен емделуге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыруға мол жәрдем береді. Егер операция жасауға шешім қабылдағанда науқас адамның жүйкесіне ауыр жүк түсіретін мәселені шешуге, оның бойындағы эмоциялық кернеуді сейілтуге психолог маманның көмегі ауадай қажет.Стационарлық емдеу кезеңінде психологтың негізгі ролі психоанықтау және психо түзету жұмыстарында көрінеді. Ол емдеуші дәрігермен бірлескен жеке және топтық психотерапия түрінде өтеді.Катамнестикалық кезеңде сырқат адамдарды оңалту психолог үшін өзін көрсетер кең алан. Оған көптеген әлеуметтік-психологиялық сауалдарды шешуге тура келеді. Бұл ауру адамның өмір салтын өзгерту, қалыпты отбасылық қарым-қатынасты қалпына келтіру, науқастың еңбек ету әрекетін жалғастыру немесе алмастыру, мүгедектікке өту – бұл сауалдарды ауру адам психолог көмегімен тез және жеңіл шеше алады. Қорыта келе бүгінгі қоғамда психолог мамандардың қажеттілігі артуда.

Әдебиеттер

1. Попков В.А., Коржуев А.В. Дидактика высшей школы: учеб.пособие /В.А. Попков, А.В. Коржуев – М.: Академия, 2008.
2. Змеев С.И. Андрагогика: основы теории, истории и технологии обучения взрослых: учеб.пособие /С.И. Змеев – М.: «ПЕР СЭ», 2007.
3. Скок Г.Б. Как проанализировать собственную педагогическую деятельность: метод.рекомендации /Г.Б. Скок – М.: Пед. Об-во России, 2001.
4. Қазақстан Республикасының 12-жылдық орта жалпы білім беру туралы Концепциясы. – Астана, 2006.

УКД 930.25 (574,5): 001 (092)

ВКЛАД ТУРКЕСТАНСКИХ УЧЕБНЫХ БЕТГЕРА Е.К., БУРОВА Н.А., ГАРРИЦКОГО А.А. В ИЗУЧЕНИЙ ИСТОРИЙ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ

Орынбек Ә. - 0105-24-036к тобының студенті
Тлеубаева Ж.М. - ғылыми жетекшісі
SHYMKENT JOGARI PEDAGOGIKALYQ KOLLEDJI

В основе научного развития современности и прошлых эпох лежит накопление материала, сбор исторических источников, классификация их в определенной системе. Висторий библиотечного дела Казахстана недостаточно разработанным звеном является проблема развития культурных связей Казахстана с Россией, республиками Среднеазиатского региона. В этой связи сведения о деятельности ученых-краеведов, библиотековедах библиографах Туркестанского края необходимы для студентов, аспирантов, преподавателей в их исследовательской работе. Особенно важны эти материалы для студентов, изучающих курс «Краеведение» , «История библиотечного дела» , «Библиография Казахстана». На сегодняшний день в истории библиотечное дела и библиографии Казахстана фактический отсутствуют работы биографического жанра историко – библиотечной литературы. Биографические материалы о многих видных деятелях краеведения, библиотековедения, библиографии представлены краткими заметками. Но и эти материалы являются сегодня библиографической редкостью и фактический недоступны читателю. Не получила должного отражения в статьях казахстанской печати жизнь и деятельность таких выдающихся дореволюционных библиотековедов, библиографов, краеведов, как: А.Е.Алекторова, И.В.Дмитровского, В.Д.Городецкого, В.В.Завьялова, Л.Зимина, С.Видского, А.В.Панкова, В.И. Межова, Б.Э.Петри, А.А.Диваева, Е.К.Бетгера и многих других.

А ведь Жизнь и творчество этих людей непостредственно связано с изучением, собиранием, сохранением памятников книжной культуры Туркестанского края. Многие из них были страстными любителями книг и обладатели большими книжными собраниями редких рукописных изданий.

Сведения об этих библиотеках, судьбах немногочисленны, кратки. Однако можно с уверенностью утверждать, что некоторые из них вошли в коллекцию редких книг и рукописного фонда Национальных библиотеках Узбекистана, Казахстана, Кыргыстана, России, Туркмений и т.д. Подтверждением тоиу иогу служить сведения о судьбе архива библиотеки известного краеведа Н.П.Остроумова /1/. В 1936-1937 гг. По инициативе профессора М.Ф.Гаврилова архив, рукописная коллекция Н.П.Остроумова была куплена ГПБ им. А.С.Пушкина /2/.

Сегодня мы должны выявить социальную, научную и историко – культурную обусловленность библиотечно – библиографических явлений нашего региона. Описывая факты жизни и деятельности библиотековедов – библиографов, мы должны охарактеризовать новые идей, методы, внесенные ими в теорию и практику библиотечно – библиографического дела. Предлагаемая вниманию читателя статья носит обзорный биографический характер и посвящена выдающимся деятелям культуры Е.К.Бетгеру, Н.А.Бурову, А.А.Гаррицкому.

Имя Евгения Карловича Батгера известно сегодня узкому кругу специалистов, между там в 20-50-е годы среди библиотечной общественности пользовался известностью как практик, краевед, библиотековед, библиограф. Автор многочисленных статей, методических, библиографических указателей. Широта его научных и профессиональных интересов сочеталась с энергической целеустремленностью.

Е.К.Бетгер сорок лет своей жизни посвятил библиотечному делу. Родился 12 июля 1887 года в Ташкенте в семье фармацевта. Получил прекрасное образование, учился на историческом отделении филосовского факультета Гейдельбергского университета. В вопросом, относящимся до стран, сопредельных с б. Туркестанским краем. Ташкент» (1948г.)

На сегодняшний день в Национальной библиотеке Республики Узбекистан и в других научных библиотеках хранятся машинописные экземпляры работ Е.К.Бетгера: «Указатель авторов, личных и географических имен, встречающихся в «Библиографии Азии» В.И.межова».

Е.К.Бетгер подготовил к печати два тома тематических сборников статей из книг, газет и журналов под общим названием «Туркестанская старина».

Огромное участие Е.К.Бетгер принял в разыскании сборников «Туркестан» И.В. Дмитровского. Впервые он сообщает в печати о хранящихся в ГБЛ 29 сборниках о Туркестане. Благодаря библиографическому опыту и знакоством с литературой о Средней Азии ему удалось определить данные о периодических изданиях Сборника. Он составил «Указатель к сборникам «Туркестан», в котором содержатся 29 томов сборника, раскрывающего с помощью предметного указателя 2068 записей и указатель личных имен».

Свой многосторонние знания Бетгер Передовал новым поколениям библиотекарей принимал участие в организации первых библиотечных курсов Туркестанской Республики. Участвовал в составлении учебного плана, программ библиотековедческих, книговедческих циклов. Выступал с докладами, лекциями на

многочисленных семинарах, научно – практических конфренциях, организуемых библиотеками. Особенно интересы были его лекции по систематическому, предметному каталогу , истории книги, библиографии.

Не менее интересно для вас творчество видного библиотековеда – библиографа Средней Азий И.А.Бурова. Родился 30 августа 1885 года в Петербурге, В 1903 г. окончил мужскую гимназию в Верном, в 1903-1905 г. учился в Петербурском университете.

Интерес к библиотечному делу возник во время военной службы в Самарканде. Он заведует библиотекой Самаркандского военного собрания и составляет каталог ее книжных фондов.

Буров И.А. в 1918-1921 гг. обучается в Туркестанском восточном институте(Ташкент), где общался с видными знатоками края – востоковедами, историками – этнографами, библиографами. Одноверменно являлся членом Туркестанского отделения Русского Географического общества. В течении почти четверти века работал в библиотеке САГУ катализатором, индексатором, заведующим иностранным секретом.

В 1922 году выходить в свет первая работа И.А. Бурова «Список новых родов, видов и подвидов растений и животных, описанных в изданиях Туркестанского отделения Русского географического общества». Особую популярность среди краеведов ученых принес « Краткий библиографичекий указатель литературы по Туркестану» (1924) составленный совместно с А.А. Гаррицким по поручению Туркестанского экономического совета. В 1924 году в «Известных ТОРГО» (т.17) была опубликована еще одна работа Н.А. Бурова – «Указатель литературы по естествознанию и математике, вышедшей в Туркестане за указанный период времени».

Литература

1. Н.П. Остроумов – видный представитель администраций Туркестанского края. Его работа в Туркестане началась в середине 1877 г. и продолжалась до 1917г. Был первым инспектором народных училищ края, директором учительской семинарий, исполнял обязанности главного инспектора училищ Туркестанского края.
2. М.Ф. Гаврилов, основатель фонда редких книг и рукописей в библиотеке, 1942 г.. за исключением небольшого количества рукописей, архив был передан в ЦГА Казахстана.
3. Указатель Публикаций Е.К.Бетгера: - в кн.: М.П. Авшарова и М.С.Виридирский. Евгений Карлович Бетгер (1887-1956). Очерк жизни и деятеьности. Ташкент. Госиздат Уз.ССР. 1960. Стр. 27-43 (сведения о его неопубликованных работах на стр. 42-43).
4. Указатель включал «Список книг, вышедших в Туркестане в 1868-1879 гг. и содержащихся в них статей «, «Список книг...», хронологические рамки которого простирались до 1916г.. довести до конца не успел.

ӘОЖ– 451.62

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТҮРКІЛЕРІ

Өскен Ө.Ө. – ТП – 24 – 3кр тобының студенті
Нарымбет Г.Б. – магистр аға оқытушы

Жібек жолы осыдан үш-төрт мың жыл бұрын болған. Ол Қытайдағы Хань династиясы тұсында ғана, Хань императоры Чжан Цяньді Орталық Азия елдерімен достасуға Батыс Азияға екі дипломатиялық миссияға жіберген кезде ғана өркендей бастады. Чжан Цянь қазіргі Ферғана, Самарқанд, Балқаш көлі т.б. Чжан Цянның сапары бұл жолды Шығыс пен Батыс үкіметтері арасындағы байланыс көпіріне айналдырды. Осының арқасында көпестер Жібек жолынан адаспаған. Цянь Муның Батыс пен Орталық Азияға саяхаты қытай тағамдарымен қатар жүрді, ал қытайлардың қайта оралуы Жаңа Батыстың пайда болуына әкелді. Цянь Цичэнь сапарына қатысқандар да қытай тағамдары мен мәдениеті туралы түсініктерін тереңдете түсті. Содан жол көркейе бастады. Ол үрей туғызып, Шығыс пен Батыс арасындағы көпір қызметін атқарды. Осы жолды қорғау және дамыту үшін Қытайдың кезекті патшалары жол бойына күзет қояды. Жібек жолы мәңгілік және өзгермейтін жол емес, тарихтың өтуімен өзгерді, ал дәстүрлі сорғылар тарих бойы өзгеріссіз қалды. Ол Жерорта теңізінің шығыс жағалауы арқылы 7000 мильден астам жерге созылды және олардың байланыстары кезінде құнды жібек саудасы жүргізілгені сөзсіз. Қытай деректеріне қарағанда, біздің заманымыздың VI ғасырында Батыс Түрік қағанатының ханы мен төрелері жібек киім киген. Біздің дәуіріміздің 6 ғасырында жібек Еуразияға тарады. Қазақстан жеріндегі ежелгі керуен жолдарының тарихы. с.б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында «Дала жолынан» басталды. Геродоттың айтуынша, бұл жол Қара теңіз жағалауынан Дон өзенінің жағасына дейін, одан Оңтүстік Оралдағы савроматтар жеріне, одан әрі Ертіс бойымен Алтайға және Зайсан көліне дейін созылған. Заманауи техниканың тамаша жетістіктері мен ғарыштан түсірілген бейнероликтер Еуразияның кіндігі арқылы өтетін бұл көне жолдың ең қолайлы жол екенін дәлелдеді. Бір ғажабы, қазіргі жолдар мен темір жолдар ежелгі далалық жолдардың бағыттарын дәл қайталайды. Кездесулер, әңгімелесулер, қалааралық байланыстар біздің дәуірімізге дейінгі 10 ғасырда басталды. 3-2 мыңжылдықтар арасында басталды. Бадахшан тауларында және Хотан маңындағы Ярканд өзенінің жоғарғы ағысында лапис лазули кен

орындары ашылып, өндірісті бастау үшін көлік құралдары реттеліп, жетілдірілді. Қытайдағы Хань әулеті кезінде бұл қарым-қатынас Хань императоры Ву Чжан Цяньді Орталық Азия елдерімен достасуға талпыныспен Батыс аймақтарға екі миссияға жібергеннен кейін өркендей бастады. Чжан Цянь қазіргі Ферғана, Самарқанд, Балқаш көлі т.б. Чжан Цянның саяхаты жолды Шығыс пен Батыс үкіметтері арасындағы байланыс жолы ретінде қалыптастырды. Бұған жауап ретінде көпестер «Жібек жолына» ұмтылуын бәсеңдеткен жоқ. Чжан Цян Батыс аймақтар мен Орта Азияны аралап, өзімен бірге Қытайдың жібек бұйымдарын алып келді, олар елге оралған кезде олар әртүрлі мәдениеттерді, соның ішінде өздері барған жерлердегі заттарды және Батыс аймақтардан музыканы алып келді; Чжан Цянның саяхаттары қытайларға Батыс аймақтар мен Орталық Азияны түсінуге мүмкіндік берді. Жаң Цяңның елдің түкпір-түкпірінен келген адамдарды аралауы да оның Қытай өнімдері мен мәдениетін тереңірек білуіне көмектесті. Содан бері жол көркейіп, көркейе түсті. Шығыс пен Батыстың байланысы мен өркениеттерді байланыстыратын көпірге айналды. Осы жолды қорғау және дамыту үшін Қытайдың кезекті императорлары жол бойына күзет қойып, әскерлерін басқара бастады. Жібек жолы дерлік өзгеріссіз қалатын тұрақты жол емес, уақыт өте өзгерген, тарих бойы дәстүрлі маршруттары өзгеріссіз қалған жол болды. Ол шығыста Чанъаннан (қазіргі Сиань) басталып, Тарим ойпатынан өтіп, Памир үстіртінен өтіп, Орта Азия мен Батыс Азияны басып өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін жетеді. Ұлы Жібек жолы шығыста Қытай империясынан батыста Рим империясына дейін созылды.

Кушан, Соғды, Парфия империялары арқылы жүк тасымалдауды Еуразияның таулы және далалы аймақтарында өмір сүрген көшпелі халықтар жүзеге асырды. Отырықшы мемлекеттерді бір-бірімен байланыстырмай, мұхиттағы аралдардай оқшауланған көшпелі түркі тайпалары байланыстыратындықтан, Жібек жолын 15 ғасырдан бастап аграрлық империяларды байланыстыратын жай ғана артерия болды деп ойлау шындыққа жанаспайды. Негізгі мәдени қайта құру өркениеттердің тоғысқан жері деуге болатын қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Жеті өзен өңірінің аумағында болды. Жібек жолы бойында Еуразия көшпелілері бірте-бірте өркениетті дамытып, өз тайпаларын, қалаларын, керуен сарайларын құрып, сауда-саттықты бақылап отырды. Отырықшы өркениеттер көшпелі халықтардың қару-жарақтарымен, ат әбзелдерімен, түрлі бұйымдарымен танысып, өздеріне сіңірді. Қазіргі жаһанданудың алыс мысалы ретінде Жібек жолы ашылу дәуірінен көп бұрын болған. Түрлі себептермен олар индустриялық өркениет толқынына ілесе алмады. 3-2 мыңжылдықтар арасында Месопотамия жазығынан Үнді өзені алабына дейін, Орталық Азия шөлінен Жерорта теңізіне дейін созылып жатқан құрылыстар мен су жолдары жүйесі – Месопотамия қалыптасты. Ол ең алыс мәдениеттер мен өркениеттерді байланыстырады. Кейіннен бұл жүйе Жібек жолының негізгі тармақтарының біріне айналды.

Әдебиеттер

1. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
2. Молдабеков Ж.Ж. Казакстану. - Алматы, 2015.
3. Молтобарова К.И. Мәдениеттану. - А, 2018.
4. https://el.kz/news/archive/ly_zhibek_zholy_m-denietini-_-rkenietter_s-khbatynda-y_orny/
5. https://melimde.com/li-jibek-joli-halitarini-medenietarali-kommunikaciyasindafi-az.html

ӘОЖ 373.3:15.311

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОЙЫН-ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ МЕН ЫНТАСЫН АРТТЫРУ

Пердебай Д.А.- ТП-23-10к2 тобының студенті
Джахаева А. П. – магистр, аға оқытушы

Қазіргі педагогика оқу процесі тиімді болып қана қоймай, оқушылар үшін де қызықты болатын жағдайлар жасауға тырысады. Бұл әсіресе бастауыш мектепте негізгі оқу дағдылары, таным мен өз бетінше жұмыс істеуге деген қызығушылық қалыптасқан кезде өте маңызды. Алайда, дәстүрлі оқыту әдістері әрдайым бастауыш сынып оқушыларының жоғары мотивациясын қамтамасыз ете алмайды. Бұл жастағы балалардың белсенділігі, қызығушылығы және өзара әрекеттесудің ойын түрлеріне деген қажеттілігі артады. Осыған байланысты оқу процесінде ойын әдістерін қолдану тек көмекші құрал ғана емес, сонымен қатар оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен мотивациясын арттыру үшін қажетті құралға айналады.

Ойын технологиясы баланың өзін еркін және сенімді сезінетін жайлы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Олар ақыл-ой белсенділігін арттыруға, шығармашылық ойлауды дамытуға және оқу материалын табиғи және кездейсоқ түрде игеруге көмектеседі. Бұл мақалада ойын әдістері бастауыш сынып оқушыларының мотивациясын арттыруға ықпал ететін механизмдер қарастырылады, сонымен қатар оларды оқу процесінде тиімді қолдану бойынша ұсыныстар беріледі.

Бастауыш сынып оқушыларын ынталандырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері

Психологтар бастауыш сынып оқушыларының мотивациясы негізінен сыртқы шартты екенін атап өтті. Бұл дегеніміз, белгілі бір жастағы балалар білім алу үшін емес, ересектерді мақұлдау, мадақтау, сыйақы алу немесе басқалармен салыстырғанда жетістікке жету үшін үйренеді. Бірте-бірте, дұрыс педагогикалық көзқараспен, бұл мотивация бала білімнің құндылығын көре бастағанда және сыртқы факторларға қарамастан оқуға қызығушылық таныта бастағанда ішкі мотивацияға айналуы мүмкін.

Ойын әдістері тұрақты оқу мотивациясын қалыптастырудың негізгі құралдарының біріне айналады. Олар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді, өйткені олар оқу әрекеттерін ойын элементтерімен біріктіруге, оқу жүктемесіне байланысты стрессті азайтуға және белсенділік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді [1].

Атақты швейцариялық психолог Жан Пиаже өз еңбектерінде баланың танымдық дамуы үшін ойынның маңыздылығын атап өтті. Ол когнитивті дамудың бірнеше кезеңдерін бөліп көрсетті, олардың әрқайсысында ойын ерекше рөл атқарады. Бастауыш сынып оқушылары символдық және рөлдік ойынның үстемдігімен сипатталады, бұл мұғалімдерге ойын әдістерін оның тиімділігіне нұқсан келтірместен білім беру процесіне қосуға мүмкіндік береді.

Л. С. Выготский өз еңбектерінде баланың дамуындағы ойынның маңыздылығын да атап өтті. Ол ойынды бастауыш мектеп жасындағы ерікті мінез-құлықты, танымдық қабілеттерді және әлеуметтенуді қалыптастыруға ықпал ететін жетекші әрекет ретінде қарастырды [2]. Осылайша, оқытуда ойын технологияларын қолдану балалардың жас қажеттіліктеріне толығымен сәйкес келеді және оқу мотивациясын қалыптастыру міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Оқытудағы ойын әдістерін шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Дидактикалық ойындар-ойын тапсырмалары арқылы белгілі бір материалды зерттеуге бағытталған.

2. Рөлдік ойындар-оқушыларға зерттелетін тақырыппен байланысты белгілі бір рөлде сезінуге мүмкіндік береді.

3. Жарыс ойындары-бәсекелестік элементтері арқылы мотивацияны арттырады.

4. Ойын жаттығулары мен тапсырмалар дәстүрлі оқыту формаларын толықтыратын шағын ойын элементтері болып табылады [3].

Осы әдістердің әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Дидактикалық ойындар-бұл оқу материалын игеруге бағытталған арнайы жасалған ойын тапсырмалары. Олар карта ойындары, басқатырғыштар, кроссвордтар, үстел ойындары немесе интерактивті тапсырмалар түрінде ұсынылуы мүмкін [4].

Мысалы, Математиканы оқыту кезінде "математикалық лото" немесе "санды Жинау" ойындарын қолдануға болады, мұнда балалар есептерді шешу үшін сандарды таңдауы керек. Ойын барысында балалар сандар мен есептеулерді есте сақтап қана қоймай, ақпаратты талдауға, салыстыруға және қорытынды жасауға үйренеді.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқуда оқушылар грамматиканы қызықты түрде Үйренетін "сөз құрастыру" немесе "қатені түзету" ойындары тиімді.

Рөлдік ойындар балалардың белсенділігі мен маңыздылығын сезінеді. Олар студенттерге өздерін ғалым, саяхатшы, зерттеуші ретінде сезінуге мүмкіндік береді, бұл оқу процесін жандандырады.

Мысалы, қоршаған әлем сабағының аясында балалар "ғылыми тапсырмалар" алып, шағын эксперименттер жүргізетін "біз зерттеушіміз" ойынын ұйымдастыруға болады. Тарих сабақтарында сіз "уақыт саяхатын" өткізе аласыз, онда оқушылар өздерін әртүрлі дәуірлердің тұрғындары ретінде көрсетеді.

Рөлдік ойындар білімді нығайтуға ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас, сыни ойлау және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Бәсекеге қабілетті ойындар бәсекелестік рухы арқылы қосымша мотивация жасайды. Олар жеңіске деген ұмтылысты дамытуға, командада жұмыс істеуге және сәтсіздіктермен күресуге үйретеді.

Математика сабақтарында "математикалық марафондар" өткізуге болады, онда оқушылар есептерді шешуде жарысады. Оқу сабақтарында-жылдам оқу конкурстары немесе әдеби викториналар.

Мұндай ойындар балалардың күйзеліске ұшырамауы және жеңілгендердің жағымсыз тәжірибесіне әкелмеуі маңызды. Мұғалім нәтижеге емес, процеске баса назар аударуы керек, бұл ойынға қатысудың өзі жетістік екенін баса айтады.

Бұл әдістерді балалардың назарын аудару және олардың қатысуын арттыру үшін пайдалануға болады. Оларға сабақтың қазіргі тақырыбына байланысты жұмбақтар, жұмбақтар, ассоциациялар, шағын ойындар кіреді.

Мысалы, жаңа материалды түсіндірмес бұрын, сіз балаларға рефлексияға бағыт беретін жұмбақ ұсына аласыз. Әдебиет сабақтарында "Тірі картиналар" әдісін қолдануға болады, мұнда оқушылар кітаптағы көріністі бейнелейді, ал қалғандары бұл шығарманың не екенін болжауға тырысады.

Ойын технологиясы оқушылардың бастауыш мектепте пәнге деген ынтасын арттырудың күшті құралы болып табылады. Олар оқуды қызықты етуге, танымдық белсенділіктің жоғары деңгейін сақтауға және балалардың оқу процесіне оң көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі. Дидактикалық, рөлдік және бәсекеге қабілетті ойындарды пайдалану материалды игеруді жақсартуға ғана емес, сонымен қатар

оқушылардың Тәуелсіздік, қарым-қатынас және сыни ойлау сияқты маңызды дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныптарды оқытуда ойын әдістерін сауатты қолдану әр бала өзін табысты сезінетін және әлемді одан әрі тануға ынталандыратын қолайлы білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Брунер, Д.С. Игра, мышление, речь / Д.С. Брунер // Перспективы: Вопросы образования. - 1987. - №1.
2. Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психологическом развитии ребенка / Л.С. Выготский // Вопросы психологии. -1966. - №6.
3. Выготский, Л.С. Психология развития ребенка / Л.С. Выготский // Москва: Изд-во Смысл, Изд-во Эксмо, 2005. - 512 с.
4. Выготский, Л.С. Орудие и знак в развитии ребенка / Л.С. Выготский // Собр. соч.: В 6 т. / Гл. ред. А.В. Запорожец / Т. 6. Научное наследство / Под ред. М.Г. Ярошевского. - Москва: Педагогика, 1984. - С. 5-90

ӘОЖ 159.922.73

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Пернебек Ә. - СТ23-3к12 тобының студенті
Молдаханова М.М. - аға оқытушы

Бастауыш сынып оқушылары – бұл танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік даму кезеңіндегі балалар. Бұл кезеңде олардың психологиялық ерекшеліктері айтарлықтай өзгеше болып келеді. Бастауыш сынып жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу олардың оқыту мен тәрбиелеу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл жастағы балалардың қабылдау, ойлау, есте сақтау, қиял және зейін процестері қарқынды дамиды. Олар айналадағы құбылыстарды белсенді түрде зерттеуге, сұрақ қоюға, логикалық байланыстарды орнатуға ұмтылады. Сонымен қатар, бұл кезеңдегі балалардың эмоционалдық сезімдері өте тұрақсыз болып келеді, олар сыртқы жағдайларға тез әсерленеді. Осы себепті бастауыш сыныпта оқыту мен тәрбиелеу барысында олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру өте маңызды.

Бастауыш сынып оқушыларының психикалық дамуының ерекшеліктеріне келесі факторлар жатады:

1. Танымдық процестердің дамуы: бұл жастағы балаларда ойлау үдерісі негізінен көрнекі-бейнелі және көрнекі-әрекеттік сипатта болады. Олар нақты заттармен жұмыс жасағанды ұнатады, абстрактілі ойлау толық қалыптаспаған. Сонымен қатар, оқушыларға айналадағы әлемді түсіну үшін нақты мысалдар, тәжірибе жасау, модельдеу әдістерін қолдану тиімді.
2. Есте сақтау қабілеті: бастауыш сынып оқушыларының механикалық жады жақсы дамыған, сондықтан олар ақпаратты қайталау арқылы тез есте сақтайды. Бұл жаста есте сақтау саналы түрде емес, көбінесе эмоциялар арқылы жүзеге асады. Дегенмен, оларды мағыналық есте сақтауға да үйрету маңызды.
3. Қабылдау ерекшеліктері: балалардың қабылдауы жүйесіз және үздіксіз толықтыруды қажет етеді. Олар көбіне сыртқы белгілерге көбірек назар аударады. Сондықтан оқыту үдерісінде түрлі түсті көрнекі құралдар мен практикалық тапсырмалар қолдану тиімді.
4. Зейіннің тұрақсыздығы: бастауыш сынып оқушылары ұзақ уақыт бір нәрсеге назар аудару қиындықтарын сезінеді. Олардың зейіні ерікті түрде емес, көбінесе қызығушылықтары мен эмоцияларына байланысты бағытталады. Мұғалімдер ойын әдістері мен интерактивті оқыту тәсілдерін қолдану арқылы балалардың зейінін ұзақ уақыт бойы ұстап тұра алады.
5. Сөйлеу және қарым-қатынас: бастауыш сынып жасындағы балалар белсенді сөздік қорын кеңейту және тілдік нормаларды меңгеру кезеңінде болады. Бұл кезеңде олар ересектер мен құрдастарымен қарым-қатынас жасауға аса қызығушылық танытады. Сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған ойындар мен диалогтық оқыту әдістері олардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.
6. Эмоционалдық даму: балалардың эмоционалдық реакциялары жылдам, айқын және шынайы болып келеді. Олар өз эмоцияларын жасыра алмайды және көңіл-күйдің күрт өзгеруі жиі байқалады. Сондықтан эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру мақсатында психологиялық тренингтер мен шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру маңызды.
7. Әлеуметтік даму: балаларда мінез-құлықнормалары мен ережелерін меңгеру үдерісі жүреді. Олар топтық жұмысқа қызығушылық танытып, құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Әлеуметтік дағдыларды дамыту үшін бірлескен жобалар мен топтық іс-шараларды қолдану тиімді.
8. Мотивация ерекшеліктері: бұл жастағы балалар үшін танымдық қызығушылық маңызды рөл атқарады. Егер оқу процесі олар үшін қызықты әрі эмоционалды түрде тартымды болса, олар белсенді түрде білім алуға ынталы болады. Сондықтан оқу процесінде марапаттау жүйесін қолдану, проблемалық оқыту және зерттеу әдістерін енгізу тиімді.

Бастауышсыныпоқушыларыныңпсихологиялықдамуынқолдау

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалімдер мен ата-аналар келесі қағидаларды ұстануы қажет:

- Оқыту барысында ойын элементтерін енгізу;
- Ақпаратты көрнекі түрде беру;
- Оқушылардың қызығушылықтарын ескеру және оқытуды эмоциялық тұрғыдан тартымды ету;
- Балалардың зейінін шоғырландыру үшін үнемі белсенділік түрлерін ауыстырып отыру;
- Эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз ету, яғни балалардың өз эмоцияларын дұрыс танып, оларды басқаруды үйренуіне көмектесу;
- Әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көңіл бөлу;
- Оқушылардың жетістіктерін жиі мадақтау және қолдау көрсету;
- Интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы балалардың белсенділігін арттыру;
- Психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету мақсатында сабақтарда шығармашылық және ойын технологияларын қолдану;
- Балалардың өзін-өзі бағалауына және сенімділігіне әсер ететін жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескеру олардың дамуы мен оқу жетістіктерін жақсартуға көмектеседі. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқыту әдістерін қолдану – олардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Сонымен қатар, мұғалімдер мен ата-аналар балалардың психологиялық жағдайына ерекше назар аударып, олардың жеке қабілеттерін дамытуға қолдау көрсетуі тиіс.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // http://edu.gov.kz
2. Оралбекова А.К. Информационно-коммуникационные технологии как ресурсы инклюзивного образования // Матер. IX междунар. науч. конф. молодых ученых Казахстан в международном образовательном пространстве. – Алматы, 2017. – С. 216-220
3. ҚазақстанРеспубликасындаинклюзивтібілімберудідамытудыңтұжырымдамалықтәсілдері. - Астана, 2015. - 152 б.
4. Коджаспирова Г.М., А.Ю. Кожаспиров. Педагогический словарь. М.: Академия, 2001. - 325 с.
5. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М., 1996. - 225 с.
6. Кенжебеков Б.Т. Жоғарыоқуорнықжүйесіндеболашақмамандардыңкәсібиқұзыреттілігінқалыптастыру: дисс. ..пед. ғыл. докт.: Қарағанды, 2005. – 267 б.

ӘОЖ 37.013.42

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕР

Рахымберді А. – ТП-24-18к5тобының студенті

Меирбекова С.К. – магистр, оқытушы

Педагогикалық-психологиялық зерттеулерде эксперимент констатациялық және қалыптастырушылық болып бөлінеді. Бірінші жағдайда, әлеуметтік педагог-зерттеуші эксперименттік жолмен зерттелініп отырған педагогикалық жүйенің тек жағдайын ғана анықтайды, құбылыстар арасындағы байланыстармен тәуелділіктер фактілерін констатациялайды. Әлеуметтік педагог-зерттеуші тұлғаның белсенді әрекетін ұйымдастыру арқылы нақтылы бір адами қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған арнайы шаралар жүйесін қолданғанда қалыптастыру эксперименті туралы айтуға болады.

Әлеуметтік педагогикадағы зерттеу әдістері жүйесінде сұрау әдістерінің орны ерекше. Оларға *сұхбат, интервью, анкета әдістер і*жатады. Әлеуметтік психологтар олардың қатарына *тест, бағалау шкалаларын*да жатқызады. Сұхбат және интервью – бұл зерттеушіні қызықтыратын мәселелер бойынша тұлғалардан ауызша сұрақ алумен, ал анкета – жазбаша сұрақ алумен ерекшеленеді. Интервьюмен анкета алған кезде сұрақтардың құрастырылуына аса үлкен мән беру маңызды. Өйткені анықтау қажет болып отырған мәселелерге жауаптарды бірқатар зерттеу мақсаттарынан туындайтын сөздік стимулдармен байланыстыру көзделеді. Педагогикалық құбылысты динамикалық және құбылмалы сипатта зерттеудің әдісі сұхбат болып табылады. Мұндай әдіспен алынған мәліметтер көп жағдайда объективті сипаталады. Сұхбатжеке-даралық және ұжымдық болып бөлінеді. Сұхбатты жүргізудің тиімділігі зерттеушінің әңгіменің бағдарымен түпкі мақсатына жетуге деген терең қызығушылығымен сұхбат берушіні ашық әңгімеге тарта білу қабілетіне де байланыстыболады.Интервью - сұхбаттың бір түрі. Сұхбатөзараакпараталмасусипатындаболса, алинтервьюде бір адам тарапынан сұрақ беріліп, екінші тараптан тек жауап беруі тиіс. Интервью топтық және жеке-даралық болып бөлінеді [3].

Әлеуметтік педагогикада *озат педагогикалық тәжірибелерді зерделеумен қорыту* әдісі үлкен қолданысқа ие. Әлеуметтік-педагогикалық ғылымдағы мәліметтерді өңдеу үшін зерттеудің *математикалық*

әдістері қолданылады. Оларға ранжирлеу (жинақталған мәліметтердінақтылызаңдылықпенорналастыру, өсу немесе кему ретімен орналастыру, әрбір зерттелген нәтиженің орнын анықтау), шкалалау (педагогикалық құбылыстың жекелеген қырына баға беруде сандық көрсеткіштерді ендіруге мүмкіндікберетінәдіс) жәнет.б. әдістер жатады. Әлеуметтік педагогиканың екінші тобын тәрбие әдістері құрайды. «Әдіс» деген сөз гректің «методос» деген сөзінен шыққан. «Метод» деген ұғым «белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары» деген мағынаны білдіреді. Тәрбие әдісі бұл мектеп тәжірибесінде тәрбиеге қойылатын мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылатын жол. Тәсілдер - тәрбиелеу саласына, еркіне, сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету шаралары. Тәрбие тәсілі - жалпы әдістің бөлігі, жеке-дара әрекет (әсер ету), нақты іс. Тәсілдер - бұл тәрбиешінің қойылған мақсатқа жетуі үшін тәрбиеленушімен бірге салатын соқпақ жолы деуге де болады. Егер оны басқа тәрбиешілер де пайдалана бастаса, біртіндеп ол үлкен соқпақ жолға - әдіске айналады. Тәрбие әдістері мен тәсілдері бір-бірімен тығыз байланысты.Педагогикалық процесте баланың еңбексүйгіштік сезімі қалыптасады. Мұның бәрі педагогтардан оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырып жүргізудің әдістері мен тәсілдерін жақсы меңгеруін және оны тәжірибеде түрлендіріп қолдана білуін талап етеді.Жаттығу мен үйретудің бір түрі - тәрбиелік жағдайлар әдісі. Тәрбие жүйесі педагогикалық жағдайлардан тұрады, ал олар нәтижелі болу үшін мұғалім арнайы жағдайлар құрастырады. Бұл ретте жағдай шындыққа сай болуы қажет. Жағдайдың кез келген түрінде оқушы шешім қабылдай алуы керек. Мұндай жағдайлар жорықтар, саяхаттар мен ойындар кезінде құрастырылады.

Мадақтау әдісі дегеніміз - тәрбиешінің баланың жағымды іс-әрекетін, мінез-құлқын көріп бағалай білуі және оны көпшілік, ұжым алдында қолдайтынын жария етуі. Ал бұған қарама-қарсы жазалауды, баланың іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы теріс әрекеттерін түзету жолындағы тәрбиешінің өз әрекеті деп түсіндірген абзал. Бұл әдіс баланы өз іс-әрекетіне өзі талдау жасап, өзіне-өзі баға беруіне бағыттайды. Демек өзін теріс іс-әрекеттен тежейбілуге үйретеді. Олай болса, мадақтау немесе жазалау әдісі оқушылардың адамгершілік сана-сезімінің оянуына, дамуына ықпал етеді. Оқушының өзіне-өзі талап қоя білуіне үйретеді.Тәрбие әдістерінің бұрынан келе жатқан түрі - *жазалау әдісі*кеңінен танымал, әрі өте күрделі әдіс. Қазіргі педагогика мен тәжірибеде оқушыларды жазалаудың мақсаттылығы туралы әртүрлі: жазалаусыз тәрбиеден бастап олардың күрделі түрлерін қолдануға дейін қарама-қайшы пікірлер бар. Қазіргі мектептерде мұғалім мен оқушылар арасындағы қатынастың демократияландуы мен адамгершілікке негізделуі кезінде жазалауды қолдану мәселесі шиеленісуде. Жазалау дегеніміз - педагогикалық ықпал ету әдісі, ол жағымсыз әрекеттердіңалдын алып, оларды тежеуі қажет, өзінің, жолдастары мен басқа адамдар алдындағы кінәсін түсінуге шақыруы тиіс. Қазақтың біртуар ақыны Абай Құнанбаевтың «Тәртіптің нашарлығы - ғылым, білімнің жоқтығынан» деп айтуы ұрпақ тәрбиесін түзеу үшін ең алдымен ұнамды әрекетке апаратын ақпараттардың болуын қажет ететіндігін түсіндіреді. [4]. Бала бойында қандай да бір ұнамды әрекетті қалыптастыру үшін сол әрекетінің дұрыс екендігіне сенімін санасында тудыруымыз керек. Көзқарасында ұнамды әрекеттерге деген сенімді ақпараттардың толып жатқан жүйесін қалыптастыруымыз тиіс. Жеке тұлғаның тәрбиелілігі оның түсініктері мен сенімдерінен басқа нақты істері мен әрекеттері арқылы көрінеді. Сондықтан іс-әрекетті ұйымдастыру мен қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру тәрбиелік процестің өзегі болып есептеледі. Бұл топтың басты әдістерінің бірі – жаттығу. Жаттығудың мәні белгілі бір әрекетті автоматты түрге айналғанға дейін қайта-қайта орындау, соның нәтижесінде оқушының жеке тұлғалық қасиетінің өзегі болатын дағдылар мен әдеттер қалыптастыруда болып отыр.

Әлеуметтік педагогиканың тәрбие әдістерінің үшінші тобына **әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету әдістері** жатады. Оған психологиялық кеңес беру, аутотренинг, қызметтік ойындар және т.б. жатады.

Психологиялық кеңес беру психологиялық-педагогикалық қызметпен әлеуметтік жұмыс қызметіндегі ең кеңінен тараған әдістердің бірі болып табылады. Ол тұлға арасындағы, бала мен ата-ана арасындағы, ерлі-зайыптылар арасындағы және басқада психологиялық сипаттағы проблемаларды шешуге психологиялық көмеккөрсетеді. Психологиялық кеңес беруді негізгі ықпал ету құралы сұхбат жүргізу болып табылатын, тұлға аралық қарым-қатынастағы қиындықпен байланысты туындаған, әртүрлі психологиялық проблемаларды шешуге бағытталған адамдармен тікелей жұмыс жүргізетін қызмет ретінде тануға болады.

Аутотренинг – клиенттерді бұлшық еттерін релаксация жасауға, өзін-өзі сендіруге ерік жігерін бағыттайалуға, зейінін бір орталыққа шоғырландыруды дамытуға және ерікті ақыл-ой белсенділігін басқара білуге бейімдейтін психотерапиялық әдіс. Бұл - өзін-өзі бақылау мен сендіруге негізделген арнайы жаттығулар кешені. Аутотренингті адам өзінің жеке психикалық күйімен мінез-құлқын басқару үшін пайдаланады.

*Әлеуметтік-психологиялықтренинг*топтағыадамдарменөзарақарым-қатынасқатүсудеөзін-өзітанып білу білігімен дағдыларын қалыптастырудың топтық әдістерінің жиынтығын құрайды. Бұл индивидтің коммуникативтік қабілеттерімен дағдыларын, өзін және оның қоршаған ортасына декватты қабылдау қабілетін дамыту бағытындағы жеке тұлғаны дамытумен топтық қарым-қатынастарын жетілдіру мақсатын көздеген топ ішілік өзара ықпал етудің арнайы әдістемесінің көмегімен ұйымдастырылады. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің базалық құралы топтық дискуссия және әртүрлі рөлдік ойындар болып табылады [3].

Әлеуметтік-психологиялық тренингтер тұлғаның жалпы қарым-қатынасқа дайындығын жетілдірумен қалыптастыру мақсатында қолданылады (мысалы, жеке өмірінде және ұжыммен қарым-қатынасында

қиындық сезетін адамдар үшін), сонымен қатар адамдар ұжымымен интенсивті түрде байланысқа түсетін тұлғалар үшін қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру бағдарламалары ұсынылады.

Қызметтік ойындар- нақтылы бір қызмет түрінің әлеуметтік мазмұнын, қайта жасаудың, тәжірибе типіне тән сипаттағы қарым-қатынас жүйесін моделдеудің формасы. Әлеуметтік педагог тәжірибесінде нақтылы педагогикалық жағдайды моделдеу мақсатындағы қызметтік ойындарды пайдалану кеңінен тараған. Қорыта айтқанда әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бүгінгі таңда қоғамдағы басты мәселердің бірі болып отыр.

Әдебиеттер

1. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика: Оқу құралы. Алматы, 2004.
2. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаева Р. М. Педагогика: Оқу құралы. Алматы, 2002.
3. Мустаева Ф. А. Социальная педагогика. –М.: «Академический Проект», Екатеринбург: «Деловая книга», 2003. -528 с.
4. Қалиев С.Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.−Алматы: Білім,2003. -280 б.

УДК 616.54.65.654.

Ч.Ч.ВАЛИХАНОВ КАК ИССЛЕДОВАТЕЛЬ ЭТНОГРАФИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Розыева Г. - студентка группы Фи- 24- 3р6.
Косанбаев С.К. - к.и.н., доцент

На нынешнем этапе общественно-экономического развития суверенного Казахстана остро встал вопрос объективного и правдивого исследования тернистого пути и многогранной деятельности выдающегося казахского просветителя – демократа середины XIX столетия Ч.Ч.Валиханова, внесшего весомый вклад в развитие и становление ряда гуманитарных отраслей наук. Безусловно, мы должны отдать дань уважения духовной гениальности, широкой эрудиции и таланту Ч.Ч.Валиханова. Он имел мужество оставаться самим собой при любых сложных ситуациях, а не становится политической игрушкой в руках царской колониальной администрации.

В условиях суверенитета молодое подрастающее поколение казахстанцев получили от ярких представителей казахской национально-интеллектуальной элиты Туркестанского края огромный запас научной и духовной энергии. Ч.Ч.Валиханов ученый планетарного масштаба, он внес значительный вклад в исследовании многогранных аспектов истории и этнографии народов Центральной Азии.

Яркая неугасаемая звезда Ч.Ч.Валиханова будет освещать дорогу его потомкам, а также новому поколению казахстанской молодежи современного независимого Казахстана на рубеже XXI столетия. В этом году мы будем под эгидой ЮНЕСКО отмечать 190- летие со дня рождения этого гениального мыслителя – энциклопедиста, глубокого знатока культуры и быта своего народа Ч.Ч.Валиханова. Проведение столь важного культурного мероприятия, станет знаковым и кульминационным событием в жизни многонационального народа Казахстана.

Бесспорно, оставленное им богатейшее историко-культурное наследие по материальной и духовной культуре казахского этноса, послужит ярким и неподражаемым примером для молодого подрастающего поколения казахстанской молодежи.

Многогранная научно-исследовательская деятельность выдающегося казахского мыслителя – демократа, историка, этнографа, географа, фольклориста, отважного путешественника, профессионального художника тесно связана с деятельностью крупнейшего научно – исследовательского учреждения Русского Географического общества по отделению истории и этнографии народов Средней Азии и Казахстана.

Известный дореволюционный российский исследователь середины XIX столетия Н.И.Веселовский дал на наш взгляд, совершенно верную характеристику многогранной научной деятельности Ч.Ч.Валиханова. Он пишет: « Как блестящий метеор промелькнул над нивой востоковедения потомок казахских ханов и в то же время офицер русской армии Ч.Ч.Валиханов. Русские ориенталисты единогласно признали в его лице феноменальное явление и ожидали от него великих и важных откровений о судьбе тюркских народов, то, что успел сделать Ч.Ч.Валиханов за свою короткую жизнь, вызывает преклонение перед необыкновенными способностями, жаждой знаний, широтой охвата и глубиной анализа научных проблем. Он обогатил науку ценными исследованиями по истории, этнографии, культуре, экономике и физической географии народов Центральной Азии» [1,с.79].

Мы целиком и полностью солидарны с точкой зрения Н.И.Веселовского, и считаем, что Ч.Ч.Валиханов, обладавший значительным научно-интеллектуальным потенциалом, смог в полном ракурсе расширить национальные горизонты своего родного народа, раскрыть удивительный талант, этническое и культурное своеобразие и национальный колорит казахов. За свою короткую жизнь гениальный ученый подготовил и выпустил в свет ряд фундаментальных работ, посвященных истории, этнографии, фольклористики, лингвистики, географии народов Центральной Азии.

Поражает широта охвата научных интересов и направлений Ч.Ч.Валиханова, в его многочисленных трудах, нашли свое достойное отражение многие важные и ключевые проблемы истории, этнографии, культуры, географии казахского народа.

